

Сәулет, қала құрылысы және құрылыс  
саласындағы мемлекеттік нормативтер  
**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЕРЕЖЕЛЕР ЖИНАҒЫ**

---

Государственные нормативы в области  
архитектуры, градостроительства и строительства  
**СВОД ПРАВИЛ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

**ҚҰРЫЛЫСТЫҚ ТЕРМИНОЛОГИЯ.  
ҚҰРЫЛЫС ТЕХНОЛОГИЯСЫ ЖӘНЕ  
ҰЙЫМДАСТЫРУ**

---

**СТРОИТЕЛЬНАЯ ТЕРМИНОЛОГИЯ.  
ТЕХНОЛОГИЯ И ОРГАНИЗАЦИЯ  
СТРОИТЕЛЬСТВА**

**ҚР ЕЖ 1.01-102-2014  
СП РК 1.01-102-2014**

Ресми басылым  
Издание официальное

Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігінің  
Құрылыс, тұрғын үй–коммуналдық шаруашылық істері және жер  
ресурстарын басқару комитеті

Комитет по делам строительства, жилищно–коммунального  
хозяйства и управления земельными ресурсами Министерства  
национальной экономики Республики Казахстан

Астана 2015

## **АЛҒЫ СӨЗ**

- 1 ӘЗІРЛЕГЕН:** «ҚазҚСҒЗИ» АҚ, «ГеоДата Плюс» ЖШС
- 2 ҰСЫНҒАН:** Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері және жер ресурстарын басқару комитетінің Техникалық реттеу және нормалау басқармасы
- 3 БЕКІТІЛІП,  
ҚОЛДАНЫСҚА  
ЕНГІЗІЛДІ:** Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері және жер ресурстарын басқару комитетінің 2014 жылғы 29-желтоқсандағы № 156-НҚ бұйрығымен 2015 жылғы 1-шілдеден бастап

## **ПРЕДИСЛОВИЕ**

- 1 РАЗРАБОТАН:** АО «КазНИИСА», ТОО «ГеоДата Плюс»
- 2 ПРЕДСТАВЛЕН:** Управлением технического регулирования и нормирования Комитета по делам строительства, жилищно-коммунального хозяйства и управления земельными ресурсами Министерства национальной экономики Республики Казахстан
- 3 УТВЕРЖДЕН (Ы)  
И ВВЕДЕН В ДЕЙСТВИЕ:** Приказом Комитета по делам строительства, жилищно-коммунального хозяйства и управления земельными ресурсами Министерства национальной экономики Республики Казахстан от «29» декабря 2014 года № 156-НҚ с 1 июля 2015 года

Осы мемлекеттік нормативті Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі Уәкілетті мемлекеттік органының рұқсатысыз ресми басылым ретінде толық немесе ішінара қайта басуға, көбейтуге және таратуға болмайды.

Настоящий государственный норматив не может быть полностью или частично воспроизведен, тиражирован и распространен в качестве официального издания без разрешения Уполномоченного государственного органа по делам архитектуры, градостроительства и строительства Республики Казахстан.

**МАЗМҰНЫ**

КІРІСПЕ	IV
1 ҚОЛДАНУ САЛАСЫ	1
2 НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР	1
3 ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР	2
БИБЛИОГРАФИЯ	107

## **КІРІСПЕ**

Осы ережелер жинағы Қазақстан Республикасының «Техникалық реттеу туралы», «Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» заңдарын және Қазақстан Республикасының құрылыс саласының нормативтік базасын реформалау аясындағы басқа заңдарын орындау үшін әзірленген.

Осы ережелер жинағының негізгі ерекшелігі – библиографияда берілген, экономикалық дамыған елдердің нормативтік техникалық құжаттарындағы кейбір терминдер мен анықтамаларды қолданудың есебімен сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы құрылыс өнімдерінің белгілері үшін қолданылатын түсініктерді біріктіру және жіктеу арқылы келісуді, техникалық бірлікті қамтамасыз ету.

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЕРЕЖЕЛЕР ЖИНАҒЫ  
СВОД ПРАВИЛ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

---

**ҚҰРЫЛЫСТЫҚ ТЕРМИНОЛОГИЯ.  
ҚҰРЫЛЫС ТЕХНОЛОГИЯСЫ ЖӘНЕ ҰЙЫМДАСТЫРУ**

**СТРОИТЕЛЬНАЯ ТЕРМИНОЛОГИЯ.  
ТЕХНОЛОГИЯ И ОРГАНИЗАЦИЯ СТРОИТЕЛЬСТВА**

---

Енгізілген күні 2015-07-01

**1 ҚОЛДАНУ САЛАСЫ**

Осы ережелерде құрылыс технологиясы және оны ұйымдастыру бойынша терминдер мен анықтамалар берілген. Ережелер мемлекеттік басқару органдарының, сондай-ақ Қазақстан Республикасы аумағында сәулет, қала құрылысы, құрылыс қызметін жүзеге асыратын және құрылыс объектілерін пайдаланатын заңды және жеке тұлғалардың қолдануына арналған.

**2 НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР**

Осы ережелер жинағын қолдану үшін келесі сілтемелік нормативтік құжаттар керек:  
ҚР ҚНжЕ 1.01-01-2001 Сәулет, қала құрылыс және құрылыс саласындағы мемлекеттік нормативтер. Негізгі ережелер;

ҚР СТ 1.2-2008 Қазақстан Республикасының мемлекеттік стандарттау жүйесі. Мемлекеттік стандарттарды әзірлеу тәртібі;

ҚР СТ 1.5-2013 Стандарттарды құрастыруға, жазуға, рәсімдеуге және олардың мазмұнына қойылатын жалпы талаптар;

ҚР СТ 1.27-2002 Қазақстан Республикасының мемлекеттік стандарттау жүйесі. Терминологиядағы стандарттау. Негізгі қағидалары мен әдістері.

ЕСКЕРТПЕ Осы ережелер жинағын пайдалану кезінде сілтемелік стандарттар мен нормативтік құжаттардың қолданысын ағымдағы жылдың жағдайы бойынша жыл сайын басылып шығарылатын «Қазақстан Республикасының стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттар тізбесі», «Стандарттау жөніндегі мемлекетаралық нормативтік құжаттар тізбесі», «Қазақстан Республикасының аумағында қолданылатын сәулет, қалақұрылысы және құрылыс саласындағы нормативтік құқықтық және нормативтік-техникалық актілердің тізбесі» ақпараттық көрсеткіштері бойынша тексерген дұрыс. Егер сілтемелік құжат ауыстырылса (өзгертілсе), онда осы ережелер жинығын асып шығару кезінде ауыстырылған (өзгертілген) құжатты басшылыққа алу керек. Егер сілтемелік құжат ауыстырусыз жойылса, оған сілтеме берілген ереже осы сілтемені қозғамайтын бөлікте қолданылады.

### 3 ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР

**3.1 Абсолюттік қатты іргетастар:** Негіздің орын ауыстыруымен салыстырғанда құралымның деформациялануы салдарынан мардымсыз өзгертін іргетастар. Абсолютті қатты іргетастарға ұстын астындағы жеке тұрған іргетастар, өзара жақын орналасқан ұстындармен бастырылған көлденең қимасы үлкен және ұзындығы шағын таспалы іргетастар, жабдық астындағы шомбал іргетастар және т.б. жатады.

**3.2 Абсолюттік ұзару:** Элементке (құралымға) түірілген сыртқы күштердің әсерінен немесе өзге де әсерлердің (температураның, шөгу құбылыстары т.с.с.) ықпалынан оның ұзындығының артуы немесе кемуі.

**3.3 Ғимараттың апатты жағдайы:** Ғимарат жағдайы, бұл кезде адамдардың қауіпсіз өмір сүруін қамтамасыз ету мүмкін болмағандықтан, оны одан әрі пайдалану дереу тоқтатылуға тиіс.

**3.4 Ғимараттың немесе имараттың апаты:** Ғимараттың (имараттың) тұтастай немесе оның бөлігінің, жеке құралымдық элементінің бүлінуі, құлауы, болмаса құралымдарды салу және пайдалану кезінде шекті рұқсат етілгеннен асатын және адамдардың қауіпсіздігіне қатер тәндіретін деформацияға ұшырауы, сондай-ақ қарқындылығы есептік мәндерден аспайтын табиғи-климаттық әсерлер нәтижесінде (жер сілкінісі, жел күші, кешкін және т.с.с.) бүлінуі, құлауы.

**3.5 Авторлық куәлік:** Өнер табысына авторлықты куәландыратын мемлекеттік құжат.

**3.6 Автоқыстықтар:** Қардан, мұздан және тоң топырақтан тұратын тығыз жол жабынды маусымдық жолдар.

**3.7 Құрылыс процестерін автоматтандыру:** Қол еңбегін өте аз тартып, құрылыс процестерін орындау.

**3.8 Автоматтық желі:** Бұйымды өндіру жөніндегі операциялардың барлық циклін белгілі бір технологиялық реттілікпен автоматты түрде орындайтын, бүкіл желі үшін ортақ басқару тетіктерімен және өндеу объектісін бір машинадан екіншісіне тасымалдайтын автоматты көлік құрылғыларымен біріктірілген машина-құрылғылар кешені.

**3.9 Автоматтық пісіру:** Металл электродпен электрлік доғалы пісіру, бұл кезде пісіру доғасының дұрыс жануы автоматты түрде қамтамасыз етіледі.

**3.10 Арнайы жүк автомобильдері:** Топырақ, сусымалы жүктер (өзі аударғыш автомобильдер, керамзит тасығыш), құрылыс құралымдары (панель тасығыш, ферма тасығыш, тақта тасығыш), ұзын өлшемді жүктер (құбыр тасығыш, сым тасығыш, металл тасығыштар), контейнердегі құрылыс жүктері (контейнер тасығыш); технологиялық жабдықтар және құрылыс машиналары (ауыр жүк тасығыш) сияқты жүктердің бір немесе бірнеше біртекті түрлерін тасымалдауға арналған арнайы шанақпен жабдықталған жүк автомобильдері немесе автопоездар.

**3.11 Авторлық куәлік:** Өнер табысына авторлықты куәландыратын мемлекеттік құжат.

**3.12 Авторлық қадағалау:** Автордың:

## ҚР ЕЖ 1.01-102-2014

- сәулет және қала құрылысы туындысының авторы (авторлары) жүзеге асыратын құрылыс жобасының (құрылыс құжаттамасының) әзірленуіне;

- сәулет немесе қала құрылысы туындысының авторын (авторларын) қоса алғанда, әзірлеушілер жүзеге асыратын құрылыс жобасының іске асырылуына бақылау жүргізуді жүзеге асыру жөніндегі құқықтылығы.

Авторлық бақылау Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

**3.13 Агроөнеркәсіптік құрылыс:** Агроөнеркәсіптік кешеннің (АӨК) маңызды қор түзуші салаларының бірі. Оның міндеті – ауылдық жерлерде реконструкциялаумен, қолданыстағы кәсіпорындарды техникалық қайта жарактаумен және кеңейтумен қоса АӨК-тің барлық салаларына арналған жаңа ғимараттар мен имараттарды тұрғызу, сондай-ақ ауыл жолдарын, әлеуметтік мәдениет және тұрмыс объектілері мен басқа объектілерді салу.

**3.14 Сынаудың адеструктивті әдістері:** Құрылыс материалдары мен құралымдарын бұзбастан немесе сынама алмастан олардың қасиеттерін анықтау (мысалы, ультрадыбыстық толқындардың таралу жылдамдығы бойынша бетонның беріктік шегін белгілеу, бетондағы арматураның орналасуын зерттеу объектісі бетінде өлшенетін магниттік өрістің сипаты бойынша анықтау және басқа).

**3.15 Әкімшілік әдістер:** Басқару объектісін белгілі бір шешім немесе әрекет қабылдауға ниеттендіру үшін оған тікелей әсер ету.

**3.16 Рұқсат беру-акті:** Жұмыс істеп тұрған кәсіпорынның аумағында жұмыстарды жүргізуге құқық беретін еңбекті қорғау жөніндегі нормативтік құжат. Оны жұмыс басталардың алдында қосалқы мердігерлік ұйымдардың қатысуымен тапсырыс беруші және бас мердігер белгіленген нысанда үш данада ресімдейді. Рұқсат беру-актісін ресімдеу қажеттілігі жұмыс істеп тұрған кәсіпорын аумағында жұмыстарды жүргізу кезінде қосымша, қауіпті және зиянды факторлардың болуына байланысты туындайды (еңбек жағдайының қолайсыздығы, жұмыстардың қолданыстағы коммуникациялардың жанында жүргізілуі, өндірістің жарылу және өрт қауіптілігі, шудың, дірілдің, сәулеленудің жоғары деңгейі байқалатын орындардың болуы және басқалар). Рұқсат беру-актісінде орындалу мерзімдері және орындаушылары көрсетіле отырып, еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ететін іс-шаралардың толық тізімі келтіріледі. Рұқсат беру-актісіне учаскенің бастығы және бас мердігердің өкілі қол қояды.

**3.17 Дайындық жұмыстарының аяқталғаны туралы акт:** Тексеру нәтижесінде алаңнан тыс және алаң ішіндегі дайындық жұмыстарының объектінің құрылысын жобаланған қарқынмен жүргізуді қамтамасыз ететін көлемде аяқталғанын растайтын құжат.

**3.18 Жасырын жұмыстарды қабылдау актісі:** Ресми құжат кейінгі жұмыстармен жасырылатын аяқталған жұмыстар мен құралымдық элементтер расталғаннан және қабылданғаннан кейін жасалатын, қолданыстағы құрылыс нормаларында және ережелерінде белгіленген құрылыстағы атқарушылық құжаттаманың бір түрі.

**3.19 Жаңарта толықтыру:** Жобаны нақты дамуы туралы жаңа деректер негізінде жобаның шешімдерін, жоспарын (тапсырмасын) және басқа құжаттарын өзгерту, жаңарту

немесе қайта қарау (мысалы, құрылыстың жай-күйіне байланысты ағымдағы ақпаратты есепке алу мақсатында құрылыс объектісінің кестесін жаңарту немесе қайта қарау).

**3.20 Материалдар мен конструкцияларды сынаудың акустикалық әдістері:** Адеструктив әдістердің бір түрі. Акустикалық әдістер сынау объектісінің физикалық-механикалық қасиеттеріне байланысты жанама акустикалық сипаттамаларын анықтауға негізделеді.

**3.21 Альфрей жұмыстары:** Үстіңгі беттерді ағаш, сәндік тас және жібекке ұқсатып өңдеу, аэрографиялық өңдеу, трафареттер салу, жиектемелер тарту және т.б.

**3.22 Құрылыста жобалық басымдықтарды талдау:** Объективті өзгеретін шектеулер жағдайында белгілі функционалдық және техникалық сипаттамалар жиынымен ғимаратты (имаратты) жобалаудың оңтайлы стратегиясын және нақты жобалық шешімдерін таңдау мақсатында ғимараттың (имараттың) және (немесе) оның элементтерінің имитациялық үлгісін көп көрсеткішті бағалау негізінде жобалық шешімдердің баламаларын жүйелік-техникалық талдау.

**3.23 Анкерлік бекітпе:** Созылатын элементтен (тартым) және анкерден тұратын құрылғы. Анкерді орналастыру үшін топырақта диаметрі 20 см-ден 30 см-ге дейін және тереңдігі 8 м-ден 20 м-ге дейін болатын еңістетіп ұңғыма қазады. Тартымды (трос) ұңғымаға салады, одан кейін оған ерітінді толтырады, ол қатқаннан кейін тартымның бір ұшын құралымға бекітіп, оны кереді.

**3.24 Арматураны анкерлеу:** Арматураны есептік қимадан артық белгілі бір ұзындыққа ұзарту немесе ұштарына арнайы анкерлер орнату жолымен оның өзіне әсер етуші күштерді қабылдауын қамтамасыз ету. Анкерлеу ұзындығы арматураның диаметрі мен профиліне; бетонның созылуға беріктігіне; бетонның қорғаныш қабатының қалыңдығына; анкерлеуші құрылғылардың түріне (сырықтың иілуі, көлденең сырықтарды дәнекерлеу); анкерлеу аймағындағы көлденең арматуралауға; арматурадағы күштің сипатына (қысатын немесе созатын); анкерлеу ұзындығы бойынша бетонның кернеулі жағдайына байланысты арматурада әсер ететін күштің анкерлеу ұзындығы бойымен әсер ететін арматураның бетонмен ұстасу күштерімен және анкерлеуші құрылғының кедергі күшімен қабылдануына байланысты анықталады.

**3.25 Анतिकоррозиялық қорғаныс:** Құрылыс конструкциялары мен технологиялық жабдықты коррозиядан қорғау жұмыстары.

**3.26 Құралымдарды антипиренмен өңдеу:** Металл емес материалдардың (ағаш және одан жасалған бұйымдар, синтетикалық материалдар) өртке төзімділік қабілетін жоғарылату мақсатында оларды химиялық заттардың ерітінділерімен немесе қоспалармен (антипиринмен) тереңдете немесе жұқалап өңдеу.

**3.27 Құралымды антисептикпен өңдеу:** Металл емес материалдардың (ағаш және одан жасалған бұйымдар, синтетикалық материалдар) биотұрақтылығын жақсарту және құралымдардың қызмет мерзімін арттыру үшін оларды химиялық заттармен өңдеу.

**3.28 Сейсмикалық әсерге тұрақты құрылыс:** Сейсмикалық әсерлерге қарсы тұратын ғимараттар мен имараттар құрылысы.



## ҚР ЕЖ 1.01-102-2014

3.29 **Антропогендік әсер ету:** Табиғатқа, қоршаған ортаға, елді мекенге адам қызметінің түрлі ықпал ету нәтижесінде туындаған оң және теріс әсер етулер. Теріс әсер тигізілген жағдайда табиғат қорғау шараларын қолдану қажеттігі туындайды.

3.30 **Арматура жұмыстары:** Арматураны дайындау, байлау және салу жұмыстары.

3.31 **Сәулет қызметі:** Объектінің сыртқы және ішкі келбетін жасаудың, құрылысқа арналған (қайта құрылымдау, қалпына келтіру) жобалау құжаттамасының сәулет белігінде кеңістікті, композициялық, көлемдік-жоспарлау және функционалдық ұйымдастырудың шығармашылық процесін, жобаны іске асыру кезінде авторлық қадағалау жүргізуді қамтитын сәулет объектілерін жасау жөніндегі қызмет.

3.32 **Сәулет-жоспарлау тапсырмасы:** Объектінің мақсатына, негізгі өлшемдеріне және оны нақты жер учаскесіне (алаңға, трассаға) орналастыруға қойылатын талаптар кешені, сондай-ақ осы елді мекен үшін қала құрылысының регламенттеріне сәйкес белгіленетін, жобалау мен құрылысқа қойылатын міндетті талаптар, шарттар мен шектеулер. Бұл ретте, түсі жөніндегі шешім мен үйлердің (ғимараттардың) қасбеттерін әрлеу материалдарын пайдалану, көлемдік-кеңістіктегі шешім бойынша талаптар белгілеуге жол берілмейді.

3.33 **Сәулет объектілері:** Әзірленуіне сәулетшінің қатысуы қажет болатын, сәулет немесе қала құрылысы жобаларының негізінде салынған үй, ғимарат, монумент, үйлер мен ғимараттар кешені, олардың экстерьерлері және (немесе) интерьерлері, абаттандыру, ландшафт немесе бақ-саябақ өнерінің элементтері.

3.34 **Сәулеттік түпкі ойы бар сәулет жобасы:** Жобалауға сәулетшінің қатысуы қажет болатын ғимарат (монумент) тұрғызудың жеке жобасын немесе объектінің сәулет-көркемдік, композициялық және көлемдік-жоспарлау шешімдерін қамтитын, әлеуметтік, экономикалық, функционалдық, технологиялық, инженерлік-техникалық, өртке қарсы, жарылысқа қарсы, санитарлық-гигиеналық, экологиялық және өзге де талаптарды ескеретін және құрылыс жобасын немесе құрылыс объектісіне арналған өзге де құжаттаманы әзірлеу үшін қажетті көлемде орындалған жобалау (жобалау-смета) құжаттамасының бір бөлігін қамтиды.

3.35 **Асфальттау:** Көшелер мен қаладан тыс жолдарды алдын ала салынған негіздігі бойымен асфальтбетонмен жабу процесі.

3.36 **Бұрылмайтын қауға:** Бетон қоспасын кранның көмегімен беруге арналған пісірме ыдыс. Бұрма қауғадан айырмашылығы үнемі вертикал күйде болады.

3.37 **Бұрма қауға:** Қатты корпустан, жаптырықтан және иінтіректен тұратын, бетон қоспасын беруге арналған пісірме ыдыс. Көтерген кезде қауға горизонтал күйінен вертикал күйге жайлап ауыстырылады. Төменгі бөлікте жаптырықты ашып түсіріледі.

3.38 **Материалдар базасы:** Құрылыс және пайдалану материалдарын жинап қоюға (қабылдауға, сақтауға және түсіруге) немесе дайындауға арналған өндірістік кәсіпорын немесе учаске.

3.39 **Негіздеу:** Өнімді таңдап алынған координаталар жүйесіне қатысты қажет қалыпта орналастыру.

3.40 **Базалық қойма:** Бірнеше салу-монтаждау ұымдары қызмет көрсететін, материалдар мен бұйымдарды қабылдап алып, сақтауға арналған материалдық-техникалық жабдықтаудың орталық базасы.

3.41 **Топырақ балансы:** Бір құрылыс алаңы немесе жер төсемі учаскесінің шектеріндегі шұңқырлар мен үйінділердегі жер массаларының арақатынасы. Топырақ балансы жоба негізінде есептік жолмен анықталып, аумақтарды вертикал жайғастырған кезде жұмыстарды жүргізген кезде қолданылады.

3.42 **Типтік жобалық шешімдер банкі:** Объектілерді жобалаудың бұдан бұрынғы тәжірибесін қорытындылау негізінде жасалған, жобалау ұйымының автоматтандырылған жобалау жүйесінің автоматтандырылған деректер және мағлұматтар банкіндегі жобалық шешімдер жиынтығынан тұратын ақпараттық база.

3.43 **Банкет:** 1. Қандай да бір имаратты қорғауға арналған дұрыс пішінді (трапеция немесе үшбұрыш) топырақтан немесе тастан үйілген үйінді; 2. Топырақ материалдарынан салынған бөгеттің жоғарғы және төменгі бөліктеріндегі тастан үйілген призма; 3. Жол ойығын үстіңгі сулар ағынынан қорғау үшін оның таулы жағынан салынатын жер үйіндісі.

3.44 **Жылжытпай орнату:** Монтаждық түйістерде геометриялық өлшемдердің арттырылған дәлдік класындағы жималы металл және темірбетон конструкцияларды монтаждау.

3.45 **Ақы төлеудің нарядсыз жүйесі:** Бригадалар мен звеноларға төлемақы еңбектің әрбір сағатына ақы төлеу тұрғысынан орындалған жұмыстар құнына байланысты және жұмыскердің біліктілігіне сәйкес есептеледі.

3.46 **Қаңқасыз ғимараттар:** Ұстындар, беларқалар, байламалары болмайтын және қабырға панельдерінен, арақабырғадан және аражабыннан тұратын ғимараттар.

3.47 **Крансыз монтаждау:** Ғимараттар мен имараттарды монтаждық крандарсыз стационар немесе ауыстырмалы монтаждық құралдарды – шеврлерді, «құлама жебелерді», домкраттарды және басқаларын пайдаланып монтаждау. Крансыз монтаждау үлгісі — аражабындарды көтеру әдісімен тұрғызылатын ғимараттардың тұтасқұйма тақталарын ұстындар бойымен домкраттардың көмегімен көтеру.

3.48 **Қалыпсыз бетондау:** Бетон қоспасын «керіп» салу кезінде, мысалы, бұрғылап толтырылатын қадаларды, таспалы іргетастарды және басқаларды салған кезде бетондау. Қалыпсыз бетондауға беттерді торкреттеу әдісімен бетондауды да жатқызуға болады.

3.49 **Қысқы жағдайларда бетондау:** Бетонның құрылым түзуіне теріс температуралардың әсері ескерілетін бетондау.

3.50 **Қыстық бетондау:** Қоршаған ортаның +5 °С-тен төмен температурасында бетон қоспасының қатуын қамтамасыз ететін тәсілдерді қолданып бетондау.

3.51 **Үздіксіз бетондау:** Бетондалатын объектіге бетон қоспасын салу үздіксіз жүргізілетін бетондау.

3.52 **Бөлек бетондау:** Қиын немесе қалың армирленген жерлерде қалыпқа ірі толтырғышты алдын ала салып, кейіннен оны цемент езіндісіне басу жолымен бетондау.

3.53 **Бетонды жұмыстар:** Бетон және темірбетон имараттар мен құралымдарды тұрғызу жөніндегі құрылыс процестерінің жиынтығы. Бетонды жұмыстарға - қалыптау жұмыстары, инерттік материалдарды дайындау және өңдеу, бетонды әзірлеу, тасымалдау,

## ҚР ЕЖ 1.01-102-2014

қалау, нығыздау, оны күтіп ұстау, ал темірбетон құралымдар үшін бұдан басқа арматуралық жұмыстар жатады.

**3.54 Бетонсорғы:** Жаңа дайындалған бетон қоспасын оны салатын жерге құбырлар бойымен тасымалдауға арналған плунжер (поршень) сорғылы машина.

**3.55 Бетонсорғылар:** Бетон қоспасын бетондалатын құралымның қалпына беруге арналған көлбеу поршеньдік сорғылар. Майлы гидравликалық жетегі бар бетонсорғылар барынша үнемді және тиімді болады.

**3.56 Автомобильмен тасымалданатын бетонсорғылар:** Автомобиль шассиіне орнатылған бетонсорғылар.

**3.57 Бетонтаратқыш:** Бетон қоспасын араластыратын және мөлшерлеп беретін өздігінен жүретін бункер.

**3.58 Бетон араластырғыш:** Материалдарды араластыру жолымен бетон қоспасын дайындауға арналған машина. Бетон араластырғыштар жылжымалы және стационарлық болады. Материалдарды араластыру тәсіліне байланысты гравитациялық әсерлі (материалдар еркін құлайтын) және мәжбүрлеп араластыратын бетон араластырғыштар болып бөлінеді. Жұмыс істеу сипаты бойынша бетон араластырғыштар циклді (кезеңмен) және үзіліссіз әсер ететін машиналар болып бөлінеді.

**3.59 Бетонтөсегіш:** Бетон қоспасын жаюға, мөлшерлеуге, нығыздауға, салынатын жолдың, аэродромдардың және тағы басқалардың негіздігіне төселетін жабынды әрлеуге арналған өздігінен жүретін жол құрылысы машинасы.

**3.60 Топырақты битумдау:** Сызатты жартаста, қиыршықтасты-малтатасты және құмды топырақтарда оларға қысыммен битум материалдарды толтыру жолымен сүзілуге қарсы қалқандарды жасау.

**3.61 Топырақты ыстықтай битумдау:** Ұңғымаға плюс 150°C-ден плюс 180°C-ге дейінгі температураға дейін қыздырылған битум мастикасын немесе асфальт езіндісін толтыру процесі, олар сызаттар мен тесіктерге түсіп, суды ығыстырып шығарып, суиды да илемділігі аз қатты материалға айналады.

**3.62 Топырақты суықтай битумдау:** Ұңғымаларға жұқа дисперсті битумдық эмульсияны толтыру процесі. Бұл тәсіл құмды топырақтарды нығыздау үшін қолданылады. Эмульсияны ұңғымаға үрлеп толтырардан бұрын оның сағасына ұзындығы шамамен 2 м болатын тампондық құбыр орнатады, ұңғыманың қабырғасы мен тампондық құбыр арасындағы сақина тәріздес кеңістікті қалыңдығы 0,1 м-ден 0,2 м-ге дейін көбікті тампонмен толтырады және цемент ерітіндімен құйып тастайды. Үрлеп толтыру плунжерлік сорғымен жүзеге асырылады.

**3.63 Бетондау блоғы:** Орнатылған қалыбы мен монтаждalған арматурасы бар бетон қоспасын салуға дайындалған бетондалатын конструкцияның бір бөлігі.

**3.64 Көлемдік блок:** Салынып жатқан ғимарат көлемінің алдын ала зауытта дайындалған бөлігі (санитарлық-техникалық кабина, бөлме және т.с.с.)

**3.65 Құрылыс-технологиялық блок:** Кәсіпорында немесе құрылыс алаңында біртұтас өзгермейтін көлемдік-кеңістікті жүйеге алдын ала біріктірілген, орнатылатын құрылыс құралымдары мен жабдығының өзара байланысқан элементтерінен тұратын блок.

3.66 **Тоң топырақты қазудың блоктық әдісі:** Топырақтың тоң қабатын оны тракторға орнатылған арнаулы бар жабдығымен блоктарға кесіп қазу әдісі.

3.67 **Блоктық монтаждау:** Алдын ала жазық немесе кеңістіктік блоктарға ірілендірілген конструкцияларды монтаждау. Жазық блок үлгісі ретінде сырғауылдармен және байланыстырғыштармен жалғанған фахверк ұстындары, кеңістіктік блок ретінде сырғауылдары мен байланыстырғыштары бар екі фермадан тұратын блокты алуға олады. Кеңістіктік блокқа қойылатын міндетті талап – оның геометриялық тұрғыдан өзгермеуі.

3.68 **Бүйірлік забой:** Шынжырлы таспаға көлденең «теріс күрек» экскаватормен шұңқыр қазу.

3.69 **Бригада:** Берілген өндірістік тапсырмаға сәйкес салу-монтаждау жұмыстарын бірлесе орындайтын жұмысшылар тобы.

3.70 **Бұрғылау:** 1. Цилиндр пішінді тау қазбасын топырақтарды жылжыта бұзу жолымен салу процесі; 2. Топырақ ортасында ұңғыманың топырақ ойығынан айналдыру тәсілімен пайда болуы.

3.71 **Бұрғылау-жару жұмыстары:** Жартасты жыныстарды, қарапайым жыныстарды, тоң топырақтарды, мұзды, бұзылуы тиіс құрылыс конструкцияларын және тағы басақаларды жарылыс қуатының есебінен бұзу, уату, қопсыту және орнын ауыстыру жұмыстары.

3.72 **Бетонды вакуумдеу:** Қоспаны салып, оны қалыпта нығыздағаннан кейін бетон қоспасынан артық суды жасанды шығару (сорып алу). Өртүрлі конструкциялы вакуум камералардың көмегімен жүзеге асырылады, олардың зарядсыздандуды вакуум сорғы жасайды.

3.73 **Вахталық әдіс:** Жұмыстарды алыс немесе қайта игерілетін аудандарда не өндірістік жағдайлармен, не табиғи жағдайлармен аумақтық тұрғыда бірге қолданылмайтын еңбек ресурстарын пайдаланып орындаған кезде еңбекті және өндірісті ұйымдастыру әдісі.

3.74 **Вахталық кент:** Өндірісті ұйымдастыруды вахталық әдісі кезеңінде еңбеккерлерді орналастыруға және оларға әлеуметтік-тұрмыстық қызмет көрсетуге арналған уақытша кент, өндірістік қызмет объектілеріне жақын жасалады.

3.75 **Объектіні іске қосу:** Орындаушыдан белгіленген тәртіпте қабылданып алынған құрылысы аяқталған объектіні тапсырыс берушінің (объектіні пайдаланушының) заң жүзінде ресімдеуі, жергілікті билік органдарында тіркеу жолымен жүзеге асырылады.

3.76 **Қала аумағын тігінен жайғастыру:** Жердің табиғи жер бедерін кесу, еселеп салу, еңістерді тегістеу арқылы өзгерту және оны құрылыс мақсатына бейімдеу. Қала құрылысы және сәулет-құрылыс құжаттамасы: Аумақтарды ұйымдастыру, аумақтар мен елді мекендерді дамыту мен салудың қала құрылысын жоспарлау, объектілерді салу (кеңейту, жаңғырту, техникамен қайта жарақтандыру, қайта құрылымдау, қалпына келтіру, күрделі жөндеу, консервациялау және кейіннен кәдеге жарату), сондай-ақ құрылысты ұйымдастыру, аумақты инженерлік жағынан дайындау, абаттандыру, көгалдандыру, сыртқы безендіру үшін қажетті (жобалау алдындағы және жобалау құжаттамасын, мемлекеттік және мемлекетаралық нормативтік құжаттарды қоса алғанда) өзара байланысты құжаттардың жүйесі.

**3.77Вертикаль дренаж:** Төменгі бөлігінде сүзгісі бар түтікті құдық, одан тереңдік сорғыларымен топырақ сулары тартып шығарылады. Түтікті құдықтар қатарға немесе контурға біріктіріледі және оларға сорғы станциясынан орталықтандырылған қызмет көрсетіледі.

**3.78Вертикал көлік:** Өндіріс процесіне қамтылған және материалдар мен конструкцияларды түрлі биіктіктерге (ярусқа, қабатқа) көтеруді қамтамасыз ететін құрылыстағы көлік. Мысалы, мұнара крандар, көпірлік, жебелік, өздігінен жүргіш крандар, шығырлар, конвейерлер, көтергіштер және т.б.

**3.79Жоғары өрмелеу жұмыстары:** Жер бетінен, аражабын немесе жұмыс төсемінің бетінен 5 м-ден астам биіктікте орындалатын жұмыстар, олардың үстінде құралымдарды немесе жабдықтарды жинақтау немесе жөндеу кезінде олармен тікелей жұмыс жүргізіледі; бұл ретте жұмыс істеушілерді құлап қалудан сақтандыратын негізгі құрал сақтандыру белдігі болып табылады.

**3.80Құрылысқа қатысушылардың өзара әрекеті:** Құрылысты өрістету, жобаланған қарқында ғимараттар мен имараттарды тұрғызу және өндірістік қуаттар мен объектілерді берілген мерзімдерде жоғарғы техникалық-экономикалық көрсеткіштермен және салу-монтаждау жұмыстарының талап етілетін сапасымен қолданысқа енгізу көзделетін объекті салудың инвестициялық процесінің барлық қатысушыларының (тапсырыс берушінің, құрылыс салушының, жобалау, бас мердігер және қосалқы мердігер құрылыс ұйымдарының, құрылыс индустриясы кәсіпорындарының, аруашылықты қамтамасыз ететін жоспарлаушы және қаржыландырушы органдардың және т.б.) мақсатты қызметі.

**3.81Жару жұмыстары:** Табиғи немесе жасанды материалдарды бақылап бұзу және көшіру немесе құрылымы мен пішінін өзгерту мақсатында оларға жару әсерімен орындалатын жұмыстар.

**3.82Дірілмен нығыздағыш машина:** Байланыспаған топырақтарды, қиыршықтасты-шақпатасты және басқа материалдарды нығыздауға арналған машина.

**3.83Бұрғылаудың дірілдік тәсілі:** Бұрғылау қарнағына бекітілген арнаулы діріл снаряды топыраққа әсер ететін бұрғылау тәсілі.

**3.84Дірілдету:** Жаңадан төселген бетон қоспасын дірілмен нығыздау әдісі, оның әсерінен қоспаның бөліктері арасындағы үйкелу және байланысу күштері азаяды, олар топталады және барынша тығыз «қаптамаға» айналады. Осының салдарынан бетон қоспасынан ауаның сығылған көпіршіктері шығарылады. Осының нәтижесінде бетонның кеуектілігі төмендейді және оның құрылымы жақсарады.

**3.85Дірілмен басу:** Тербелістерді динамикалық жұту принципіне негізделген зиянды дірілмен күрес әдісі (тербелістегі массаға илемді байланыс арқылы негізгі массаның тербелісін әлсірететін немесе толығымен басатын басқа массаны біріктіру).

**3.86Дірілден оқшаулау:** Адамдарды, имараттар мен аспаптарды механизмдердің жұмысынан, көлік қозғалысынан және басқалардан туындайтын дірілдің зиянды әсерінен қорғау.

3.87 **Бетондаудың дірілмен толтыру әдісі:** Ірі толтырғыштың бунақ аралық кеңістігіне цемент-күм езіндісі толтырылып, сонымен бір уақытта қоспаны тереңнен дірілдеткіштермен дірілдету жүргізілетін бетондау тәсілі.

3.88 **Дірілқоректендіргіш:** Дірілдеткішпен жабдықталған жоспарда үшбұрышты пісірме металл жәшік.

3.89 **Діріл алаңы:** Бетон қоспасын нығыздауға арналған стационарлық дірілдеткіш қондырғы. Ол құрама темірбетон құралымдарын жасау үшін пайдаланылады.

3.90 **Діріл жұту:** Қоршаулардың, қаптамалардың, құбырлардың, желдету жүйелері мен жұқа табақты материалдардан жасалған басқа құрылғылардың дірілін азайту үшін қолданылатын, зиын дірілмен күресу әдісі.

3.91 **Дірілмен жаймалау:** Бетонның тығыздығы мен беріктігін арттыру мақсатында бетон қоспасын бір уақытта немесе рет-ретімен дірілмен әсер етіп және қыспақтардың арасында жаймалап нығыздау тәсілі.

3.92 **Дірілді тақтайша:** Едендерді және құрылыста цементті-күмды тұтастырғы салған кезде бетон қоспасын нығыздауға арналған кіші механикаландыру құралы.

3.93 **Дірілді қамыт:** Бір-біріне асыла салынатын және бетон қоспасын үлкен тереңдіктерге беруге арналған жималы вертикал конструкция құрайтын, түпсіз металл конус ыдыстардан тұратын жималы конструкция. Конус пішінділігі бетон қоспасының өзінің салмағымен лықсуын болдырмайды.

3.94 **Дірілмен пішіндеу:** Күрделі пішінді бұйымды қалыптастыру үшін қатты бетон қоспасын қолдану кезінде бетон қоспасына қысыммен және дірілдету арқылы әсер етуге негізделген бетон қоспасынан бұйым жасау тәсілі.

3.95 **Жылжымалы типтегі уақытша ғимараттар:** Бір бірімен мықтап қосылған жетектен және жүріс бөлігінен тұратын уақытша ғимарат.

3.96 **Алаңнан тыс дайындау жұмыстары:** Кірме жолдар мен айлақтарды, трансформаторлық қосалқы стансалары бар электр беру желілерін, сужинағыш имараттары бар сумен қамту желілерін салуды қатмитын объектілер құрылысының дайындық кезеңіндегі жұмыстар кешені. Қажет болған жағдайда құрылыстың материалдық-техникалық базасы жасалып немесе кеңейтіліп, өндірістік база кәсіпорындары, құрылысшыларға арналған тұрғын кенттер, сондай-ақ құрылысты басқаруға арналған байланыс имараттары мен құрылғылары салынады.

3.97 **Сыртқы горизонтал көлік:** Сыртқы көліктің көмегімен құрылыс алаңына сырттан жалпы қолданыстағы жолдармен келетін құрылыс жүктерін тасымалдайды. Горизонтал құрылыс көлігі рельстік (қалыпты (кең) жолтабанды (1524 мм) немесе тар жолтабанды (750, кейде 1000 және 600 мм) теміржолдар); рельссіз (бортсыз автомобилдер мен самосвалдар, қысқышты автоартқыштар, арнаулы автомобилдер (цементтасығыштар, цистерналар, ағаш тасығыштар және т.б.), шынжырлы және доңғалақты тіркемелі (пневматикалы) тракторлар); су көліктері болып бөлінеді.

3.98 **Сыртқы көлік:** Сыртқы көлік (теміржол, автомобиль, су, әуе көлігі) кәсіпорынға шикізаттың, отынның барлық түрін, химикаттарды, қосалқы материалдарды жеткізу үшін, сондай-ақ дайын өнімдерді алып шығып, ыдыстарды қайтару үшін қызмет атқарады.

## ҚР ЕЖ 1.01-102-2014

**3.99 Ішкі санитарлық-техникалық жұмыстар:** Өнеркәсіптік ғимараттар мен имараттардың санитарлық-техникалық, жылыту-желдету және газбен жабдықтау жабдығын монтаждау жұмыстары.

**3.100 Ішкі горизонтал көлік:** Технологиялық жүктерді (топырақты, тауарлық бетонды, езінділерді, басқа инерттік және сусымалы қоспаларды), бір ерт шұғыл жеткізілетін әртекті жүктерді, жұмысшыларды, қызметкерлерді және инженерлік-техникалық персоналды тасымалдауға арналған құрылыс алаңы шектерінде пайдаланылатын құрылыс және монтаждау кәсіпорындарының жеке көлігі.

**3.101 Объектіні реконструкциялағанда орындалатын алаң ішіндегі жұмыстар:** Құрылыс алаңын жайғастыру және инженерлік дайындау жұмыстары, сондай-ақ кәсіпорынның пайдалану қызметін бұзбай салу-монтаждау жұмыстарын (СМЖ) жүргізуді қамтамасыз ететін жұмыстар.

**3.102 Құрылыс ішілік титул тізімі:** Жоспарланатын жолда салынатын немесе реконструкцияланатын объектілер тізбесі.

**3.103 Құрылыс ішілік көлік:** Құрылыс аумағында тасымалды, сондай-ақ зауыттардан құрылыс конструкцияларын объекті жанындағы қоймаларға немесе тікелей монтаждау орнына тасымалдауды жүзеге асыратын көлік. Құрылыс ішілік көлік 1) рельстік – қалыпты (кең) жолтабанды (1524 мм) немесе тар жолтабанды (750, кейде 1000 және 600 мм) теміржолдар; 2) рельссіз – бортты автомобилдер мен самосвалдар, қысқышты автотартқыштар, арнаулы автомобилдер (цементтасығыштар, цистерналар, ағаш тасығыштар және т.б.), шынжырлы және доңғалақты тіркемелі (пневмашиналы) тракторлар); 3) арнаулы – арқан жолдар (аспалы және рельсті), таспалы конвейерлер, гмдрокөлік, пневмакөлік және т.б.; 4) су көліктері болып бөлінеді.

**3.104 Сулы синтетикалық сырлар:** Ішкі әрлеу жұмыстары үшін пайдаланылатын сырлар.

**3.105 Құрылыстағы су көлігі:** Су жолдарымен жылжу үшін пайдаланылатын көлік.

**3.106 Сутөккі:** Карьерлерден, шахталардан, штольнялардан, қазаншұңқырлардан, орлардан және басқалардан жерасты немесе үстіңгі суларды бұруды және жоюды қамтамасыз ететін құрылғылар жүйесі.

**3.107 Сутөмендету:** Қазаншұңқырларды, тоннелдерді, тау қазбаларының өткелдерін және басқаларды салған кезде жерасты суларының деңгейлерін немесе арындарын уақытша жасанды төмендету.

**3.108 Ғимараттарды сырғыма қалыпта тұрғызу:** Қалыпты көтеруге арналған аспалы мінбелері, домкраттары және сорғы стансалары бар жұмыс төсемінің көтеруші конструкциясын бекітетін домкрат рамасына бекітілген екі қатар қалқандардан тұратын қалыпты пайдаланып жүзеге асырылатын процесс.

**3.109 Көпқабатты ғимараттарды қабаттарды көтеру әдісімен тұрғызу:** Қымбат мұнара крандарды қолданбай арнаулы жоба бойынша құрылыс салудың индустриалдық әдісі.

3.110 **Көлемді блокты ғимараттарды тұрғызу:** Ғимараттарды құрыыс алаңына әкелінетін толық өңделіп, санитарлық және электртехникалық жабдығы салынған көлемді элементтерден салу процесі.

3.111 **Толық жималы ғимараттарды тұрғызу:** Нөлдік цикл жұмыстарын уақытылы орындауға, элементтерді тікелей көлік құралдарынан монтаждауға, көтергіш көлік машиналары мен механизмдердің көмегімен жұмыстарды легімен жүргізуге, біріктірілген кесте бойынша сабақтас жұмыстарды орындау мүмкіндігін қамтамасыз етуге және ғимараттың немесе имараттың жекелеген учаскелерінде кейіннен жалпы құрылыс немесе арнаулы жұмыстарды жүргізу үшін оларды рет-ретімен тапсыруды қамтамасыз ететін тәртіпте монтаждауды жүзеге асыруға, сондай-ақ технологиялық жабдықты монтаждауға негізделген құрылыс процесі.

3.112 **Ғимаратты қалпына келтіру:** Ғимараттың құралымдарын және элементтерін қалпына келтіру жөніндегі құралымдық және технологиялық ісшаралар жиынтығын жүргізу, оның нәтижесінде тұтастай алғанда ғимаратты пайдалану қасиеттері бүліну алдындағы деңгейге дейін қалпына келтіріледі.

3.113 **Құралымдарды қалпына келтіру:** Шектеулі жұмыс жағдайына жеткен құралымдардың пайдаланылу қасиеттерін олардың бастапқы жайкүйіне дейін жоғарылатуды қамтамасыз ететін ісшаралар жиынтығы.

3.114 **Сегіздік:** Скрепердің бір цикл ішінде топырақты екі рет жинап, түсіретін жұмыс сызбасы.

3.115 **Айналдыра бұрғылау:** Ұңғыма забойын айналма аспаппен жаншып, уатып, үйкеп, осьтік жүктемені аспапқа қосып бұзу. Мысалы, уатқыш, қашағыш, иірлі айналдыра бұрғылау.

3.116 **Уақытша әкімшілік ғимараттары:** Құрылысты басқару, салу-монтаждау басқармасының, учаске бастығының, прорабтың кеңселерінің, диспетчерлік және өтпе кеңселердің уақытша ғимараттары.

3.117 **Уақытша жолдар:** Тұрақты жолдар трассалары бойымен жүргізілетін құрылыс алаңдарындағы жолдар.

3.118 **Матаүлдір материалдардан жасалған үрлемелі пневматикалық уақытша ғимараттар:** Ішіндегі артық қысым автоматика жүйесімен жабдықталған ауа үрлегіш және жылытқыш қондырғылармен жасалатын жұмсақ қабықшадан жасалған уақытша ғимараттар.

3.119 **Тоқымалы-пленкалы материалдан жасалған уақытша ғимараттар:** Сыртқы қоршау құралымдары үрмелі жұмсақ материалдан немесе тоқымалы-пленкалы материалдан алынған тенттен болатын уақытша ғимараттар.

3.120 **Уақытша ғимараттар мен имараттар:** Құрылыс-жинақтау, жөндеу-құрылыс жұмыстарын жүргізуге және құрылыстағы (күрделі жөндеу) жұмысшыларға қызмет көрсетуге қажетті арнайы салынатын немесе құрылыс (күрделі жөндеу) кезеңіне бейімделген өндірістік, қойма, қосалқы, тұрғылықты және қоғамдық ғимараттар мен имараттар. Уақытша ғимараттар мен имараттар атаулы және атаулы емес болып бөлінеді.

3.121 **Көшпелі типті уақытша ғимараттар:** Бір-бірімен нығыз қосылған шанақ пен жүріс бөлігінен тұратын уақытша ғимараттар.



## ҚР ЕЖ 1.01-102-2014

3.122 **Уақытша жер имараттары:** Тек құрылыс уақытында тұрғызылатын жер имараттары:

- орлар деп аталатын, жерасты коммуникацияларын тартуға арналған ұзын ойықтар;
- ғимараттар мен имараттардың іргетастары мен жерасты бөліктерін тұрғызуға арналған қазаншұңқырлар.

3.123 **Уақытша инвентарлық ғимараттар:** Көп рет қайта орналастыруға және әртүрлі объектілерде қолдануға есептелген уақытша ғимараттар.

3.124 **Қаңқалы-панелді уақытша инвентарлық ғимараттар:** Металдан жасалған көтеруші қаңқасы және аспалы немесе өздігінен көтеретін қабырға панелдері мен жаппа такталары түріндегі қоршаушы конструкциялары бар жималы-ажырамалы типті уақытша ғимараттар.

3.125 **Уақытша котейнерлік ғимараттар:** Контейнерлердің бір немесе бірнеше көлемді блоктарынан тұратын көлемді кеңістіктік конструкция түріндегі уақытша ғимараттар.

3.126 **Уақытша бейинвентар ғимараттар:** Бір рет пайдалану есебімен салынған уақытша ғимараттар.

3.127 **Жималы-ажырамалы панелді уақытша ғимараттар:** Негізгі элементі қабырға қалқандарынан, өзара үшкілдермен және бұрандармен жалғанған екі жаппа және екі еден қалқандарынан тұратын бунақ болып табылатын жималы-ажырамалы типті бірыңғайландырылған типтік секциялардан тұратын уақытша ғимараттар.

3.128 **Уақытша өндірістік ғимараттар:** Шеберханалар, механикаландырылған қондырғылар (бетон-езінді, асфальт), энергетикалық шаруашылық объектілері (трансформаторлық қосалқы стансалар, қазандықтар), көлік шаруашылығы объектілері (гараждар, депо, профилакторийлер) орналасатын құрылыс алаңындағы уақытша ғимараттар.

3.129 **Уақытша санитарлық-тұрмыстық ғимараттар:** Киім ілгіш орынды, киім кептіргіш жайларды, душтарды, асханалар мен буфеттерді, медициналық пункттерді қамтитын уақытша ғимараттар.

3.130 **Аршу жұмыстары:** Пайдалы қазбалардың (құрылыста - балшық, құм, әктас, жанартау атқылау жыныстары) кен орындарының бетін ашатын күрделі тауякен қазбаларын жүргізу жұмыстары.

3.131 **Қосалқы жер жұмыстары:** Қазаншұңқырлар мен орлардың уақытша бекітпелерін салу жұмыстары, сутөгу, топырақ суларының деңгейін төмендету, әлсіз топырақтарды жасанды бекіту.

3.132 **Қосалқы жұмыстар:** Конструкцияларды монтаждауға арналған мінбелерді салу, қабырғаларды қалау үшін мінбесатыларды тұрғызу жұмыстары, материалдарды, бөлшектер мен конструкцияларды жұмыс орнына жеткізуге байланысты көлік жұмыстары және басқа көлік жұмыстары.

3.133 **Қосалқы техникалық құралдар:** Тас төсеу және коризонтал көлік құралдары, еңбек шарты мен жұмыс қауіпсіздігін жақсарту құралдары, түрлі ыдыстар, технологиялық жарақтар және т.б. кіретін түрлі жоғарғы белгілерде жұмыс орындарын жайластыру қызметін орындайтын негізгі өндіріске қызмет көрсету үшін қажетті жабдық.

3.134 **Қосалқы процесс:** Негізгі процесті дұрыс орындауға қажетті процесс: кірпіш қалау үшін мінбелерді құру, орлар қабырғаларын қоршау, монтаждар алдында конструкцияларды ірілеп жинау, монтаждалатын конструкцияларды қосалқы аспалы саймандармен жайғасымдау.

3.135 **Қосалқы процесс:** Осы кәсіпорын үшін басты өнім болып табылмайтын өнімді шығаруды (құрал-жабдықты жөндеу, бу өндіру және т.с.с.) сипаттайтын процесс.

3.136 **Таптау:** Ыстық ұсақ шақпатасты жабынның ыстық қабатына жаю және жабынды аунақтың жүріп өтуімен шақпатасты батыру жолымен жабынның үстіңгі қабатын шақпатаспен қанықтырудың технологиялық процесі.

3.137 **Қосалқы арқалық:** Жүгірпеге (негізгі арқалыққа) тірелетін қосалқы арқалық.

3.138 **Кіріс бақылауы:** Келіп түсетін материалдарды, бұйымдарды, конструкцияларды, топырақты және басқаларды, сондай-ақ ехникалық құжаттаманы сапалы бақылау.

3.139 **Құрылыс машиналарының жиынтығын таңдау:** Жұмыстарды жүргізу әдісіне (тәсіліне), жұмыстарға жұмсалатын еңбекке (көлеміне), қолданылатын материалдарға, бұйымдар мен құралымдарға байланысты жұмыстар жүргізу үшін жетекші және жинақтаушы машиналардың түрін, сипаттамаларын және санын анықтау. Механикаландыру құралдары белгіленген мерзімдерде жұмыстардың берілген көлемін механикаландырылған жолмен орындаудың технологиялық нұсқаларының экономикалық тиімділік көрсеткіштерін салыстыру негізінде таңдалады.

3.140 **Жер жұмыстарын жүргізу тәсілін таңдау:** Жер массаларын үйінділердегі ойықтардан барынша ұтымды көшіруді ескеріп, имаратты тұрғызу мақсатына, мерзімдері мен топырақтар балансына, сондай-ақ топырақтар сипаттамасы мен құрылыстың күнтізбелік кестесіне қарай жүзеге асырылатын таңдау.

3.141 **Көлік құралдарын таңдау:** Тасымалдау арақашықтығына, жол желісінің болуы мен оның күйіне, мерзімдерге, тасымалдау бағасына, жүктер сипаттамалары мен оларды сақтау талаптарына, сондай-ақ тиеу және түсіру тәсілдеріне қарай жүргізілетін таңдау. Жүктерді тасымалдаудың тиімді тәсілдерін таңдау ықтимал нұсқаларды техникалық-экономикалық салыстыру жолымен жүргізіледі.

3.142 **Ғимараттар мен имараттарды іріктеп күрделі жөндеу:** Ғимараттар мен имараттардың немесе жабдықтың жекелеген конструктивтік элементтерінің физикалық тозуын кетіретін жөндеу жұмыстары.

3.143 **Автоматты салыстырып тексеру:** Конструкцияларды автоматты құрылғылардың көмегімен параллел салыстырып тексеріп орнатуды көздейтін тексеру.

3.144 **Аспаппен салыстырып тексеру:** Монтаждық элементтер мен конструкцияларды орнату дәлдігін тек тірек беттерді, шетжақ негіздіктерін немесе монтаждалған конструкциялардың түйістерін тексеріп қамтамасыз ету күрделі болғанда қолданылатын тексеру.

3.145 **Монтаждалатын конструкцияны салыстырып тексеру:** Монтаждалатын элементті бөлгіш осьтер мен белгілерге қатысты кеңістікте жылжытудың соңғы сатысында жобалық орнына келтіру.

## ҚР ЕЖ 1.01-102-2014

3.146 **Монтаждалатын конструкцияны көзбен тексеру:** Тіректер мен монтаждалатын конструкцияны тексергіш құрылғыларды қолданбай дайындау дәлдігі жеткілікті болған кезде жүргізілетін тексеру.

3.147 **Кран ілмегінің құлашы:** Кранның техникалық жағдайының көрсеткіші, ол кранның бұрылу тұғырының айналу осі және жүк ілмегі шеңберінің центрі арқылы өтетін вертикаль осі арасындағы арақашықтықты белгілейді.

3.148 **Өнім:** Бір уақыт бірлігінде (әдетте 1 сағатта немесе бір ауысымда) шығарылған құрылыс өнімінің саны.

3.149 **Ақшамен берілетін өнім:** Орындалуы тиіс салу-монтаждау жұмыстарының бағасын оларды орындау еңбексыйымдылығына бөлгендегі бөлінді.

3.150 **Заттай мөлшердегі өнімділік:** Жұмыстардың физикалық көлемін оларды орындауға жұмсалатын еңбекке бөлгендегі бөлінді.

3.151 **Жоғары жиілікті пісіру:** Пісірілетін бөлшектердің жиектерін жоғары жиілікті токпен қыздырып пісіру. Бұйымдағы ток индуктордың көмегімен бағытталады немесе түйістіру арқылы беріледі.

3.152 **Қазаншұңқырды нығыздап жасау:** Ірі кеуекті түспелі немесе үйілген топырақта штамп түріндегі жұмыс органы болатын механикалық, соққылық, нығыздаушы құралдардың көмегімен нығыздап тегістеу арқылы қазаншұңқыр жасау процесі.

3.153 **Жерасты имараттарын анықтау:** Жерасты имараттарының (коммуникациялардың) жасырын нүктелерінің орнын құбыркәбіліздегіштердің, шурф өткелдерінің көмегімен және сыртқы белгілеріне қарай жергілікті жерде іздеу.

3.154 **Құрылыс габариті:** Конструкциялардың, ғимараттардың, имараттардың, құрылғылардың кеңістіктегі орындары мен көлемін анықтайтын сол объектілердің шекті сыртқы кескіндері немесе өлшемдері. Көпірасты габариті – көпірдің аралық құрымының астынан, кеме жүретін горизонттан және аралық тіректерінен жасалатын контур.

3.155 **Газбен кесу:** Қандай да бір жанғыш газ (ацетилен, кокс газы) немесе оттегіндегі сұйық материалдар (керосин, бензин) жанған кезде пайда болатын жалынмен металды балқытуға негізделген оттеппен кесу тәсілі.

3.156 **Газбен пісіру:** Оттегінің жанғыш газбен қоспасының жануы нәтижесінде түзілетін газ жалынының көмегімен металл бұйымдарды пісіріп дәнекерлеу тәсілі. Пісірілетін металдың жалынмен қызған жігі балқиды (балқыту температурасы 3000°C 3150°C дейін) және қосымдық материалмен (шыбық, сым, электрод) бірге пісіру ваннасын түзеді. Газбен пісіру үшін оттегі; ацетилен ( $C_2H_2$  - көміртегінің сутегімен химиялық қосылысы); кальций карбиді (доғалы электр пештерінде әктасты және коксты балқыту арқылы алынады; арнайы генераторларда кальций карбидін сумен тікелей ауасыз жібергенде ацетилен алынады) қолданылады.

3.157 **Арқалықты торлардың бас өлшемдері:** Аралық, арқалықтар арасындағы арақашықтық (арқалықтың қадамы) және биіктік, олар технологиялық шарттармен; жиналмалы аражабын кезінде стандартты темірбетон немесе басқа тақталардың ұзындығымен (төсемнің басқа түрлері кезінде арқалықтар арасындағы оңтайлы арақашықтық нұсқаларды салыстырумен анықталады); арқалықты торлар биіктігінің өлшемдерімен, сондайақ беріктік және қатаңдық талаптарымен анықталады.

3.158 **Бас жоспар:** Жайғастыру, құрылысын салу, реконструкциялау және аумақтарды қалақұрылыстық игерудің өзге түрлері негізделетін жобалық құжат.

3.159 **Елді мекеннің бас жоспары:** Қаланы, кентті, ауылды (селоны) немесе басқа елді мекенді дамыту және құрылысын салуды олардың аумағын аймақтандыру, жайғасымдық құрылымдау және функционалдық ұйымдастыруды, көлік және инженерлік коммуникациялар, көгалдандыру және абаттандыру жүйелерін белгілеп, кешенді жоспарлаудың қалақұрылыстық жобасы.

3.160 **Объектінің бас жоспары:** Объектінің аумақта (учаскеде) орналасу мәселелерін кешенді шешуді, көлік коммуникацияларын, инженерлік желілерді жүргізуді (тартуды), учаскені инженерлік дайындауды, абаттандыру және көгалдандыруды, шаруашылық қызмет көрсетуді ұйымдастыруды және жобаланатын объектіні орналастыруға байланысты өзге де іс-шараларды қамтитын объекті (ғимарат, имарат, кешен) құрылысы жобасының бір бөлігі.

3.161 **Бас мердігер:** Тапсырыс берушінің алдында сол объекті бойынша барлық салу-монтаждау жұмыстарының өз уақытында әрі сапалы орындалуына жауапты құрылыс ұйымы.

3.162 **Геодезиялық жұмыстар:** Құрылыс алаңында орындалатын, бөлу жұмыстарын, салу-монтаждау жұмыстарының дәлдігін бақылау, сондай-ақ салынып жатқан ғимараттар мен имараттардың жылжуын және деформацияларын бақылау жұмыстарын қамтитын жұмыстар кешені.

3.163 **Геодезиялық бөлу жұмыстары:** Ғимараттар мен имараттардың конструкциялары мен элементтерінің жоспардағы және жоғарыдағы орнын геодезиялық өлшеу құралдарын қолданып, натурадағы геодезиялық әдістермен анықтау жұмыстары.

3.164 **Икемді технология:** Үдемелік және қарқындылық жағдайында өндіріс элементтерінің құрылымдық өзгеруге қабілетті, жылдам бейімделгіш технологиясы.

3.165 **Ілгіш ілмектер:** Болат арқандардан дайындалатын және жеңіл ұстындарды, арқалықтарды, тақталарды, қабырға панелдерін, контейнерлер мен басқа заттарды көтерген кезде пайдаланылатын ілмектер. Ілмектерді әмбебап және технологиялық мақсатына қарай бір, екі, төрт және алты тармақты жеңіл етіп орындайды.

3.166 **Гидравликалық бұрғылау тәсілі:** Топырақты бұзу ұнғымаға құбырлар ұстыны мен арнаулы саптама арқылы қысыммен айдалатын сумен жүзеге асырылатын бұрғылау тәсілі.

3.167 **Гидродірілмен нығыздау:** Топырақты гидродірілмен нығыздау, яғни құмды топырақтарды дірілдеткіштің қасынан түсірілетін тесік құбыр арқылы су беру жолымен ылғалдап, сонымен бір уақытта тереңдетіп дірілдеткішпен нығыздау.

3.168 **Гидрооқшаулау:** Конструкцияларды, ғимараттар мен имараттарды судың және басқа сұйықтардың әсерінен қорғау және осы мақсаттар үшін қолданылатын құралдар.

3.169 **Желіммен гидрооқшаулау:** Битум, қарамай негізінде дайындалған орама, таспа немесе табақ материалдардан жасалып, үстіңгі бетке битум мастикалары немесе синтетикалық құрамдар көмегімен қабаттап желімделетін гидрооқшаулау.

## ҚР ЕЖ 1.01-102-2014

3.170 **Сырмен гидрооқшаулау:** Суық немесе ыстық битум мастикалары мен синтетикалық қарамайдан орындалған су сіңірмейтін тұтас қабат түріндегі гидрооқшаулау.

3.171 **Еденді гидрооқшаулау:** Еденнің жоғарғы конструкцияларына судың және басқа сұйықтың кіруіне тосқауыл болатын қабат.

3.172 **Сылақты:** Жер қазу, тау-кен және басқа да жұмыстарды механикаландыру тәсілі, бұл кезде **гидрооқшаулау:** Сылағыш-бітегіш машиналарды қолданып метаканаландырылған тәсілмен цемент-күм езіндісімен, полимерцемент, шыныцемент, ұсақ түйірлі асфальтбетонмен оқшаулау.

3.173 **Гидромеханикаландыру** технологиялық процестердің барлығы немесе негізгі бөлігі судың жылжымалы ағысымен жүргізіледі. Гидромеханикаландырудың негізгі құралжабдығы: сорғылар, су толтыру аппараттары, топырақ сору станциялары, құбырлар, топырақ снарядтары, гидроэлеваторлар, эрлифтілер, гидромониторлар. Гидромеханикаландыру гидротехникалық және ирригациялық құрылыста (үйінділер, бөгет, дамба, суару жүйелерін тұрғызу; аумақта құрылыс жүргізу үшін топырақты шаю, судың астынан топырақ өндіру үшін және т.б.) қолданылады.

3.174 **Гидрошайылым:** Жер құрылысына қоймалжың түрінде берілетін топырақты төсеудің технологиялық шарасы.

3.175 **Гидротехникалық жұмыстар:** Гидротехникалық имараттар мен гидромелиорация объектілерін салуға байланысты жұмыстар.

3.176 **Гидрофобтау:** Топырақты оның құрамына су жұқтырмайтын заттарды кіргізіп бекіту тәсілі.

3.177 **Гидрофобтық:** Конструкцияның бетіне кремнийорганикалық заттардың сулы ерітіндісімен жабу арқылы оның су жұқтырмайтын қасиеттерін беру процесі.

3.178 **Қиманың негізгі осьтері:** Арқалық қимасының ауырлық центрі арқылы өтетін екі өзара перпендикуляр осі, оларға қатысты қима инерциясының осьтік моменттері экстремальды мәндерге (максимум және минимум) жетеді, ал инерцияның центрден тепкіш моменті нөлге тең болады.

3.179 **Жобаның бас инженері, бас сәулетшісі:** Жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеуге, объектіні жобалау, салу, іске қосу және жобалық қуаттылықтарды игеру кезеңі аралығында жобалау-ізвестіру жұмыстарына жетекшілік ететін білікті маман.

3.180 **Монтаждық горизонт:** Салынып жатқан ғимараттың әр қабатында немесе ярусында көтеруші конструкциялардың тірек алаңдары арқылы өтетін жазықтық. Монтаждық горизонтқа бастапқы горизонтқа бекітілген бөлгіш осьтердің тіек нүктелерін көшіріп салады.

3.181 **Горизонтал бұрғылау:** Сазды топырақтарда диаметрі 800 м-ден 1000 м-ге дейінгі құбырларды 80 м-ден 100 м-ге дейінгі ұзындықта жүргізу тәсілі. Құбырдың ұшын үлкейтілген диаметрдегі кескіш тәжбен жабдықтап, құбыр қазаншұңқыр қабағының қасындағы жер үстіне орнатылған қозғалтқыштан айналысқа түседі. Құбырдың үдемелі қозғалысы қазаншұңқырдың екі қатарлы білеулермен күшейтілген артқы қабырғасына тіреп рейкалық домкратпен қамтамасыз етіледі.

3.182 **Горизонтал ашық дренаж:** Тереңдігі 1,5 м-ге дейінгі, жайпақ еңістермен (1:2) кесілетін арықтар немесе орлар түріндегі және судың бойлық еңіспен ағуына қажетті құрылғы.

3.183 **Ыстықтай битумдау:** Ұңғымаға плюс 150°С плюс 180°С дейін қыздырылған битумды мастиктерді айдап толтыру, олар суды ығыстырып шығарады және суығанда болымсыз иілетін қатты материалға айналады.

3.184 **Жобалардың мемлекеттік сараптамасы:** Жобаларды (жобалау алдындағы немесе жобалау-смета құжаттамасын) кешенді бағалаудың міндетті нысаны, ол функцияларын қайталауға жол бермейтін бірыңғай мемлекеттік жүйе болып табылады. Жобалардың мемлекеттік сараптамасын Қазақстан Республикасының Үкіметі қандай да бір өзге қызметті жүзеге асыру құқығынсыз уәкілеттік берген заңды тұлға жүзеге асырады.

3.185 **Мемлекеттік нормативтер:** Адамның мекендеуі мен тіршілік етуіне қолайлы, қауіпсіз және басқа да қажетті жағдайларды қамтамасыз ететін нормативтік құқықтық актілер, нормативтік-техникалық құжаттар, өзге де міндетті талаптар, шарттар мен шектеулер жүйесі.

3.186 **Дайын өнім:** Жобалық-сметалық құжаттамаға және жұмыстардың сапасына қойылатын талаптарға сәйкес тұрғызылған, пайдаланылуға берілген және тапсырыс берушіге тапсырылған объектілер мен имараттар. Аяқталған жалпы құрылыстық жұмыстар дайын өнім болып табылмайды және аяқталмаған құрылыс (өндіріс) немесе жалпы құрылыс өнімі (орындалған құрылыс және жинақтау жұмыстарының сметалық құны) ретінде қарастырылады.

3.187 **Қала құрылысы қызметі:** Қала құрылысын жоспарлаудағы қала құрылысы кеңістігін қалыптастырудың, қала құрылысы жобасын жасаудың, қала құрылысы құжаттамасының барлық сабақтас бөлімдерін үйлестірудің шығармашылық процесін қамтитын, аумақтар мен елді мекендерді ұйымдастыру мен дамыту, аумақтарды қала құрылысына пайдалану түрлерін анықтау, қалалар мен селолық елді мекендерді кешенді жоспарлау жөніндегі қызмет.

3.188 **Қала құрылысының кеңістігі:** Адамның (ел, аймақ, елді мекен, елді мекен бөлігі халқының) мекендейтін және тіршілік ететін материалдық ортасы қалыптасатын қала құрылысын реттеу аумағы.

3.189 **Қала құрылысының жобалары:** Аумақтар мен елді мекендерді немесе олардың бөліктерін ұйымдастыруды, дамыту мен салуды кешенді қала құрылысын жоспарлау жөніндегі түпкі ойдан (Қазақстан Республикасының аумағын ұйымдастырудың бас схемасы, аумақты дамытудың аймақаралық схемалары, аумақтарды қала құрылысына жоспарлаудың кешенді схемалары, елді мекендердің бас жоспарлары, нақты жоспарлау жобалары, өнеркәсіп аймақтарын жоспарлау жобалары, құрылыс салу жобалары, объектілер мен кешендердің бас жоспарлары, абаттандыру және көгалдандыру жобалары, өзге де жоспарлау жобалары) тұратын жобаларды.

3.190 **Қала құрылысының регламенттері:** Аумақтарды (жер учаскелерін) және басқа да жылжымайтын мүлік объектілерін пайдаланудың, сондай-ақ олардың жайкүйінің заңнамада белгіленген тәртіппен жол берілетін кез келген өзгерістерінің режимдері,

## ҚР ЕЖ 1.01-102-2014

рұқсаттары, шектеулері (ауыртпалық салуды, тыйым салу мен сервитуттарды қоса алғанда). Қала құрылысының регламенттері мемлекеттік нормативтерге сәйкес орындалған қала құрылысы және сәулет-құрылыс құжаттамасымен белгіленеді. Қала құрылысы регламенттерінің қолданылуы олар үшін белгіленген мерзім шегінде шектеледі.

3.191 **Жылытқыш қалып:** Қысқы жағдайларда бетондаған кезде қолданылатын және сыртынан жылытқыш электр элементтері орналастырылған металл табақтан немесе суға төзімді шереден тұратын қалып.

3.192 **Жүкқармауыш саймандар:** Құрылыс конструкцияларын көтеруге арналған, иілімді болат арқан, әртүрлі траверс жүйелері, механикалық және вакуумдық қармауыш түрінде пайдаланылатын саймандар.

3.193 **Жүк айналымы:** Тасымалданған жүк мөлшері (тоннамен берілген) және асымалдау арақашықтығының (километрмен алынған) көбейтіндісі ретінде есептерген көлік жұмысының негізгі көрсеткіші.

3.194 **Жүк көтерімділігі:** Кранның техникалық сипаттамасының көрсеткіші, кран құралымының орнықтылығы мен беріктігі сақталған жағдайда кран көтеретін жүктің және жүк қармауыш тетіктің ең үлкен массасы.

3.195 **Жүк легі:** Уақыт бірлігінде бір бағытта жылжитын жүк массасы.

3.196 **Топырақ:** Второй слой штукатурного покрытия, предназначенный для выравнивания штукатурной поверхности и создания основной толщины штукатурного слоя.

3.197 **Тоң топырақ:** Теріс немесе нөл температурадағы, құрамында көзге көрінетін мұз қоспалары және (немесе) цемент мұзы бар және криогендік құрылымымен сипатталатын топырақ.

3.198 **Ісінгіш топырақ:** Сумен немесе басқа сұйықпен араластырғанда көлемі үлкейетін және салыстырмалы ісіну деформациясы  $E_{sw} \geq 0,4$  болатын топырақ.

3.199 **Шөккіш топырақ:** Сыртқы жүктеме әсерінен мен өзінің салмағынан немесе сумен не басқа сұйықпен араластырғанда тек өзінің салмағынан вертикал деформацияға ұшырайтын (шөгетін) және салыстырмалы ісіну деформациясы  $E_{sw} \geq 0,1$  болатын топырақ.

3.200 **Домбығатын топырақ:** Еріген күйден тоңды күйге өткенде мұз кристаллдарының түзілуі салдарынан көлемі ұлғаятын және салыстырмалы аяздық ісіну деформациясы  $E_{th} \geq 0,1$  болатын топырақ.

3.201 **Астарлау:** Жоғарыда жатқан материалдың төменгі бетпен желімделуін қамтамасыз ету үшін тұтқыр материалды төменгі қабаттың бетіне жағудың және көрсетілген қабаттардың бірлескен жұмысының технологиялық процесі.

3.202 **Топырақ сулары:** Үстінде су сіңірмейтін жынысты тұтас жабыны жоқ, Жер бетінен бірінші тұрақты сулы горизонттың жерасты сулары.

3.203 **Гуммирлеу:** Үстіңгі бетке резеңкені вулканизациялап, яғни оң температураның әсерімен жағу.

3.204 **Қос осьті сығу:** Бетонды элементтің барынша қауіпті керу күштері әрекет ететін екі осі бағытында алдын ала сығу.

3.205 **Қос торлы қабықшалар:** Төменгі және жоғарғы белдеулері қосымша байланыстар - керегетормен байланыстырылған айқасқан фермалар жүйесін құрайтын, тікбұрыш түріндегі ғимарат жабынының қабықшалары.

3.206 **Құрылыстың іс жүзіндегі құны:** Тозу шегерілгендегі құрылысты қалпына келтіру құны.

3.207 **Қарым:** Бірнеше ауысым бойы үзіліссіз жұмыс істеу үшін тас қалаушылар звеносына бөлінген учаске немесе оның еселенген бөлігін құрайтын алымның бөлігі, онда жұмыс орны ұйымдастырылады. Тас қалаушылар звеносының жұмыс орны жұмыс аймағын және материалдар орналасатын аймақты қамтиды.

3.208 **Бөлшектеу:** Машинаны, агрегатты, имаратты жеке бөлшектерге бөлу.

3.209 **Салма бөлшектер:** Конструкцияның арматуралық қаңқасына пісіріп жалғанатын, жималы элементтерді өзара біріктіруге арналған металл пластиналар; элементтерді түйістіру салма бөлшектерді пісіріп жүзеге асырылады.

3.210 **Гамма сәуле көмегімен жүргізілетін дефектоскопия:** Пісірме жіктердің ақауларын жылжымалы қорғасын контейнерлерге салынған радиоактивті сәулелеу көздерін (кобальт, иридий, цезий изотоптарын) қолданатын аппараттар көмегімен анықтау тәсілі.

3.211 **Ультрадыбыс көмегімен жүргізілетін дефектоскопия:** Ультрадыбыстық тербелістердің металл қабатына кіру және бейметалл қоспаларды көрсету қабілетіне негізделген, пісірме жіктің ақауларын, дерструктив ақауларды анықтау тәсілі.

3.212 **Жұмыстарды жүргізу кезіндегі ақаулар:** Сапасы төмен материалдарды және мерзімі өтіп кеткен материалдарды пайдалану, жұмыста жобалық технологиялардан алшақтықтың болуы, ескірген машиналарды және жетілдірілмеген аспаптарды пайдалану, инженерлік-техникалық жұмыскерлер тарапынан жеткілікті деңгейде бақылаудың болмауы және басқа негіздер бойынша кезінде туындайтын нормадан ауытқу.

3.213 **Күш әсерінсіз деформациялар:** Материалда, құралымда сему, ісіну, температуралық әсердің салдарынан туындайтын көлемдік деформациялар. Күш түсірілмеген еркін деформациялану кезінде қатты дененің кернеулі күйі өзгермейді. Қоршаудағы күш түсірілмеген деформациялар өзіндік (бастапқы) кернеудің пайда болуына алып келеді.

3.214 **Күш түсуден болатын деформациялар:** Материалдарда, құралымдарда сыртқы күштердің әсерінен туындайтын және негізінен ішкі күштердің әсер ету бағытында дамиды деформация. Олар сығылу, созылу, жылжу, бұрылу түрінде болады. Олармен бір мезгілде бойлық деформацияланудың салдары ретінде көлденең деформациялар туындайды.

3.215 **Диагностика:** Ғимараттар мен имараттардың құрылыс құралымдарының күйін сипаттайтын белгілерді айқындау және зерттеу, сондайақ олардағы ауытқуларды анықтау мен қалыпты пайдалану режимі бұзылуының алдын алу үшін зерттеу.

3.216 **Конструкциялар диагностикасы:** Конструкциялардағы ақаулардың барлығын көрсететін белгілерді анықтау және зерттеу; конструкциялардың техникалық күйін анықтау; ақау немесе тұрып қалу орнын анықтау; конструкциялардың техникалық



## ҚР ЕЖ 1.01-102-2014

күйін болжау, сондай-ақ әдістер мен оларды анықтау құралдарын, диагноздау жүйелерін пайдалануды құру және ұйымдастыру ұстанымын әзірлеу процесі.

3.217 **Күш түсіру диаграммасы:** Фермалар сырықтарындағы күштер векторының және торапты жүктемелердің белгілі бір масштабтағы графикалық кескіні, сырықтарда туындайтын созылу немесе сығылу күштерінің мәндерін жуықтап анықтау үшін пайдаланылады.

3.218 **Қатаңдық диафрагмасы:** Көлбеу жүктемелерді қабылдауды және оның іргетасқа берілуін қамтамасыз ететін көтергіш жүйенің тік элементі. Бұдан басқа қатаңдық диафрагмасы беларқадан, аражабын тақталарынан, баспалдақтан, инженерлік жабдықтан түскен тік жүктемелерді қабылдайды.

3.219 **Дилатация:** Көптеген микросызаттардың, сондайақ ұзын бойына созылған сызаттардың дамуына байланысты сығу кезінде бетон және темірбетон құралымдардың көлемін ұлғайтуы.

3.220 **Тоң топыраққа динамикалық әсер ету:** Экскаватор жебесінің арқанына ілінген еркін және бағыттауыш әсерлі балғамен тоң топырақты жарып уату арқылы оны қопсыту тәсілі.

3.221 **Динамикалық бекемдеу:** Қысқа мерзімді (соққы, импульстік) жүктеме кезінде бетонның уақытша кедергісін ұлғайту.

3.222 **Жоспарлардың директивтілігі:** Жоспарлардың орындалуға міндеттілігін білдіретін қасиеті.

3.223 **Диспетчерлеу:** Өндірістік процестерді жедел бақылау мен аруды орталықтандыру (шоғырландыру). Диспетчеризациялаудың мақсаты - аса жоғары техника-экономикалық көрсеткіштерге қол жеткізу, сондай-ақ өндіріс процесі мен кәсіпорынның жұмыс ритмін реттеу үшін кәсіпорынның жекелеген звеноларының келісілген жұмысын қамтамасыз ету.

3.224 **Монтаждаудың дифференцияланған әдісі:** Ғимараттың немесе монтаждау учаскесінің шектеріндегі барлық бір типті конструкцияларды ретпен орнатуды көздейтін әдіс.

3.225 **Түпті тереңдету жұмыстары:** Су жолдарында, сондай-ақ айлақтардың, флот тоқтайтын базалардың, кеме жөндейтін және басқа кәсіпорындардың суайдындарында қажетті кеме жүзу габариттерін (тереңдігі, ені, кеме жүзу радиусы) қамтамасыз ету үшін орындалатын жұмыстар. Түпті тереңдету жұмыстарының барысында топырақты суқойма түбінен алып шығып, оны белгіленген жерге алып кету (үю) жүзеге асырылады.

3.226 **Рұқсат етілген иілгіштік:** Элементтердің аталымына және материалына байланысты жобалау нормаларымен белгіленетін иілгіштіктің келтірілген ең үлкен рұқсат етілген мәні.

3.227 **Жобалау және іздестіру жұмыстарын орындауға арналған шарт:** Бұл тапсырыс беруші мен жобалау, ұйымы (бас жобалаушы) арасында жобалау және іздестіру жұмыстарының барлық жиынтығын орындау үшін жасалатын шарт. Бас жобалаушы жобалау және іздестіру жұмыстарының жекелеген түрлерін орындау үшін (сумен жабдықтау, электрмен қамтамасыз ету, жасанды имарат және басқа.) мамандандырылған жобалау және іздестіру ұйымдарын (қосалқы мердігерді) тартады, олармен шарт

жасасады, онда жұмыстардың құрамы, орындау мерзімі және олардың құны көрсетіледі. Бұл ретте жобаның сапасы, оның жекетлеген бөліктерінің өзара байланысы, техникалық құраманың кешенділігі және толық жиынтылығы үшін бас жобалаушы жауапты болады. Жобалау ұйымы құрылыстың бүкіл кезеңінде авторлық қадағалауды жүзеге асырады.

**3.228 Мердігерлік шарты:** Мердігерлік шарты бойынша бір тарап (мердігер) екінші тараптың (тапсырысшының) тапсырмасы бойынша белгілі бір жұмысты атқаруға және белгіленген мерзімде оның нәтижесін тапсырысшыға өткізуге міндеттенеді, ал тапсырысшы жұмыс нәтижесін қабылдап алуға және оған ақы төлеуге (жұмыстың бағасын төлеуге) міндеттенеді. Егер заң актілерінде немесе шартта өзгеше көзделмесе, жұмыс мердігердің тәуекелімен орындалады.

**3.229 Қосалқы мердігерлік шарты:** Бас мердігердің және қосалқы мердігердің шарт міндеттерін орындаудағы өзара жауапкершілігін анықтай отырып, олардың өзара қарым-қатынасын реттейтін келісім құжат. Қосалқы мердігерлік шарты бас мердігер мен қосалқы мердігер арасында қажетті құжаттамасы және жұмыс көлемі болғанда жасалады. Онда өндірістік қуаттылықтарды және өндірістік емес мақсаттағы объектілерді белгіленген мерзімдерде және қажетті сапамен іске қосуды қамтамасыз ету үшін жұмыстар кешенін немесе олардың жекелеген түрлерін орындау көзделеді.

**3.230 Құрылыстағы шартты баға:** Тапсырыс беруші мен мердігер арасында кәсіпорын, ғимарат және имарат құрылысының келісілген бағасы (жұмыстар мен шығынның құны). Шартты баға күрделі құрылысқа мердігерлік шартын (келісім-шартын) жасасу үшін негіз болып табылады және ол құрылыстың барлық кезеңінде тұрақты болуға тиіс.

**3.231 Құжаттама:** Бірдей ережелер бойынша ресімделген құжаттар жиынтығы.

**3.232 Конструкторлық құжаттама:** Бұйымды, бөлшекті жобалау барысында, тәжірибелік үлгіні дайындау және осы бұйымның, бөлшектің сериялық өндірісін ұйымдастыру кезінде әзірленетін және пайдаланылатын құжаттар жиынтығы.

**3.233 Нормативтік-анықтамалық, нормативтік-техникалық құжаттама:** Белгілі бір ережелерді қамтитын ресми құжаттар жиынтығы, стандарттар, нормалар, нормативтер және шарттар, ҚНЖЕ және мемлекеттік қадағалау органдары, министрліктер мен ведомстволар бекіткен басқа да нормативтік құжаттар. Нормативтік анықтамалық құжаттамаға нұсқаулықтар, нұсқамалар, басшылыққа алатын құжаттар, құрылыстың жекелеген түрлерінің ерекшеліктерін көрсететін міндетті және ұсыныс сипатындағы ережелер де жатады. Нормативтік құжаттар кәсіпорындардың қызметін және инвестициялық циклдің барлық кезеңінде (іздістіру, жобалау, құрылыс жүргізу, қайта құрылымдау, жөндеу және т.с.с.) тиісті қызмет салаларында қабылданған шешімдердің заңдылығын реттейді.

**3.234 Тендерлік құжаттама:** Сауда-саттық өткізудің ұйымдастыру, технологиялық және коммерциялық мәселелері жөніндегі ақпаратты (сауда-саттықты өткізу шарттары, сату-сатып алудың немесе мердігерліктің қаржылық және коммерциялық шарттары, сауда-саттық процесінің сипаттамасы, тауардың техникалық сипаттамасы, сауда-саттықта ұсынылатын жұмыстар мен қызметтердің сипаты, түрі және көлемі туралы мәліметтер) қамтитын құжаттар жиынтығы.

3.235 **Ұзаққа жарамдылық:** Ғимараттың немесе имараттың және олардың элементтерінің белгіленген пайдалану режиміндегі белгілі бір жағдайларда уақыты берілген сапаларын бұзбай және деформацияланбай сақтау қабілеті.

3.236 **Үй құрылысы комбинаты; ҮҚК:** Құрылыс идустриясының толықтай құрастырылатын ғимараттарды (құралымдарды, бөлшектерді) жиынтығымен шығару, оларды құрылыс алаңына жеткізу, жинақтау және бөлшектеу, дайын ғимаратты пайдалануға беру жұмыстарын жүзеге асыратын кәсіпорны.

3.237 **Қондырма:** 1. Екі бөлшектің түйісу сипаты. 2. Шектерінде жарамды бөлшектердің шынайы өлшемдері тербелуі мүмкін ең үлкен және ең кіші жол берілетін өлшемдердің арасындағы айырмашылық.

3.238 **Технологиялық шақтама:** Элементтерді дайындау және орнату, сондай-ақ қажетті бөлу шараларын орындау бойынша технологиялық процестер мен шаралардың дәлдігін белгілейтін шақтама.

3.239 **Функционалдық шақтама:** Конструкциялар түйістеріндегі геометриялық параметрлердің дәлдігі мен конструкциялардың өзара орналасу дәлдігін реттейтін шақтама.

3.240 **Қадаға түсетін шекті жүктеме:** Іргетас құрамындағы және одан тыс жалғыз қадаға түсірілетін есептік жүктеме, ол негіз топырағының есептік көтергіш қабілетінің (қаданың көтергіш қабілеті) сенімділік коэффициентіне қатынасы ретінде анықталады. Сенімділік коэффициентінің шамасы: қаданың көтергіш қабілеті статикалық жүктемемен дала сынақтарының нәтижелері бойынша анықталғанда - 1,2; топырақты статикалық зондтау нәтижелері бойынша анықталғанда - 1,25; есептеу нәтижелері бойынша, сондайақ қаданың көтергіш қабілеті топырақтың серпімді деформациясын есепке алмай, динамикалық сынақ нәтижелері бойынша анықталған жағдайда 1,4 етіп алынады.

3.241 **Жол-құрылыс машиналары:** Автомобиль жолдарын салу, қалыпты жағдайда ұстау және жөндеу кезінде жұмыстар кешенін орындауға арналған, сондай-ақ теміржол, гидротехникалық, азаматтық, өнеркәсіптік, әуе айлағы құрылысында және құрылыстың басқа түрлерінде пайдаланылатын машиналар.

3.242 **Жаабық дренаж:** Жүйені тексеруге арналған құдықтар орналастырылған және су ағызатын жаққа қарай еңістетілген, дренаждайтын материалмен (қиыршықтас, малтатас, ірі құм) толтырылатын траншеялар. Дренаждық траншеяның бетін жергілікті топырақпен жабады.

3.243 **Ашық дренаж:** Түбіне шақпатас, ірі түйірлі құм 10 см-ден 15 см-ге дейінгі қалыңдықта төселетін, тереңдігі 0,5 м-ден 0,7 м-ге дейінгі арық. Ашық дренажды топырақ суларының деңгейін 0,3 м-ден 0,4 м-ге дейін төмендету қажет болған жағдайда қолданады.

3.244 **Графикалық құжаттама:** Графиктер, диаграммалар түріндегі құжаттама; онда мәтіндік-графикалық нысанда объектінің мәліметтері және тәуелділіктері, оқиғалар, құбылыстар, атап айтқанда, құрылыс және жинақтау кәсіпорындарының, сондай-ақ олардың бөлімшелерінің өндірістік қызметі туралы деректер беріледі.

3.245 **Атқарушылық құжаттама:** Құрылыс және жинақтау жұмыстарының жүргізілу процесі және құрылыс объектісінің техникалық жай-күйі жазылған құжаттар

жиынтығы (инженерлік құралымдардың атқарушылық сұлбалары мен сызбалары, орындалған және жасырын жұмыстарды қабылдау сұлбасы, жұмыстардың жекелеген элементтерін аралық қабылдау актісі, жұмыстарды жүргізу, операциялық бақылау, авторлық қадағалау журналдары). Атқарушылық құжаттама объектіні пайдалануға қабылдау кезінде көрсетіледі және алдағы пайдалану барысында қолданылады.

**3.246 Ұйымдастырушылық-технологиялық құжаттама:** Жобалық-сметалық құжаттаманың технологиялар, жұмысты және құрылысты ұйымдастыру бойынша шешімдерді негіздейтін бөлігі. Ұйымдастырушылық-технологиялық құжаттаманы әзірлеу әдетте екі кезеңде жүргізіледі: бірінші кезеңде - құрылысты ұйымдастыру жобасын, екінші кезеңде - жұмыстарды жүргізу жобасын әзірлейді. Құрылыс ұйымының тапсырысы бойынша Жұмыстарды жүргізу жобасын бас жобалаушылар немесе мамандандырылған жобалау-технологиялық ұйымдары әзірлейді. Кейбір жағдайларда жұмыстарды жүргізу жобасын құрылыс ұйымдарының өздері (мердігерлер) әзірлейді.

**3.247 Есептік құжаттама:** Кәсіпорынның немесе оның бөлімшелерінің қандай да болмасын тапсырманы (жобаны) орындау жөніндегі жұмысының есептік көрсеткіштерін немесе қандай бір кезеңдегі есептік көрсеткіштерді (қаржылық, материалдық есеп, ғылыми-зерттеу жұмысының орындалуы бойынша есеп) көрсететін құжаттар жиынтығы.

**3.248 Жобалық-сметалық құжаттама:** Нақты ғимарат, имарат, объекті құрылысының көлемдік-жайғастыру, құрылымдық, ұйымдастырушылық-технологиялық шешімдерін, құнын және экономикалық тиімділігін негіздейтін графикалық, есептік және мәтіндік материалдар жиынтығы. Күрделі емес және орындалу мерзімдері бойынша ұзаққа созылмайтын объектілер үшін жобалық-сметалық құжаттама бір кезеңде әзірленеді, ал ірі және күрделі объектілер үшін әдетте екі кезеңде әзірленеді: бірінші кезең - бұл сметалық есептеулері берілген жоба, екінші кезең - бұл сметалары берілген жұмыс құжаттамасы. Жобалау және мердігерлік құрылыс ұйымдарының қатысуымен тапсырыс беруші құрастырған жобалауға берілген тапсырма жобалық-сметалық құжаттаманы әзірлеу үшін негіздеме болып табылады.

**3.249 Жұмыс құжаттамасы:** «Жұмыс құжаттамасы» кезеңінде әзірленетін және объектіні салу кезінде тікелей құрылыс алаңында пайдаланылатын жобалық сметалық құжаттаманың бір бөлігі.

**3.250 Рұқсат беру құжаттамасы:** Министрлік, ведомство немесе жергілікті басқару органдары беретін, тапсырыс берушіге объектінің құрылысын жүргізу немесе оны қайта құрылымдау бойынша жобалық-ізвестіру жұмыстарын жүргізуге рұқсат ететін құжаттар жиынтығы.

**3.251 Ұзақ мерзімге жарамдылық:** Белгіленген пайдалану режимі кезінде белгілі бір жағдайда ғимараттың немесе имараттың және олардың элементтерінің уақыт аралығында бұзылмастан және деформацияға ұшырамастан өздерінің сапасын сақтау қабілеті.

**3.252 Доғалап пісіру:** Пісірілетін бөлшектердің жергілікті балқытылуы электр доғасымен жүзеге асырылатын металды электрмен пісіру тәсілі.

**3.253 Конструкторлық құжаттаманың бірыңғай жүйесі:** Конструкторлық құжаттаманы әзірлеу, ресімдеу және оның айналымға түсу тәртібі жөніндегі өзара

## ҚР ЕЖ 1.01-102-2014

байланысқан бірыңғай ережелер мен баптарды белгілейтін мемлекеттік стандарттар жиынтығы.

3.254 **Құрылыс өндірісін дайындаудың бірыңғай жүйесі; ҚӨД БЖ:** Мемлекеттік стандарттарда және басқа да нормативтік құжаттарда белгіленген, құрылыстың жоспарлы жүргізілуін және өндірістік қуаттылықтар мен объектілерді белгіленген мерзімдерде және құрылыс жинақтау жұмыстарының сапалы орындалуымен іске қосуды қамтамасыз ететін, өзара байланысқан іс-шаралар және ұйымдық, техникалық, технологиялық, жоспарлы-экономикалық, әлеуметтік сипаттағы міндеттер кешені.

3.255 **Бірыңғай нормалар және бағалар; БНЖБ:** Біртекті жұмыстардың белгілі бір көлемін орындауға жұмсалатын уақыт шығынының дәлдік шегі, сондай-ақ жұмыс бірлігіне теленетін төлем мөлшері.

3.256 **Бөлмежайларды табиғи жарықтандыру:** Бөлмежайларды мөлдір қоршау құралымдары арқылы енетін табиғи жарықпен (тура немесе шағылған) жарықтандыру.

3.257 **Термірлену:** Үстіңгі қабаттың тығыздығы мен су сіңірмеушілігін арттыру үшін бетон үстін цемент езіндімен арнайы өңдеу.

3.258 **Сары сызықтар:** Жойқын жер сілкіністері, өзге де табиғи немесе техногендік сипаттағы зілзалалардың салдарынан үйлердің (ғимараттардың, құрылыстардың) үйінділерге (қиратындыларға) айналуы барынша мүмкін болатын аймақтар шекаралары. Әдетте сары сызықтар үйлер мен ғимараттар арасындағы қашықтықты реттеу үшін қолданылады.

3.259 **Қатты тіректер:** Тас және армотас құралымдардың есептеулерінде қабырғалары кемінде 12 см болатын көлденең тас және бетон қабырғалар, қалыңдығы кемінде 6 см болатын темірбетон қабырғалар, қарсы кермелер, қатты торапты көлденең жақтаулар, көлденең қабырғалардың учаскелері және көлбеу жүктемелерді қабылдайтын басқа да құралымдар.

3.260 **Қатты түйістер:** Құралымдардың біріктірілген тораптарда әсер ететін қалыпты күштер мен майысу моменттерін қабылдайтын түйістер.

3.261 **Қаданың ростверкпен мықтап түйіндесуі:** Қаданың жеңсырықтарын арматураны анкерлеу ұзындығы бойымен ростверкке бекіту және қаданың бетонын ростверкке кемінде 50 мм етіп қысып бекіту. Мынадай жағдайларда: қаданың өзегі әлсіз топырақта орналасқанда; түйіскен жерде қадаға берілетін қысу жүктемесі қаданың қима ядросының шегінен асатын эксцентриситетпен түсірілетін болғанда; еркін тірелген қадаға әсер ететін көлбеу жүктемелердің орын ауыстыруының мәні жобаланған ғимарат немесе имарат үшін шекті мәндерден үлкен болғанда; іргетаста еңіс немесе құрама тік қадалар болғанда; қадалар жұлып алу жүктемелеріне жұмыс істегенде көзделеді.

3.262 **Қаданың қатандығы:** Қадаға түсірілетін күштің оның отыруына қатынасы. Ол есептеулер бойынша немесе қадаларды статикалық сынау нәтижелері бойынша анықталады. Бағдарламалық есептеу кешендерінде түпкі элемент қатандығының тиісінше мәнімен беріледі.

3.263 **Қанылтырлау жұмыстары:** Табақ болаттан жаппа тұрғызғанда, ғимараттардың санитарлық-техникалық жүйелерін салып-монтаждаған кезде

орындалатын, қалыңдығы 1 мм-ге дейінгі табақ болаттан жасалған түрлі бұйымдарды дайындау жұмыстары.

3.264 **Забой:** Топырақ ашық немесе жерасты тәсілімен өңделетін, жұмыстарды жүргізу барысында ауысып отыратын жұмыс орны.

3.265 **Таспен толтыру:** Қабырғалардың немесе тоғыспаның ойықтарын, сыртқы және ішкі көздеуқатар арасындағы кеңістікті тас қалаумен толтыру.

3.266 **Шегендеу:** Қабырғаның ішкі және сыртқы қабықтарының арасындағы аралықты таспен, шақпатаспен, сынған кірпішпен және басқа материалдармен толтыру.

3.267 **Сүзуге қарсы шымылдық:** Тіреуіш гидротехникалық имарат негізінің топырағында және оның жағалық бөліктерінде судың сүзілу жолын ұзарту, имараттың табанына түсірілетін сүзгілік қысымды төмендету, сүзуге жұмсалатын су шығынын азайту үшін жасалатын, судың сүзілу ағыны жолындағы жасанды тосқауыл.

3.268 **Дайындық процестер:** Салынып жатқан объектіні жартылай фабрикалармен, бөлшектермен және бұйымдармен қамтамасыз ететін процесс. Бұл процестер әдетте мамандандырылған кәсіпорындарда (құрама темірбетон зауыттарында, тауарлық бетон зауыттарында және басқаларда.), сондай-ақ құрылыс алаңы жағдайында (объекті маңындағы бетон-ерітінді тораптары, объекті маңындағы арматуралық цехтар және басқа жерлерде) орындалады.

3.269 **Дайындық жұмыстары:** Құрылыс және пайдалану материалдарын дайындау мен өндіру жұмыстары, қоймалар ұйымдастыру.

3.270 **Даярлама:** Материалдардың пішінін, өлшемдерін, үстінің тазалығы мен қасиеттерін өзгертіп бөлшек немесе ажырамалы жималы бірлікті (мысалы, арматуралық қаңқаны жинауға арналған арматура шыбықтары, штампталған төсемді дайындауға арналған болат табақ, темірбетон конструкцияларына арналған үстіне антикоррозиялық жабын жағылған салма бөлшек) дайындайтын өндіріс заты.

3.271 **Жобалауға берілген тапсырма:** Тапсырыс беруші инвестор) беретін және объектіні жобалау мен оның құрылысына қойылатын талаптарды қамтитын ресми құжат.

3.272 **Жималы темірбетон конструкцияларының қоспаларының түйістерін бітеу:** Салма бөлшектерді пісіру және коррозиядан қорғау, түйістерді бетон қоспасының езіндісімен күйып бекіту, түйістерді герметиктеуден тұратын процесс.

3.273 **Құрылыстағы орындалым:** Жоспарланған кезеңнің соңына қарай өтпелі объектілерде орындалуға тиіс жұмыстар көлемі. Орындалымның мөлшерін анықтайтын негізгі көрсеткіш - объектілер құрылысының нормативтік ұзақтығы. Тұрғын үй құрылысында орындалымның мөлшері орындалым объектілерінің санын белгілеуге және жұмыстардың жүргізілуін жобалауға қажетті заттай (тұрғылықты және жалпы ауданы) және баға көрсеткіштерімен анықталады.

3.274 **Қуаттылық бойынша орындалым:** Кәсіпорындардың құрылысы басталғаннан бастап жоспарланған кезеңнің соңына дейін енгізілген қуаттылықтарды алып тастағанда, жоспарланған кезеңнің соңындағы құрылысы жүріп жатқан кәсіпорындардың жиынтық жобалық қуаты.

**3.275 Күрделі салымдар көлемі бойынша орындалым:** Объектінің сметалық құнына кіретін құрылыс-жинақтау жұмыстарының және басқа шығындардың құны, ол өтпелі құрылыстарда жоспарланған кезеңнің соңында игерілуге тиіс.

**3.276 Құрылыс-жинақтау жұмыстарының көлемі бойынша орындалым:** Өтпелі құрылыстарда жоспарланған кезеңнің соңында орындалуға тиіс құрылыс және жинақтау жұмыстарының құнын қамтитын, күрделі салымдар көлемі бойынша орындалымның бір бөлігі.

**3.277 Тапсырыс беруші (құрылыс жүргізуші):** Мердігерлік ұйыммен (мердігермен) жобалау-іздістіру және құрылыс-жинақтау жұмыстарын жүргізуге шарт жасасу арқылы ғимараттың және имараттың күрделі құрылысына қаржы бөлетін жеке немесе заңды тұлға (жеке тұлға, ұйым, кәсіпорын, мекеме).

**3.278 Темірбетондағы салмалы бөлшектер:** Бетондауға дейін темірбетон элементтерге орнатылатын металл бөлшектер; темірбетон құралымдарды металл құралымдармен жалғау үшін, технологиялық жабдықты орнату мен бекіту және басқа мақсаттар үшін қолданылады.

**3.279 Топырақты бекіту:** Топырақтың беріктігін немесе байланысқыштығын арттыру үшін және топырақтарға су сіңірмеушілік қасиет беру үшін топырақтың табиғи жатысында оның құрылыс қасиеттерін физикалық-химиялық әдістермен жасанды өзгерту.

**3.280 Жабық қойма:** Ашық ауада бұзылатын материалдарды сақтауға арналған қойма.

**3.281 Құлып, құлпылық тас:** Тоғыспаны немесе арканы аяқтайтын жоғарғы орталық тас. Ол жазықтықтан біршама шығыңқы болатын сына тәріздес блок немесе кірпіш болып табылады.

**3.282 Құрама элементтердің жіктерін тұтастай құю:** Құрастырылатын бұйымдар арасындағы жапсарларды, қуыстарды цемент ерітіндісімен немесе бетонмен толтыру. Бұл орайда құйып бекітуге арналған бетон көтеру, қоршау, сәндік функцияны атқаруы мүмкін немесе бірнеше функцияны қатар атқарады.

**3.283 Соққы саны:** Қаданың тірелуінің орташа шамасын өлшеу үшін орындалатын топыраққа қағылатын қадаға соғылатын балға соққыларының саны.

**3.284 Құламаның орналасуы:** Шұңқыр немесе үйінді құламасының көлбеу проекциясы. Еңіс тіктігімен, яғни жер құрылысының биіктігінің (тереңдігінің) еңіс жатысына қатынасымен сипатталады.

**3.285 Топырақты сулау:** Нығыздау тәсілдерінің бірі, ол топырақты берілген түсуі тұрақтанғанға дейін су басуын көздейді.

**3.286 Түйісуді құйып бекіту:** Екі немесе одан көп құрама темірбетон құралымдардың немесе олардың элементтері жанасқан аймақты монолитке айналдыру процесі, Арматураның немесе салмалы бөлшектердің жеңсырықтарын бекіту (негізінен пісірумен), кейіннен түйіс жолағын бетон қоспасымен немесе ерітіндімен толтыру арқылы қол жеткізіледі.

**3.287 Топырақты тоңазыту:** Топырақтарды бекіту және су сіңірмеушілік қасиетіне жету мақсатында әлсіз және суқаныққан топырақтарды табиғи жатысында 0°C-ден төмен температураға дейін жасанды суыту.

3.288 **Нөлдеу:** Адамдарды электр тогынан зақымданудан қорғау шарасы; тікелей жермен қосылған бейтарап сымды желілерде қолданылады. Нөлдеу қоректендіргіш тораптың бірнеше рет жерлендірілген нөлдік сымна электр жабдығының кернеу берілмеген, бірақ оқшаулаудың бүлінуі салдарынан кернеу пайда болатын корпусын және басқа да құрылымдық металл емес бөліктерін қосу арқылы жүзеге асырылады. Нөлдеудің міндеті - зақым келгенде немесе корпус тесілгенде қондығыны тораптан жылдам сөндіру.

3.289 **Кешіккен деформация:** Күштердің салдары болып табылатын және олардың соңынан жүре отырып, уақыт өте келе шоғырланатын, материалдардың реологиялық қасиеттеріне әрекет етуші күштерге байланысты белгілі бір шекті мәнге асимптотикалық жақындайтын деформациялар. Уақыттың кез келген сәтінде шоғырланған, шекті деформациядан ерекшеленетін кешіккен деформация уақыт бойынша түсірілген күштің өзгеру заңына байланысты болады.

3.290 **Құрылыстағы өндірістік қорлар:** Құрылыс алаңында немесе кәсіпорында бар, бірақ әлі өндірістік процеске берілмеген өндіріс құралдары.

3.291 **Қоршауды толықтыру:** Тіректер немесе ғимараттың құрылыс құралымдарының тік беті арасында орналасқан қоршау элементі.

3.292 **Жіктер мен сызаттарды толтыру:** Жіктің немесе сызаттың қуысына олардың сусіңіргіштігін қамтамасыз ету үшін герметикті (мастиканы) енгізудің технологиялық шарасы.

3.293 **Запорная планка:** Есікті немесе терезені жапқан кезде немесе бекітіп қойған кезде сұқпаны немесе ілмек сұқпаны кіргізетін бөлшек.

3.294 **Ғимараттар арасындағы аралықтарды салу:** Бір қызыл сызықтың бойында немесе бір кварталда орналасқан екі сәулет объектісін жалғайтын және олардың арасындағы бос кеңістікті толтыратын қосымша ғимараттар мен имараттарды салу.

3.295 **Тегістеу:** Езіндінің сылақ қабатын үстінен арнайы аспаптармен тегістеу.

3.296 **Құрылыс өндірісіне кететін шығындар:** Құрылыс ұйымдарының құрылыс өнімін өндіруге жұмсайтын ақшалай нысанда берілген шығыстары.

3.297 **Тура шығындар:** Құрылыс-жинақтау жұмыстарының сметалық құнының негізгі құрамдас бөлігі, ол барлық материалдардың, бұйымдар мен құралымдардың, энергетикалық ресурстардың құнын, жұмысшылардың жалақысын және құрылыс машиналары мен тетіктерін пайдалану құнын қамтиды.

3.298 **Анкерлік бұрандамаларды тартып керу:** Қарапайым немесе механикаландырылған құралдарды пайдалану арқылы анкерлік бұрандаманы жабдықты жинақтаудың техникалық шарттарында көрсетілген шамаға дейін алдын ала керу. Бұрау моментінің аталған шамасы болмаған жағдайда бұрандаманы түпкілікті тарту кезінде ол нормаланған ең үлкен шекті бұрау моментінен аспауға тиіс. Тартып керу күші бұрау моментінің шамасы бойынша; бұрандаманың орнын ауыстыруы немесе ұзаруы бойынша; сомын бұрылу бұрышы немесе гидрожүйедегі осы мақсаттар үшін арнайы жасалған гидрокілттер қысымының мәні бойынша бақыланады.

3.299 **Учаске бөлігі:** Шектерінде жұмыстардың технологиялық кешеніне кіретін барлық жеке құрылыс процестері орындалатын құрылыс салу, ғимарат, имарат учаскесінің бір бөлігі.



## ҚР ЕЖ 1.01-102-2014

3.300 **Тазарту:** Шұңқырлардың, қазақшұңқырлардың түбі мен қабырғаларының үстінен топырақтың алынбаған қабатын кесу. Тазарту үшін экскаватор шөмішіне ілінетін тазартқыш саймандар қолданылады.

3.301 **Қысып бекіту:** Тірекке элементті (құралымды) сызықтық және бұрыштық орын ауыстырулар болмайтындай етіп мықтап бекіту.

3.302 **Топырақты тереннен қопсытып қорғау:** Келешекте жер құрылысы орналасатын учаскеде қазылатын топырақты атқылау жолымен 1,3 м-ден 1,5 м-ге дейінгі тереңдікке топырақты экскаватормен қопсыту процесі.

3.303 **Звено:** Жұмысшылар (бір немесе бірнеше мамандықты) тобы, олардың ең аз саны белгілі бір құрылыс процесін орындау кезінде еңбектің ұтымды ұйымдастырылуына негізделеді.

3.304 **Инфрақұрылымдық звено:** Жоғары дамыған материалдық-техникалық базаның звеносы, ол осы базаның құрылыс-жинақтау және өнеркәсіптік-өндірістік звеноларының өзара қарым-қатынасын және қалыпты қызмет етуін қамтамасыз етеді. Көлік байланысының барлық түрлерін, өндіріс элементтерін қоймаға жинау мен сақтауды, оларды орналастыруды және жиынтықтау базаларына шоғырландыруды, техникалық және технологиялық жүйелерді, машиналар мен тетіктерді жөндеу мен пайдалануды қамтамасыз етеді.

3.305 **Тас қалаушылар тобы:** Екі тас қалаушыдан тұратын топ, біреуі - көздеу қатарды қалайтын жоғары білікті жетекші маман, екіншісі - қабырғаға материалды жайып төсейтін және таспен толтыратын көмекші жұмысшы. Мұндай топ қабырғаның қалыңдығы бір жарым кірпішке дейінгі көп саңылаулы қабырғаларды қалау кезінде тиімді.

3.306 **«Бестік» тас қалаушылар тобы:** Топ бес тас қалаушыдан тұрады. Ол үш дербес звеноға бөлінеді: сыртқы көздеу қатарды бірінші тас қалаушы көмекші жұмысшымен бірге қалайды, одан кейін 2,0 м-ден 2,5 м-ге дейін қашықтықта екінші тас қалаушы өзінің көмекші жұмысшысымен істейді және осындай қашықтықта тағы да бір көмекші жұмысшы шойтаспен толтырады. Бұл тәсіл қалыңдығы екі жарым және одан көп кірпішті қабырғаларды қалау кезінде тиімді.

3.307 **«Үштік» тас қалаушылар тобы:** Үш тас қалаушыдан тұратын топ. Жетекші тас қалаушы сыртқы түзік қалауды, екінші тас қалаушы қалған қалауды орындайды, қосалқы жұмысшы ерітіндіні жағып, кірпішті әкеледі. Топ қарапайым және орташа күрделіліктегі қалыңдығы екі кірпіштік қабырғаларды қалағанда тиімді.

3.308 **«Төрттік» тас қалаушылар тобы:** Екі «екілік» топпен қалау жүргізетін төрт тас қалаушыдан тұратын топ; түзік қалаудың сыртқы және ішкі қалауын жетекші тас қалаушылар, ал қосалқы жұмыстарды екі қосалқы жұмысшы жүргізеді. Топ қабырғаның қалыңдығы екі жарым кірпіш және одан көп болғанда тиімді.

3.309 **Өнеркәсіптік-өндірістік звено:** Құрылыс материалдарымен, машиналарымен, бұйымдарымен және құралымдарымен қамтамасыз ету арқылы құрылысты үдемелі дамытудың индустриалдық негізін құрайтын звено.

3.310 **Құрылыс-жинақтау звеносы:** Жоғары дамыған материалдық-техникалық базаның звеносы, оған жалпы құрылыстық және мамандандырылған құрылыс жинақтау

ұйымдарының барлық түрлері кіреді. Бұл звено дайын құрылыс өнімін шығаруды жүзеге асырады.

3.311 **Дыбыс оқшаулау:** Шу деңгейін төмендету бойынша іс-шаралар кешені, ғимараттың қоршау құралымдары арқылы енетін дыбыстарды әлсірету.

3.312 **Еденнің дыбысын оқшаулау:** Аражабын арқылы шудың берілуін төмендететін қабат немесе кеуекті аратөсем.

3.313 **Үй:** Адамдардың тұруына немесе ішінде болуына, өндірістік процестерді орындауға, сондай-ақ материалдық құндылықтарды орналастыруға және сақтауға пайдаланылатын функционалдық мақсатына қарай, міндетті түрде жер бетіне салынып, тұйық көлемді құрайтын, тіреу және қоршау конструкцияларынан тұратын жасанды құрылғы. Үйдің жер асты бөлігі болуы мүмкін.

3.314 **Жерсорғыш снаряд (жерснаряд):** Топырақты жерсорғыштың көмегімен соратын топырақ қабылдағышқа ілінген жүзбе құрылғы болып табылатын снаряд.

3.315 **Жер қазу жұмыстары:** Жер қазуды (өңдеуді), қазылған топырақты көшіруді және топырақты тегістеу мен нығыздау арқылы төсеуді қамтитын құрылыс жұмыстарының кешені. Жер қазу жұмыстарын жүргізудің мақсаты - топырақтан инженерлік имараттар (бөгет, жол, арық, траншея және басқалар) жасау, ғимараттар мен имараттардың негізін орналастыру, құрылыс жүргізу үшін аумақты жайғастыру, пайдалы қазбалардың кен орнын ашық тәсілмен аршу үшін топырақ сілемдерін шығарып тастау.

3.316 **Жұмыстарды жүргізудің қысқы жағдайлары:** Ауаның орташа тәуліктік температурасы 5°C төмен болатын, ал ең төменгі тәуліктік температура 0°C төмен болатын кезеңде процестерді орындау үшін арнайы әзірленген шараларды жүзеге асыруды қажет ететін жағдайлар. Қыс жағдайында жұмыстарды жүргізу технологиялық және ұйымдастырушылық іс-шараларды өткізуді қажет етеді, олар құрылыстың белгіленген мерзімін және құрылыс өнімінің сапасын сақтау кезінде еңбек, энергетикалық және материалдық шығындарды ұлғайтпауға мүмкіндік береді.

3.317 **Жіктер мен сызаттарды толтыру:** Жіктің немесе сызаттың су өткізбеуін қамтамасыз ету үшін олардың ойышна герметика (мастика) салудың технологиялық операциясы.

3.318 **Ғимараттар арасындағы арақашықтықтарға құрылыс салу:** Бір қызыл сызықта немесе бір кварталда орналасқан екі көршілес сәулет объектісін қосатын және олардың арасындағы кеңістікті толтыратын қосымша ғимараттар мен имараттардың құрылысы.

3.319 **Кармауыштар:** Құрастырылатын элементтерді көтеруге арналған құрылғы. Конструкциялық тұрғыдан қармауыштар механикалық, электромагниттік және вакуумдық болып орындалады.

3.320 **Кранмен қызмет көрсету аймағы:** Кранның жұмысы барысында ілмегі сызатын сызық шегіндегі кеңістік.

3.321 **Кранның жұмыс аймағы:** Құралымдарды орналастыру кезінде кранның ілмегі сызатын сызық шегіндегі кеңістік.

3.322 **Көтергіштің жұмыс аймағы:** Көтерілген жүктің құлауы мүмкін болатын кеңістік.

## ҚР ЕЖ 1.01-102-2014

3.323 **Материалдарды жинау аймағы:** Кірпіш салынған табандықты және ерітінді салынған жәшіктерді орналастыруға арналған, ені 1,0 м-ден 1,6 м-ге дейін болатын тас қалаушының жұмыс орнының учаскесі (алаңы).

3.324 **Тас қалаушының жұмыс орнының көліктік аймағы:** Жұмыс аймағы шегінде материалдарды жеткізумен шұғылданатын жұмысшының жүруіне арналған, ені 0,75 м-ден 1,20 м-ге дейін болатын жұмыс орнының учаскесі (алаңы).

3.325 **Аумақтарды аймақтарға бөлу:** Қала құрылысын жоспарлау кезінде жекелеген аймақтарды қала құрылысына пайдалану түрлері мен оларды пайдалану жөніндегі мүмкін болатын шектеулерді белгілей отырып аумақтарды функционалдық аймақтарға бөлу.

3.326 **Сейсмикалық қауіптілігі жоғары аймақтар (аудандар):** Сейсмикалық әсерінің жиілігі жеті және одан да көп балл болуы мүмкін (күтілетін) аудандар.

3.327 **Инемен сүзу:** Топырақ суларының деңгейін инелі сүзгімен төмендету, ол суды тартып шығаратын сорғымен жалғанған сүзгілі құбыр болып келеді.

3.328 **Қадаларды штамптау әдісімен дайындау:** Талап етілетін тереңдікке соққы снарядымен тесіп, кейіннен төменгі бөлігін бетон қоспасымен толтыратын лидер ұңғыны бұрғылап қадаларды дайындауға негізделген әдіс. Қоспаны таптау соққыларымен нығыздап, шеген құбырды, арматуралық қаңқаны салады және қаданың жоғарғы бөлігін бетондауды жүзеге асырады.

3.329 **Жиі тапталған қадаларды дайындау:** Бұрғыланған ұңғымаға ұшында топырақта қалатын шойын башмағы бар шеген құбырды қағу жолымен қадаларды дайындау әдісі. Бетон қоспасын шеген құбырға батыруды порциялап орындайды. Содан кейін шеген құбыр қос әрекетті балғаның көмегімен ұңғымадан алынады.

3.330 **Құрылыс бұйымы:** Құрылысқа дайын күйінде жеткізілетін зауытта жасалған элемент.

3.331 **Өндіріс шығындары:** Өнім өндіруге жұмсалатын жиынтық шығын. Өндіріс шығындары өндіріс құралдарын сатып алуға және жұмыс күшіне ақы төлеуге жұмсалатын өндірістік шығындар болып табылады.

3.332 **Өнертабыс:** Оң нәтиже беретін жаңа және айтарлықтай ерекшеленетін техникалық шешім.

3.333 **Оқшаулау жұмыстары:** Түйіндердің, ғимараттар мен имараттардың бөліктерінің үстінен қорғаныш жабындарын салу мақсатында орындалатын жұмыстар. Оқшаулар жұмыстарының екі түрі бар – гидрооқшаулау және жылуоқшаулау.

3.334 **Инженерлік-геодезиялық ізденістер:** Құрылыс ауданының топографиялық жағдайын зерделеу мақсатында өткізілетін жұмыстар кешені. Инженерлік-геодезиялық ізденістер:

- құрылыс алаңында бұдан бұрын орындалған топографиялық-геодезиялық жұмыстарды жинау мен талдау;
- топографиялық түсірілім жүргізу және имараттың жобасын жергілікті жерге көшіру үшін геодезиялық торлар құру немесе оларды дамыту;
- ірі масштабты түсірілімдер, жерасты коммуникациялары мен имараттарын түсіру;
- желілік имараттарды трассалау;

- геологиялық қазбаларды, геофизикалық және гидрогеологиялық тораптарды геодезиялық байланыстыру;

- түрлі ұйымдармен жер бөлу, кіреберіс жолдары мен басқа да коммуникациялардың шектесуі, құрылыс объектісін электр энергиясымен, газбен, сумен және басқалармен қамтамасыз ету мәселелерін келісу жұмыстарын қамтиды.

3.335 **Түгендеу:** Материалдық ресурстардың нақты санын және жай-күйін анықтау мен есеп және есептілік деректерінің дұрыстығын тексеру, жеткіліксіз және артық заттарды анықтау мен олардың себептерін ашу үшін қолдағы бар материалдық құндылықтардың егжей-тегжейлі тізімін жасау операциясы.

3.336 **Құрылыс объектісінің инвентарлық құны:** Нақты құны, ол бойынша объект пайдалануға берілгеннен кейін құрылыс жүргізушінің негізгі қызметінің балансына негізгі қорлардың элементі ретінде кіргізіледі.

3.337 **Инвестициялық құрылыс жобасы:** Бастапқы салым жасалғаннан бастап жұмыстар аяталғанға дейінгі күрделі салымдардың толық циклін іске асыратын жоба, оның құрамына құрылыс бөлігі де кіреді.

3.338 **Инвестор:** Басқару субъектісі, оның басты қызметі салынған қаржыға пайызбен анықталатын (инвестордың пайдасы) пайда алу мақсатында жобаны немесе инвестициялық бағдарламаны қаржыландыру болып табылады.

3.339 **Құрылысты индустрияландыру:** Құрылыстағы өндірістік процестерді кешенді механикаландыру және автоматтандыру негізінде немесе объектіні салу процестерін құрылыс алаңынан заман талабына сай басқару әдістері негізінде зауыттық жағдайға көшіру арқылы ғимараттар мен имараттар салу процесі.

3.340 **Инженерлік геология:** Геологияның жер қыртысының жоғарғы қабаттарын және олардың динамикасын адамның инженерлік қызметіне қатысты зерттейтін саласы.

3.341 **Инженерлік гидрогеология:** Жерасты сулары туралы ғылым-гидрогеологияның құрамдас бөлігі. Инженерлік гидрогеологияда жерасты сулары түрлі инженерлік имараттардың құрылысы мен оларды пайдалануға және адамның шаруашылық қызметіне байланысты қарастырылады.

3.342 **Инженерлік инфрақұрылым:** Адамдардың тіршілік етуі, сондай-ақ өндірістің немесе тауарлар мен көрсетілетін қызмет айналымының тұрақты жұмыс істеуі үшін қалыпты жағдай туғызатын кәсіпорындардың (ұйымдардың), объектілердің (ғимараттар мен құрылыстардың), инженерлік және коммуналдық қамтамасыз ету коммуникацияларының және желілерінің жиынтығы.

3.343 **Елді мекендердің аумақтарын инженерлік дайындау:** Мақсатты қалақұрылыстық пайдалану аумақтарын игеру, елді мекендердің санитарлық-гигиеналық және микроклиматтық жағдайларын жақсарту бойынша инженерлік іс-шаралар кешені. Аумақты инженерлік дайындау құрамына:

- аумақты вертикал жайғастыру;
- үстіңгі ағынды ұйымдастыру және іркінді суды жою;
- суқоймаларын салу және реконструкциялау кіреді.

3.344 **Құрылыс алаңының аумағын инженерлік дайындау:** Құрылысты бастау және жүзеге асыру мақсатында ұйымдастыру, техникалық және технологиялық сипаттағы

## ҚР ЕЖ 1.01-102-2014

өзара байланысқан дайындық іс-шараларының кешені. Құрылыс алаңының аумағын инженерлік дайындаудың негізгі жұмыстарына:

- тұрақты және уақытша құбырларды төсеу;
- алаңды тігінен жайғастыру;
- дренаж орнату және автожол төсеу;
- жинақтау және қойма алаңдарын орналастыру, сондай-ақ жылжымалы және инвентарлық уақытша ғимараттарды орналастыру жатады.

**3.345 Инженерлік ізденістер:** Құрылыс жүргізілетін ауданның тиімділігін және орналасқан жерін негіздеуге, жаңа немесе қалпына келтірілетін ғимараттарды (имараттарды) жобалау және олардың сметаларын есептеу үшін қажетті деректерді жинауға мүмкіндік беретін техникалық және экономикалық зерттеулер кешені. Инженерлік ізденістер құрылыстың барлық кезеңдерінің алдында жүргізіледі.

**3.346 Инжиниринг:** Кеңес беруші-фирманың клиентіне өнімді өндіру, өткізу процесін даярлау мен қамтамасыз ету, құрылысқа қызмет көрсету және өнеркәсіп инфрақұрылымын және басқа да объектілерді пайдалану бойынша коммерциялық сипаттағы инжинирингтік және консультациялық қызметтер ұсынуы.

**3.347 Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы инжинирингтік қызметтер көрсету:** Оңтайлы жобалық көрсеткіштерге қол жеткізу мақсатымен құрылыстың дайындығын және жүзеге асырылуын қамтамасыз ететін қызметтер кешенін көрсету.

**3.348 Нұсқаулық:** Басқару қағидалары мен әдістерін сипаттайтын нормативтік-әдістемелік құжат.

**3.349 Еңбек қарқындылығы:** Белгілі бір уақыт аралығында жұмсалатын және дене, ой және жүйке қуатының шығындарымен уақыт бірлігімен өлшенетін еңбек саны.

**3.350 Ақпараттық процестер:** Ақпараттық технологиялар - ақпараттық-есептеу техникасының есептеу әдістері, әдістемелері, бағдарламалары мен құралдары арқылы іске асырылатын және құрылыс технологиясын барынша тиімді жүзеге асыру жөнінде шешімдер әзірлеу мен қабылдау мақсатында мінсіз заттарды (ақпаратты, сандарды, бастапқы деректерді, құжаттарды) өңдеуге бағытталған процестер.

**3.351 Ақпарат:** Алушысы үшін жаңалық элементтері болатын және оның тарапынан шешім қабылдауды қажет ететін мәліметтер, деректер.

**3.352 Инъекциялық бетондау тәсілі:** Конструкция қалыбына (арматураның жобалық орналасуын бұзбай) ірі толтырғышты біркелкі салып, сосын салынған толтырғыштың қуыстарына қысыммен цемент-құм езіндісін толтыратын тәсіл. Конструкция қалыңдығы 1 м-ден асқанда езіндіні қалыпқа ірі толтырғыш төселгенге дейін салынатын болат құбырлар арқылы, конструкцияның қалыңдығы 1 м-ден кем болғанда конструкция қалыбындағы арнаулы инъекциялық тесіктер арқылы инъекция жасалады.

**3.353 Топырақ суларының деңгейін жасанды төмендету:** Топырақ суларының деңгейін төмендетуге бағытталған және инесүзгілі, эжекторлы инесүзгілі қондырғылардың немесе жеке сорғылармен жабдықталған ұңғыма жүйелерінің көмегімен жүзеге асырылатын іс-шаралар.

3.354 **Құралымдар мен имараттарды сынау:** Теориялық зерттеулердің өзара байланысын анықтау және оларды шынайы имаратта іске асыру мақсатында имараттар мен құралымдардың нақты жұмысын зерттеуге арналған эксперименталдық әдістер мен құралдар кешені. Құралымдар мен имараттарды сынау: имарат құрылысына бақылау жүргізуді, пайдалануға қабылдауды, пайдаланылған құралымдар мен имараттарды жөндеу, қайта құрылымдау немесе жарамсыз деп тану мақсатында оларды диагностикалауды, апаттық құралымдардың жағдайын бағалауды көздейді.

3.355 **Материалдарды сынау:** Материалдардың механикалық, физикалық, химиялық немесе өзге де қасиеттерін анықтау, Материалдарды сынау кезінде бақылау-сынау операцияларының әдістемесін регламенттейтін стандарттар, ведомстволық және басқа да техникалық шарттар басшылыққа алынады. Материалдарды сынау фабриказауыттың лабораторияларында және басқа лабораторияларда жүзеге асырылады.

3.356 **Кавальер:** Керек емес топырақты үйгенде, сондай-ақ орлар мен қазаншұңқырларды қайта толтыруға арналған топырақты уақытша сақтау үшін жасалатын үйінді.

3.357 **Күнтізбелік жоспарлау:** Жекелеген ғимараттар мен имараттардың немесе олардың кешенінің күнтізбеге белгіленген (құрылыстың нормативтік немесе шарттасқан ұзақтығын есепке ала отырып объекті, кешен құрылысының және жұмыстарды жүргізу мерзімдерін күнтізбелік мерзімдерге бекіту арқылы) құрылысын жүргізу процесінің ұйымдық-технологиялық үлгісін әзірлеуді қамтитын, құрылыс өндірісінің элементтерін уақыт бойынша және кеңістікте ұйымдық-технологиялық байланыстыру процесі.

3.358 **Дайындық кезеңінің күнтізбелік жоспары:** Дайындық кезеңінің ұзақтығын және ғимараттар мен имарат әр бойынша дайындық жұмыстарының көлемін айларға бөле отырып орындау мерзімдерін белгілейтін жобалау-технологиялық құжат. Дайындық кезеңінің күнтізбелік жоспары құрылысты ұйымдастыру жобасының құрамында әзірленеді. Оны құрастыру нысаны және бірізділігі құрылыстың күнтізбелік жоспарына ұқсас болады.

3.359 **Еңбек шығындарын калькуляциялау:** Құрылыс жұмысының белгілі бір көлемін орындауға жұмсалатын еңбек шығындарының (адам-сағат, адам-күн) мөлшерін есептеуге арналған нысан. Құрылыс процесі, жеке жұмыс; бөлінген жұмыс аймағында звено, бригада орындайтын құрылыс жұмыстарының кешені; жеке құралым, тұтастай алғанда құрылыс имараты еңбек шығындарын калькуляциялау объектісі болып табылады.

3.360 **Қысқы уақытта аязға қарсы қоспалармен тас қалау:** Ерітіндінің қату температурасын төмендететін және теріс температурада беріктіктің жобалық шамадан 20%-ке құралу жиынының арттыруын қамтамасыз ететін аязға қарсы химиялық қоспаларды қолдануға негізделген қысқы уақытта тас қалау жұмыстарын жүргізу тәсілі.

3.361 **Жік толтыра тас қалау:** Жіктер толығымен ерітіндімен толтыру көзделетін қалау.

3.362 **Қуыс жікті етіп тас қалау:** Сылақ қабаты қалаумен жақсы жабысуы үшін жіктері 10 мм-ден 15 мм-ге дейін ерітіндімен толтырылмайтын қалау.

3.363 **Тас қалау жұмыстары:** Ғимараттар мен имараттардың тасты құралымдарын салу кезінде орындалатын құрылыс жұмыстары. Тас қалау жұмыстарының

## ҚР ЕЖ 1.01-102-2014

құрамына негізгі (кірпіш немесе ерітіндіде тас қалау) процестерден басқа, қосалқы процестер (ағаштар және төсемсатылар орнату, материалдар беру және осындай жұмыстар) кіретін процестердің кешені болып табылады.

3.364 **Тас өңдеу:** Тас өңдеу: Табиғи тасқа талап етілетін пішін беріп, сыртқы әрлеу (фактура) процесі. Тас өңдеу негізгі үш операциядан тұрады: арамен кесу, жиектеу және сыртқы бетін өрнектеп өңдеу. Тас өңдеуді станоктарда, термиялық, пневматикалық немесе электр аспаптармен жүргізеді.

3.365 **Күрделі құрылыс:** Жаңа объектілерді салу және жабдықпен қамтамасыз ету немесе қолданыстағы объектілерді: кәсіпорындарды, өндірістік және азаматтық мақсаттағы ғимараттар мен имараттарды қайта құрылымдау (кеңейту, қайтадан жабдықтау).

3.366 **Құрылыстағы күрделі салым:** Жаңа құрылысқа, қолданыстағы өнеркәсіптік, ауыл шаруашылығы, көлік, сауда және басқа да кәсіпорындарды қайта құрылымдау, кеңейту және техникалық жарақтандыру үшін жұмсалатын ақшалай шығындар, тұрғын үй, коммуналдық және мәдени-тұрмыстық құрылысқа жұмсалатын шығындар.

3.367 **Ғимараттар мен имараттарды күрделі жөндеу:** Объекті құралымдарының және инженерлік жабдық жүйесінің мүлтіксіз жұмыс істеуін және жұмыс қабілетін қалпына келтіру, сондай-ақ объектінің негізгі техника-экономикалық көрсеткіштерін өзгертпестен, физикалық тозуы мен бұзылуына байланысты пайдалану керсеткіштерін қалыпты жағдайда ұстау мақсатында объектіні жөндеу.

3.368 **Сыртқы инженерлік коммуникацияларды және абаттандыру объектілерін күрделі жөндеу:** Бұл су құбыры, кәріз, жылумен, газбен және электрмен қамту желілерін жөндеу, аула аумағын көгалдандыру, жолдарды, кіреберістер мен жаяу жүргіншілер жолдарын жөндеу жұмыстары және басқа жұмыстар.

3.369 **Қатаңдық өзектері бар қаңқа:** Байланыстырылған, рамалыбайланыстырылған немесе қаңқақабырғалы құралымдық жүйе, онда қаңқа дінгек немесе қатаңдық өзегі түрінде - тұйық пішінді қатаңдықтың тік кеңістік элементтері түрінде орындалады.

3.370 **Инженерлік-геологиялық жағдайлар картасы:** Инженерлік-геологиялық ортаның ғимарат пен имаратқа әсер ететін компоненттерін топографиялық планда (картада) сандық, графикалық және өзге де нысанда бейнелеу.

3.371 **Инженерлік-геологиялық аудандастыру картасы:** Бөлінген таксономиялық бірліктердің (аудандардың, кіші аудандардың, учаскелердің және басқалардың) инженерлік-геологиялық жағдайларын осылардың қабылданған (берілген) біртектілік дәрежесі арқылы топографиялық планда (картада) бейнелеу.

3.372 **Инженерлік-экологиялық карта:** Картада қоршаған ортаның қазіргі экологиялық ахуалын және (немесе) оның белгілі бір уақыт аралығында өзгеру болжамын графикалық бейнелеу.

3.373 **Еңбек процестерінің картасы:** Өндірістік операциялары жиі қайталанатын қандай да бір өндірістік процестің ұтымды және тұрақты технологиясын белгілейтін және

осы операцияларды орындау әдістерін, шарттарын және материалдық-техникалық қамтамасыз етілуін анықтайтын құжат.

3.374 **Қоймалық есепке алу карточкасы:** Материалдың келіп түсуін немесе әрбір босатылғаннан кейінгі олардың қалдығын белгілей отырып материалдық құндылықтардың қозғалысы туралы барлық операциялар күнделікті көрсетілетін құжат.

3.375 **Сапа сертификаты:** Жеткізілген тауардың сапасын куәландыратын ілеспе құжат. Онда сапа көрсеткіштері, техникалық сипаттамалары көрсетіледі. Сатып алушының талап етуі бойынша сатушы тәуелсіз ұйым, тиісінше мекеме, фирма, сауда палатасы болмаса мемлекеттік ұйым берген сапа сертификатын көрсетеді.

3.376 **Сапа:** Тауардың тұтыну мақсаты бойынша пайдаланылу үшін жарамдылығын анықтайтын қасиеттерінің жиынтығы.

3.377 **Құрылыс өнімінің сапасы (объектінің сапасы):** Қызметтің (пайдалануға берудің, пайдаланудың, қолданудың) бүкіл мерзімі бойында меншік иелерінің (пайдаланушылардың) және тұтас алғанда қоғамның мүдделері мен қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған талаптарды білдіретін, тұтынушыларға жеткізілген түпкілікті құрылыс өнімі сипаттамаларының (эстетикалық сипаттаманы қоса алғанда) жиынтығы.

3.378 **Квалиметрия:** Өнімнің сапасын (қызметтің нәтижелерін), ал кейбір жағдайларда - өндіріс немесе басқару процестерін сандық бағалау әдістерін біріктіретін, зерттейтін және іске асыратын ғылым саласы.

3.379 **Біліктілік разряды:** Бір кәсіптегі және мамандықтағы жұмысшылардың кәсіби даярлық деңгейі.

3.380 **Біліктілік:** Жұмысты күрделілігіне, дәлдігіне және жауапкершілігіне байланысты белгілі бір топқа (разрядқа) жатқызуға мүмкіндік беретін технологиялық, еңбек және ұйымдастырушылық факторлар жиынтығы.

3.381 **Жұмысшының біліктілігі:** Белгілі бір ұйымдық-техникалық жағдайларда осы топқа (разрядқа) жататын жұмысты орындауға қажетті білім мен кәсіби дағдылар жиынтығы

3.382 **Су астында жұмыстарды жүргізудің кессондық тәсілі:** Суасты жұмыстарын ауаның шектен тыс қысымы кезінде судан босатылған қоршау құралымдарын (кессонды) пайдалану арқылы жүргізу.

3.383 **Оттектен кесу:** Металдың оттектен ағынында жану мен түзілген тотықтарды осы ағынмен жоюға негізделген, металдарды газ жалынымен өңдеудің бір түрі.

3.384 **Қалау:** Ғимараттар мен имараттардың бөліктерін тас бұйымдар (кірпіш, тастар, блоктар) мен құрылыс езіндісінен дайындау процесі.

3.385 **Шойтасбетонмен қалау:** Төселген бетон қоспасына горизонтал қатарлармен дірілмен батырып шойтастан қалау.

3.386 **Қисық пішінді табиғи тастардан шойтасты қалау:** Іргетастарды, жертөле қабаттарының қабырғаларын, жылытылмайтын ғимараттардың іргеқабаттары мен қабырғаларын салған кезде қолданылатын қалау. Қалау үшін әктас, құмтас, ұлутас, туф, гранит, сондай-ақ қабаттардағы тастарды байластыру мақсатында шақталған жұмыр тас пайдаланылады.



## ҚР ЕЖ 1.01-102-2014

3.387 **Қысқы жағдайларда қалау:** Аязға қарсы химиялық қосымшалары бар қарапайым езінділерді қолданып, сондай-ақ жылы үйшіктерде жаңадан тұрғызылған қалауды электрмен немесе бумен жылытқыштарды қолданып, ашық ауада теріс температурада қалау кезінде температурасы жылы езіндімен қаланатын, суыту әдісімен қалау.

3.388 **Шойтастан толтыра қалау:** Шойтастан ордың немесе қалыптың қабырғаларына тіреп құрғақтай қалап, одан кейін қуыстарды шақпатаспен толтырып, цемент езіндісін құю әдісі.

3.389 **Шойтастан айқастырып қалау:** Бір қатарлы байластыру жүйесі бойынша жіктерді байластыра отырып, биіктігі бойынша іріктелік алынған тастардан горизонтал қатарлап орындалатын шойтас қалауы. Алдымен сыртқы және ішкі түзіктерді қалап алып, олардың арасына езінді тастайды да шойтастарды қалайды.

3.390 **Тасты армирлеп қалау:** Беріктігін арттыру үшін жігіне арматура торын немесе жеке арматура шыбықтарын (жоба бойынша) салатын тас қалау.

3.391 **Көпқатарлы (алтықатарлы) қалау:** Бес бойлық қатар бір ендік қатармен жабылатын қалау.

3.392 **Жеңілдетілген конструкция қабырғаларын қалау:** Ендік қатарлармен 3-5 қатар сайын байластырылатын параллель екі бойлық қабырғалардан тұратын қабырғаны қалау. Пайда болған қуысты жылуокшаулағыш материалмен толтырады.

3.393 **Қабырғаларды қаптап қалау:** Қабырғаларды қаптап қалау: Қасбеттерін беттік кірпішпен, қыш тақтамен және табиғи тастан жасалған тақтамен қаптайтын қабырғаларды қалау.

3.394 **Тізбекті бірқатар қалау:** Бір бойлық және ендік қатар сайын кезектесіп орындалатын қалау.

3.395 **Құрылыс мақсаттарында климаттық аудандастыру:** Мемлекеттің аумағын өзіне тән климаттық көрсеткіштері бойынша аймақтарға немесе аудандарға бөлу, оған құрылыстың ерекшеліктері, ғимараттың немесе жеке құралымдардың түрлерін таңдау, сондай-ақ құрылыс жұмыстарын ұйымдастыру мен жүргізу әдістері жатады.

3.396 **Ұжымдық мердігерлік:** Құрылыс процесіне инженерлік-техникалық жұмысшыларды және басқару аппараты қызметкерлерін енгізу арқылы құрылыста еңбекті ұйымдастыру нысаны.

3.397 **Түсірме құдық:** Топырақты қазу шамасына қарай оның өз салмағының әсерінен батырылатын қуыс вертикал конструкция.

3.398 **Бағаналап бұрғылау:** Тау жынысын бұзу ұңғыма забойының шеткі (сақиналы) бөлігі бойымен орталық бөлігін (кернді) сақтап жүзеге асырылатын айналдырып бұрғылау. Барлау және іздестіру жұмыстарында қолданылады.

3.399 **Құрылыстағы біріктіре үйлестіру:** Құрылыс өндірісін жүзеге асыру нысаны, ол құрылыс жүргізу және жинақтау процесін, түрлі маманданған ұйымдарды немесе құрылыс және жинақтау ұйымдарын құралымдар мен бөлшектер жасау жөніндегі өнеркәсіптік кәсіпорындармен әкімшілік біріктірумен сипатталады.

3.400 **Аралас монтаждау әдісі:** Саралық (барлық бір типті конструкцияларды ғимараттың немесе учаскенің шектерінде біртіндеп орнату) және кешенді (эртүрлі

конструкцияларды ғимараттың бір немесе бірнеше ұяшықтарының шектерінде біртіндеп монтаждау) әдістерінің үйлесімі болып табылады.

**3.401 Комбинированный свайно-плитный фундамент; КСПФ:** Фундаментная плита, в которой для уменьшения осадок и их неравномерности предусматриваются сваи, располагаемые на расстоянии не менее 57 диаметрам и более между осями свай. Метод расчета осадки КСПФ основан на совместном учете жесткости свай и плиты. При этом нормами проектирования предусматривается, что когда в работу включается плита, на сваи принимается приблизительно 85% общей нагрузки на фундамент, на плиту - 15%.

**3.402 Коммуналдық құрылыс:** Коммуналдық шаруашылық ғимараттары мен имараттарын, коммуналдық көлік және қалалық жол желісі объектілерін, коммуналдық энергетика кәсіпорындары мен имараттарын, елдімекендердің сыртқы абаттандыру объектілерін салуды, қайта құрылымдауды және кеңейтуді көздейтін құрылыс саласы.

**3.403 Қаңқалы ғимараттардың байланыстарын үйлестіру:** Қаңқаға түсірілетін жүктемелердің сипатын және түрлерін ескере отырып, жазық рамаларды кеңістіктік қатты қаңқаға біріктіретін ұстындар арасындағы түрлі тік байланыстар мен жабын байланыстарының оңтайлы орналастыру.

**3.404 Қаңқаны құрастыру:** Есептеуге дейін орындалатын көтергіш элементтер мен байланыстардың ұтымды сұлбасын анықтау, оның негізінде есептік сұлбалар жасалады және қажет болғанда ол орындалғаннан кейін нақтыланады.

**3.405 Басқаруды компьютерлендіру:** Басқару органдарының оңтайлы басқарушылық шешімдер алуы мақсатында электрондық-есептеу техникасын және ақпаратты өңдеу әдістерін пайдалану процесі.

**3.406 Инвестициялық-құрылыс кешені:** Жобалау және мердігерлік ұйымдар, инвестициялық машина жасау салалары, құрылыс материалдары мен құралымдары өнеркәсібі, жабдықтар мен құрылыс материалдарын жеткізушілер, әлеуметтік-тұрмыстық инфрақұрылым кәсіпорындары сияқты барлық қор құраушы салалардың жиынтығын құрайтын кешен. Кешеннің орталық звеносы - барлық инвестициялық салалардың күшін шоғырландыратын және материалдық ресурстарды негізгі қорларға түрлендіретін саласы ретіндегі күрделі құрылыс.

**3.407 Кешенді құрылыс жүргізу:** Тұрғылықты ауданның тұрғын үйлері мен әлеуметтік-тұрмыстық мақсаттағы объектілерін, инфрақұрылымын бір мезгілде іске қосуды көздейтін ірі тұрғын үй массивін жоспарлау, жобалау, оның құрылысын жүргізу.

**3.408 Кешенді-механикаландырылған процесс:** Барлық негізгі жұмыстары машиналармен жүргізілетін, ал кейбір қосалқы операциялары механикаландырылған құралдардың көмегімен орындалатын құрылыс процесі. Бұл орайда барлық машиналар еңбектің жоғары өнімділігін, ең төменгі ұстыны, негізгі машиналарды барынша пайдалануды және жұмыстарды жүргізу мерзімін қысқартуды қамтамасыз ететіндей болып өнімділігі және негізгі параметрлері бойынша өзара байланыстырылады.

**3.409 Ғимаратты кешенді күрделі жөндеу:** Ғимаратты тұтастай немесе оның жекелеген бөліктерін, бұл ретте олардың физикалық және моральдық тозуы қалпына келтіріледі, оның ішінде инженерлік жабдықты, сыртқы желілерді және жөнделетін ғимаратқа тиеселі аумақты абаттандыруды қамтитын жұмыстарды қарастыратын жөндеу.

3.410 **Кешенді процесс:** Өзара тікелей ұйымдық тәуелділікте болатын және түпкілікті өнімнің бірлігімен байланысқан бір мезгілде жүзеге асырылатын қарапайым процестердің жиынтығы, мысалы, ғимараттың ұстындарын, арқалықтарын және қаңқасының фермасын орнату.

3.411 **Жиынтықтау-блокты әдіс:** Ғимараттар мен имараттардың және олардың бөліктерінің құрылысын жүргізуді және технологиялық желілерді, агрегаттар мен инженерлік жабдықты жинақтауды біріктіретін әдіс, ол блок жинағын индустриалды жасап шығаруды және оны құрылыс алаңына жеткізуді, оларды ірілендірілген жинауды және олардан ғимарат және имарат тұрғызуды көздейді.

3.412 **Өндіріс барысының толымдылығы:** Бұйымды уақтылы және ырғақты жинауды және соның нәтижесінде кәсіпорынның өнімді ырғақты шығаруын қамтамасыз ететін мөлшерде және мерзімдерде оның жекелеген бөліктерін (тораптары мен бөлшектерін) бірқалыпты жасап шығару.

3.413 **Жинақтаушы бұйым:** Жеткізуші кәсіпорынның басқа кәсіпорын шығаратын бұйымның құрамдас бөлігі реінде пайдаланатын бұйымы.

3.414 **Іріблокты монтаждау конвейерлік әдісі:** Конструкцияларды арнаулы тұрақтарда ірі блоктарға, содан кейін бірыңғай технологиялық процесс ұйымдастырып, нөлдік циклден бастап іске қосу-баптау жұмыстарына дейінгі жұмыстардың барлық түрлерін өзара байланыстыра орындап, монтаждалғандарын белгілі бір технологиялық ретпен жинауға негізделген монтаждау әдісі.

3.415 **Конвейерлер:** Қиыршықтасты, шақпатасты, топырақты, бетон қоспаларын, кірпішті, үгітілген тасты құрылыс алаңының, құрылыс бөлшектерін шығаратын зауыт немесе карьер шектерінде тасымалдау үшін қолданылатын құрылғылар.

3.416 **Монтаждық кондуктор:** Монтаждалатын конструкцияларды немесе олардың элементтерін жобалық орындарында салыстырып тексеру жіне уақытша бекітуге арналған құрылғы.

3.417 **Салынып жатқан объектілерді консервациялау:** Құрылысы аяқталмаған объект конструкцияларының, материалдары мен жабдықтарының оны салудың уақытша тоқтатылуы кезеңінде сақталуы мен сапалық сипаттамаларын қамтамасыз ету жөніндегі шаралар кешені.

3.418 **Құралымдау:** Жобаны (жұмыс сызбаларын, үлгілерін) және қажетті есептеулерді орындау, жобалау объектісінің барлық бөліктері мен элементтерін байланыстыру, олардың өзара орналасуын және өзара әрекеттесуін байланыстыру арқылы және жекелеген бөліктері мен элементтерінің материалын таңдау арқылы кез келген нәрсенің (машинаның, агрегаттың, имараттың) конструкциясын құру.

3.419 **Қабырғалы құралымдық жүйелер:** Тік және көлбеу жүктемелердің барлық жиынтығын қабылдайтын, аражабынның көлбеу дискілерімен бірлескен жұмысы үшін біріктірілген көтергіш қабырғалардан тұратын кеңістік құралымдық жүйе. Ғимараттың планында көтергіш қабырғалардың орналасу сұлбасына және оларға аражабындардың тірелу сипатына байланысты айқас-қабырғалы, көлденең-қабырғалы және бойлық-қабырғалы құралымдық жүйелер болып бөлінеді.

3.420 **Көтергіш қабырғалары бар құралымдық сұлба:** Аражабындар мен шатырдан (жабыннан) түсетін жүктемені бойлық, көлденең қабырғалар немесе бірмезгілде осы екеуі де қабылдайды.

3.421 **Қаңқасы толық емес құралымдық сұлба:** Сыртқы көтергіш қабырғалар мен ішкі көтергіш қабырғаларды алмастыратын ішкі қаңқасы бар сұлба.

3.422 **Көтергіш құралымдар:** Жүктемелер мен әсерлерді қабылдайтын және ғимараттар мен имараттардың беріктігін, қатаңдығын және орнықтылығын қамтамасыз ететін құрылыс құралымдары.

3.423 **Контактілі пісіру:** Металдарды үстеме материалды қоспай электрмен пісіру тәсілі, бұнда пісіру біріктіру аймағында жалғау жазықтығына перпендикуляр бағытталған сығу күшінің бір уақыттағы әрекетімен жергілікті қыздыру жолымен жүзеге асырылады.

3.424 **Контактілі құйып бекітілу:** Түйірлі немесе талшықты материалдардан қаңқаның жасалуына негізделген кеуектілігі жоғары материалдарды алу тәсілі.

3.425 **Кірпішті контейнермен тасымалдау тәсілі:** Ағашметалл табаны бар әмбебап контейнерге салынған кірпішті тасымалдау тәсілі.

3.426 **Бақылау:** Өндіріс процесінің нақты барысы мен дамуының әзірленген жоспарға сәйкестігін байқау және тексеру.

3.427 **Көзбен бақылау:** Сыртқы қарау арқылы жүзеге асырылатын бақылау.

3.428 **Ведомствоішілік бақылау:** Жоғары тұрған ұйымның бақылау-тексеру бөлімшелерінің кешенді тексеру жүргізуі.

3.429 **Шаруашылық ішілік бақылау:** Желілік жұмысшылардың материалдық есептері мен жалақы нарядтарының нақты орындалған жұмыстардың көлемі мен құрылымына сәйкестігін бақылап тексеру. Бақылауды құрылыс ұйымының әкімшілігі және функционалдық бөлімдері жүзеге асырады.

3.430 **Іріктеп бақылау:** Бақыланатын өнімді іріктеп тексеру. Іріктеу мөлшері құрылыс нормаларымен және ережелерімен немесе жобамен белгіленеді.

3.431 **Өлшеп бақылау:** Өлшеу құралдарын, соның ішінде лабораториялық жабдықты қолданып орындалатын бақылау.

3.432 **Үзіліссіз бақылау:** Бақыланатын параметр туралы ақпараттың белгілі бір уақыт аралығында түсіп тұруына негізделген бақылау.

3.433 **Операциялық бақылау:** Жұмыстарды жүргізу барысында немесе олар аяқталғаннан кейін орындалатын бақылау. Өлшеу әдісімен немесе техникалық байқау арқылы жүзеге асырылады. Операциялық бақылау нәтижелері жұмыстардың жалпы немесе арнайы журналдарында, геотехникалық бақылау журналдарында және осы ұйымда қолданылатын сапаны басқару жүйесінде көзделген басқа да құжаттарда көрсетіледі.

3.434 **Қабылдап алу бақылауы:** Объектінің құрылысы немесе оның кезеңдері, жасырын жұмыстар және бақылаудың басқа объектілері аяқталғаннан кейін жүргізілетін бақылау. Оның нәтижелері бойынша бақылау объектісін іске қосуға немесе оның кейінгі жұмыстарды жүргізуге жарамдылығы туралы құжатталған шешім қабылданады.

3.435 **Тіркеп бақылау:** Құжаттарда (сертификаттарда, актілерде, жасырын жұмыстарды растау, жұмыстардың жалпы және арнайы журналдарында) тіркелген

## ҚР ЕЖ 1.01-102-2014

деректерді талдау арқылы жүргізілетін бақылау. Бақылау объектісіне қол жеткізу мүмкін болмағанда қолданылады.

3.436 **Тұтастай бақылау:** Бақыланатын өнімнің барлығын (барлық жіктерді, барлық қадаларды, барлық құралымдарды) тексеру.

3.437 **Контрфорс:** Қабырғаның сыртқы жағында орналасқан және бүйірлік кермені қабылдайтын тік тірек. Контрфорстың қимасы негізге жақындаған сайын үшбұрыш бойынша немесе сатылы ұлғаяды. Салыстырмалы түрде үлкен емес жүктеме туындағанда контрфорстың қимасы тұрақты болуы мүмкін.

3.438 **Құрылысты шоғырландыру:** Күрделі салымдарды шоғырландыруды, яғни құрылыстың шектеулі санына күрделі салымдарды және тиісінше еңбек және материалдық ресурстарды жинақтауды, сондай-ақ өндірістің тиімділігін жоғарылату мақсатында құрылыс ұйымдарын ірілендіруге негізделген құрылысты шоғырландыруды көздейтін жоспарлы процесс.

3.439 **Тұжырымдамалық кезең:** Алға қойған мақсаттары туралы хаттама, жобаға салынатын инвестицияның негіздемесін немесе жобаның бизнес-жоспарын және жобалауға берілген тапсырма әзірлеуді көздейтін кезең.

3.440 **Бірлескен құрылыс:** Бірлескен қозғалыс нысанының бір түрі, оның мүшелері тұрғын үйді бірлесіп салу және пайдалану үшін бірігеді.

3.441 **Үйлестіру:** Ортақ мақсаттарға қол жеткізу үшін қарастырылып отырған жүйеге қатысты түрлі сыртқы жүйелердің іс-қимылын үйлестіру функциясы.

3.442 **Коперлер:** Қаданы қаққан кезде дұрыс орнату және бағыттау үшін қызмет ететін механизмдер.

3.443 **Қораптану:** Бұйымдарды, құралымдарды жасау кезінде туындайтын ішкі кернеудің пайда болуы және кейіннен сыртқы факторлардың әсер етуі нәтижесінде олардың пішіндері мен өлшемдерінің өзгеруі.

3.444 **Түпқопарғы:** Учаскелерді түбірлер мен ірі тастардан тазартуға және оларды шағын арақашықтықтарға көшіруге, сондай-ақ ағаштарды аунату және топырақты қопсытуға арналған машина.

3.445 **Қисық кеспек:** Кесілген ағаш құралымдарының элементтерін қысқартып кесу арқылы қосу, ол тіреулер мен арқалықтардың жапсарлары үшін майысу моменттерінің мәні нөлге немесе кіші мәндерге тең болатын жерлерде, қажет болғанда тартқыш бұрандамаларды орнату арқылы қолданылады.

3.446 **Көлбеу арқалық:** Баспалдақтың алаңшалары арасында салынған көлбеу арқалық, оған өз кезегінде баспалдақ сатылары төселеді. Өндірістік үй құрылысында жиналмалы баспалдақ маршы толығымен (көлбеу арқалық та, баспалдақтар да) темірбетоннан жасалды және олар да көлбеу арқалық деп аталады.

3.447 **Құрылыс машиналары паркін уақыт бойынша пайдалану коэффициенті:** Нақты жұмыс істеген машина-күндер санының осы кезең аралығындағы шаруашылықта болған машина-күндердің күнтізбелік санына қатынасы.

3.448 **Ауысым ішінде машинаны уақыт бойынша пайдалану коэффициенті:** Машинаның ауысым ішінде жұмыс істеген уақыты мөлшерінің ауысымның ұзақтығына қатынасы.

3.449 **Машинаны уақыт бойынша пайдалану коэффициенті:** Машинаның бір жылғы жұмысына жұмсалған нақты уақытының бір жылға белгіленген жоспарлы жұмыс уақытына қатынасы.

3.450 **Қалдық қопсыту коэффициенті:** Ұзақ уақыт бойы үйінді түрінде жатқан топырақтың қопсытылу дәрежесін көрсететін коэффициент.

3.451 **Бастапқы қопсыту коэффициенті:** Қопсытылған және қалыпты табиғи күйдегі топырақ көлемінің қатынасы.

3.452 **Машина жұмысының ауысымдылық коэффициенті:** Есепті кезеңде бір типті машиналар істеген машина-сағат санының осы машиналардың жұмыс істеген күндерінің жұмыс күнінің орташа ұзақтығына туындысына қатынасы.

3.453 **Машинаның техникалық дайындық коэффициенті:** Машинаның пайдалануға толықтай дайын болған уақытының жалпы жұмыс уақытына қатынасы.

3.454 **Жұмыс жағдайының коэффициенті:** Құрылыс объектісінің қабылданған есептік сұлбасының оның нақты жұмыс шарттарынан ауытқуын есепке алатын коэффициент. Жұмыс жағдайының коэффициенттері құралымдар мен негіздердің есептеулерін реттейтін нормаларда тәжірибелік және теориялық деректер, сондайақ жұмыстарды жүргізу мен пайдалану кезінде материалдардың, құралымдар мен негіздердің нақты жұмысы жөніндегі деректер негізінде белгіленеді.

3.455 **Қызыл сызықтар:** Елді мекендерді жоспарлау құрылымындағы кварталдардың, шағын аудандардың, өзге элементтердің аумағын көшеден (жолдардан, аландардан) бөліп тұратын шекара. Әдетте қызыл сызық құрылыс салу шекарасын реттеу үшін қолданылады.

3.456 **Құрылысты несиелеу:** Қаржыландырушы банк мекемелерінің құрылыс жүргізушілерге және мердігерлерге заем беруі. Несиелеу - құрылыс жоспарына сәйкес күрделі салымдар үшін және мердігерлік жобалау және іздестіру ұйымдарының ағымдағы шығындарын қайтарымдылық негізінде өтеу үшін қаражат қалыптастыру көздерінің бірі.

3.457 **Айқас байланыстар:** Жазық немесе кеңістікті құралымдық жүйелердің геометриялық түрленбеуін (өзгермеуін) қамтамасыз ететін қатты немесе топсалы қосылған айқас байланыстар.

3.458 **Сапаның интегралды критерийі:** Дифференциалдық (жеке) критерийлердің маңыздылығын ескере отырып жалпылау критерийі. Бұл кезде дифференциалдық критерийлер олардың ауытқулары барлық шектер үшін белгілі, біркелкі және бірдей таңбалы болатындай етіп қалыптастырылады.

3.459 **Шекті беріктік:** 28 тәулікті құрайтын кезеңдегі жобалық беріктіктен пайызбен берілген аязға төзімділік критерийі, оған жеткенде бетон оң температуралы кезеңде одан әрі қатайғаннан кейін өзінің беріктік қасиеттерін төмендетпестен тоңазытылуы мүмкін. Нормаланған беріктік шамасы тұтас құйылған құралымның типін, қолданылатын бетонның классын, оны төзімділік шарттарын, құралымға жобалық жүктемені түсіру мерзімдерін, пайдалану шарттарын қамтитын факторларға байланысты болады.

3.460 **Объектінің аса маңызды нүктелері:** Биік ғимараттардың құрылыс құралымдары, элементтері, тораптары, инженерлік және басқа жүйелердің

## ҚР ЕЖ 1.01-102-2014

коммуникациялары, олардың істен шығуы немесе оларға рұқсатсыз әсер ету төтенше жағдайдың туындауына әкеп соқтыруы мүмкін.

3.461 **Шекті ұзақ жол:** Барынша ұзақ уақытқа созылатын желілік кестедегі толықжол.

3.462 **Жаппа жұмыстары:** Ғимараттың жаппасын салу бойынша құрылыс жұмыстары. Негізгі жаппа жұмыстары — жаппа жабыны мен жаппаның бөлшектерін (науалар, құйғылар, суағын құбырлары және т.б.) салу.

3.463 **Іріблоқты монтаж:** Геометриялық тұрғыдан өзгерметін, конструктивтік түрде аяқталған ірі блоктардан жасалған, құрылыс индустриясы кәсіпорындарда (мысалы, екі кранасты металл арқалықтарын өзара тежегіш ферманы біріктіреді) немесе құрылыс алаңында (толық дайындалған жабындардың кеңістіктік блоктары) дайындалатын ғимараттар мен имараттарды жинауды көздейтін монтаж.

3.464 **Іріэлементті монтаж:** Ғимараттар мен имараттарды конструктивті тұрғыдан аяқталған жеке элементтерден (ұстындар, итарқаасты және итарқа фермалары, арқалықтар, жабын тақталары, қабырға панелдері және т.б.) жинау.

3.465 **Лакты сырлы қорғаныш жабын:** Құрылыс бұйымының немесе құралымның бетіндегі лактысырлық материалмен жүргізілген, бір немесе бірнеше қабаттан тұратын, қорғалатын бетпен адгезиялық жолмен байланысқан жабын.

3.466 **Құрылыстық қоршау сатылар:** Құрылыс-жинақтау жұмыстары жүргізілетін аймақта жұмысшылар мен материалдарды түрлі биіктікке орналастыруға арналған көп ярусты құралым. Құрылыстық қоршау сатылары төсеп кеңейту құралдарына жатады және конструкциялық орындалуы бойынша тіреулік, жылжымалы, аспалы және сыртқа шығарушы болып бөлінеді. Құрылыста жиналмалы инвентарлық тіреулік қосалқы қамытты немесе болат құбырдан жасалған істікті қоршау сатылар кеңінен таралған.

3.467 **Монтаждық баспалдақ:** Биіктікте жұмыс істеуге рұқсат берілген жұмысшыларға (өрмелегіштер) немесе пісірген жағдайға аналған қоршаусыз жеңілдетілген құрылыс.

3.468 **Ілінетін баспалдақтар және төсемсатылар:** Ұстындарға қамыт және салмалы бөлшектер арқылы бекітілетін баспалдақтар мен төсемсатылар.

3.469 **Аспалы баспалдақ:** Жердегі ұстынға бекітілген қамыттарға асылатын баспалдақтар.

3.470 **Алаңшасы бар сүйеп қоятын баспалдақтар:** Ғимарат аса биік болмағанда ұстындарға фермалар мен кранасты арқалықтарын бекітуге арналған ұстынды орналастыру элементі.

3.471 **Лимиттік-дайындау карталар:** Жұмыстардың жекелеген түрлерін немесе кешенін орындауға қажетті материалдар көрсетілетін құжат.

3.472 **Басқаруды сызықтық ұйымдастыру:** Барлық басқару функциялары басшының қолына шоғырланатын ұйымдастырушылық құрылым.

3.473 **Басқарудың сызықтық-функционалдық құрылымы:** Белгілі бір басқару функциясына сәйкес келетін басқарудың арнайы функционалдық органдарынан, бөлімшелерінен (бөлім, бюро) тұратын сызықтық және функционалдық бөлімшелері біріктірілген құрылым.

3.474 **Басқарудың сызықтық-штабтық құрылымы:** Тораптық басшылар жанынан жекелеген мамандардан немесе басқару топтарынан тұратын арнайы бөлімшелердің (штаб қызметі) құрылуымен сипатталатын ұйымдық құрылым. Бұл қызметтердің мақсаты - өндірістік және басқарушылық міндеттерді құзырлы шешу мақсатында тораптақ басшылар үшін деректер дайындау.

3.475 **Құрылыстағы сызықтық инженерлік-техникалық қызметкерлер:** Тиісінше білімі бар және аға жұмыс жүргізуші (учаске бастығы), жұмыс жүргізуші, учаскелік механик, шебер, техник және нормалаушы лауазымын атқаратын құрылысқа қатысушылар.

3.476 **Құрылыс салуды реттейтін сызық (құрылыс салу сызығы):** Қызыл және сары сызықтардан немесе жер учаскесі шекарасынан шегіндіре отырып, үйлерді (ғимараттарды, құрылғыларды) орналастыру кезінде белгіленетін құрылыс салу шекарасы.

3.477 **Маңдайша забой:** Экскаватор артқы жүріспен бірте-бірте қозғалғанда топырақты «теріс шөміш» экскаваторымен көсіп алып шұңқыр қазу.

3.478 **Қалаудың бойлық қатары:** Тасты қабырғаның бойына ұзын жағымен қалаған кезде пайда болатын қатар.

3.479 **Люлькалар және төсемсатылар:** Құрал-саймандарымен бір немесе бірнеше жұмысшыны белгілі бір биіктікке көтеруге арналған жабдықтар.

3.480 **Магниттік және электромагниттік дефектоскопия:** Пісірме қосылыстарының ақауларын іздеу тәсілі, ол магниттік күш желілерінің шашыраған өрістерінің ақаулар орындарында түзілу нәтижесінде олардың пішінінің өзгеруіне негізделеді. Бақылау учаскесі бір уақытта магнит таспасына жазылып, кейіннен магнитграфикалық дефектоскоптерда, таспада белгіленген нәтижелерін оқып магниттеледі.

3.481 **Макет:** Жоспарланып отырған аумақтардың, жобаланып отырған объектілердің, олардың жекелеген элементтерінің, сондай-ақ үй-жайлар интерьерлерінің кеңістіктегі өлшемдестігін немесе құрылыстардың ішкі кеңістігін белгілеу мақсатында көлемді нысандағы (түгелдей көрсете отырып немесе шартты түрде) масштабқа қатаң сәйкес келетін етіп орындалған иллюстрациялық (көрнекі) материал. Макет ретінде компьютерлік кеңістіктік модельдеудің бейнематериалдары пайдаланылуы мүмкін.

3.482 **Макеттеу:** Макеттерді талап етілетін ауқымда немесе сирегірек натуралық шамада дайындау. Объектіні натурада жүзеге асырғанға дейін ол туралы анағұрлым толық ақпаратты алу тәсілі.

3.483 **Кіші механизация:** Қол еңбегінің шығындарын қысқартып, көп еңбекті талап ететін шаралар мен жеке процестерді механикаландыруға арналған құралдар мен қосалқы жабдық. Функционалдық мақсатына қарай кіші механизация құралдары келесі топтарға бөлінеді: төсеу құралдары, жүкті қармауыш саймандар, контейнерлер мен пакеттер, ыдыстар, құрылыс жанындағы көлік, еңбек шарттарын жақсартуға арналған қосалқы құрылғылар мен қауіпсіздік техникасы.

3.484 **Майлау жұмыстары:** Түрлі үстіңгі беттерге әдемі сыртқы түрге келтіру үшін, оларды атмосфералық әсерлердің, газдардың және тағы басқалардың зиян әсерінен



## ҚР ЕЖ 1.01-102-2014

қорғау үшін оларды сырлау және әрлеу. Кейде сырлаудың арнаулы мақсаты да болады, мысалы, отқа төзімділік, қышқылға беріктікті жасау. Майлау жұмыстары дайындық жұмыстарына, үстіңгі беттерді тегістеу және сырлау, үстіңгі беттерді күрделі әрлеуге бөлінеді.

3.485 **Таңбалау:** Бұйымды сипаттайтын белгілер жиынтығы, мысалы: белгіленуі, шифрі, партиясының (сериясының) нөмірі, реттік нөмірі, дайындалған мерзімі, жасап шығарушы-кәсіпорынның тауарлық белгісі, материалдың маркасы, іріктеу тобы, жинақтау немесе көлік белгілері.

3.486 **Ақпарат легі:** Қандай бір белгісі, мазмұны, қолданылатын мақсаты, өңдеу құралдары мен әдістері бойынша біріктірілген деректер жиынтығы.

3.487 **Бетон немесе темірбетон құралымдардың көлемділігі:** Құралымның суытылған бетінің оның көлеміне қатынасы.

3.488 **Қысқы кезеңде салынатын мастикалық жаппалар:** Құрамына антифриз және илемді қоспалар енгізілген мастикадан жасалған мастикалық жаппалар.

3.489 **Материалсыйымдылық:** Қандай да бір өнімді өндіруге материалдық ресурстарды жұмсау көрсеткіші. Өнім бірлігін дайындауға қажетті шикізат, материалдар, отын және энергия шығының табиғи бірліктерімен немесе пайдаланылатын материалдық ресурстардың өнімнің таза бағасы құрылымындағы бағасының процентімен беріледі.

3.490 **Құрылыстың материалдық-техникалық базасы:** Құрылыс ұйымдарының кәсіпорындары мен шаруашылықтарының, құрылыс материалдары өнеркәсібінің, сондай-ақ құрылысқа қызмет көрсететін салалар жүйесі. Жоғары дамыған материалдық-техникалық базаны үш звеноға бөледі: құрылыс-жинақтау, өнеркәсіптік-өндірістік және инфрақұрылымдық.

3.491 **Материалдық процестер:** Құрылыс өндірісінің материалдық элементтеріне бағытталған барлық іс-әрекетті қамтитын құрылыс процестері.

3.492 **Жер қазғыш-көлік машинасы:** Бір циклде топырақты жайғасымдық шұңқырда кесетін, тасымалдайтын, жайғасымдық үйіндіге түсіріп, оны шөміштің жұмыс органымен немесе үйіндімен ішінара тегістейтін тіркемелі, жартылай тіркемелі немесе өздігінен жүретін машина.

3.493 **Мобильдік монтаж машинасы:** Іс жүзінде жұмыс істеу аймағы шектелмейтін машиналар (шынжырлы және пневматикалық жүрісті өздігінен жүретін жебелі крандар, автомобиль және трактор крандар және т.б.)

3.494 **Арнайы жинақтау машиналары:** Ерекше топты құрайтын машиналар. Оларға өздігінен сырғитын және ауыстырмалы крандар, гидравликалық көтергіштер және тағы басқаларды жатқызады.

3.495 **Мобилдігі шектеулі машиналар:** Ені машиналардың жұмыс істейтін радиусымен, ал ұзындығы олардың жылжу жолының ұзындығымен анықталатын аймақта монтаждау жұмыстарын жүргізуге мүмкіндік беретін машиналар.

3.496 **Стационарлық монтаж машиналары:** Монтаждауды қатал түрде бекітілген кеңістікте, машиналар қозғалысының шектелген радиусында жүргізуге жол берілетін машиналар.

3.497 **Құрылыс жүктерін жеткізуді ұйымдастырудың маятниктік сұлбасы:** Жүктерді тиеу және түсіру кезінде автокөлік құралдарының белгілі бір уақыт амалсыздан тұрып қалуы болатын сұлба.

3.498 **Құрылыс жүктерін жеткізуді ұйымдастырудың маятниктік-айналмалы сұлбасы:** Құрылыс алаңына жүк тиелген тіркемені алып келіп, оны ағытып қояды, бос тұрғанын тіркеп алады, онымен жүк тиелетін орынға оралып, тіркемені жүк тиеу үшін ағытып тастап кетеді, бұдан бұрын тиелген тіркемені тіркеп алып, оны белгіленген орынға жеткізуді көздейтін сұлба.

3.499 **Жобалардың мемлекетаралық сараптамасы:** Объектінің құрылысы туралы халықаралық шартқа қатысушы екі және одан да көп мемлекеттің мүддесін білдіретін жобаларды сараптаудың міндетті нысаны.

3.500 **Сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы мемлекетаралық нормативтер (мемлекетаралық нормативтік құжаттар):** Қазақстан Республикасы мен басқа мемлекеттің (басқа мемлекеттердің) аумақтарында Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттар негізінде қолданылатын, мемлекетаралық қала құрылысы нормативтерін, мемлекетаралық құрылыс нормалары мен ережелерін, құрылыстағы мемлекетаралық стандарттарды қамтитын нормативтік-техникалық құжаттардың, ережелердің және басқа да міндетті талаптардың, шарттар мен шектеулердің жүйесі.

3.501 **Мемлекетаралық жобалау және құрылыс бойынша ережелер жинағы:** Құрылыс жүргізу, жобалау, құрылыс-жинақтау жұмыстары мен құрылыс бұйымдарын жасап шығару, сондай-ақ құрылыс өнімін пайдалану үшін техникалық шешімдерді немесе инженерлік ізденістердің рәсімдерін ұсынатын және оның құрылыс нормаларының, ережелері мен стандарттарының міндетті талаптарына сәйкестігіне қол жеткізу тәсілдерін анықтайтын нормативтік акт.

3.502 **Қонысаралық аумақтар:** Елді мекендердің шекарасынан (шегінен) тыс жатқан аумақтар.

3.503 **Монтаждаудың ұсақ элементті әдісі:** Конструкцияның жекелеген бөлшектерін жинау және жобалық орынға орнату.

3.504 **Жергілікті сығылу:** Элементтердің түйіскен жерлерінде тірек бөлігінің астында пайда болатын сығылу (тапталу)

3.505 **Кешенді жинақтау әдісі:** Ғимараттың бір бөлігінің қаңқасын құрайтын түрлі құралымдық элементтерді бірізділікпен орнатуды, уақытша және түпкілікті бекітуді көздейтін әдіс. Басқа бөліктің элементтерін орнату алдыңғы бөліктің құралымдарын жобалық бекіткеннен кейін ғана басталады.

3.506 **Қаданы дірілмен басып батыру әдісі:** Қадаға дірілдік және статикалық әсерлер үйлесімін қолдануға негізделген қаданы батыру әдісі.

3.507 **Тікелей экономикалық есептеу әдісі:** Қарым-қатынастардың тікелей қоғамдық нысандарына және жоспардың таңдап алынған нұсқасына сәйкес материалдық, еңбек және қаржы ресурстарын тікелей бөлуге негізделген басқарудың экономикалық әдісі.

3.508 **Термос әдісі:** Берілген оң температурадағы бетон қоспасын жылытылған қалыпқа саып, онда қоспаның бастапқы температурасы мен гидратация процесінде

## ҚР ЕЖ 1.01-102-2014

(экзотермия құбылысы) цемент бөлетін жылу есебінен бетон конструкциядағы температура 0°C-ге дейін төмендейтін сәтке дейін қажетті беріктік (әдетте айнымалы) алатын энергия үнемдеуші әдіс.

**3.509 Шаруашылық есеп әдісі:** Тауарлы-ақша қатынастарын пайдалануға негізделген басқарудың экономикалық әдісі.

**3.510 Монтаждау әдістері:** Жекелеген ғимараттарды, имараттарды немесе олардың кешендерін тұрғызған кезде монтаждау жұмыстарын жүргізуде техникалық саясатты анықтайтын және белгілі бір техникалық-экономикалық нәтижеге мақсатты жетуге бағытталған түбегейлі шешімдер.

**3.511 Қабылдап алу әдістері:** Құрылыс нормаларымен белгіленген әдістер, жұмыстарды, өнімді, объектіні қабылдап алу бірізділігін және мерзімдерін, сондай-ақ олардың сақталуы үшін жауаптылықты белгілейтін, міндетті түрде орындалуға тиіс жекелеген қағидалар мен құралдары қолдану ережелері.

**3.512 Қабаттарды, аражабындарды көтеру әдісі:** Көпқабатты ғимараттарды тұрғызу әдісі, онда арқалықсыз аражабындардың (кейде оларға салынған аражабындармен, санитарлық-техникалық жабдықпен және т.б.) ірі өлшемді темірбетон тақталары берілген биіктікке автоматты түрде бірдей жұмыс істейтін көтергіштер кешенінің көмегімен көтеріледі.

**3.513 Өндірісті басқару әдістері:** Жеке жұмысшылар мен өндірістік ұжымдардың алға қойылған мақсаттарға қол жеткізу барысындағы қызметін үйлестіруді қамтамасыз ету үшін оларға әсер ету тәсілдері.

**3.514 Механикаландыру:** Жұмыстарды машиналарды пайдаланып орындау.

**3.515 Механикалық айналдыра бұрғылау:** Топырақтағы ұңғымаларды қарнақты (құбырды) айналдыру немесе оларды бір уақытта түсіріп айналдырғыш ротордың көмегімен алу тәсілі.

**3.516 Құрылыстың механикамен жаракталуы:** Құрылысты кешенді механикаландыру үшін пайдаланылатын техникалық құралдар жиынтығы. Техникалық құралдардың құрамына:

- құрылыс машиналары;
- шағын механикаландыру құралдары;
- автомобиль көлігі құралдары кіреді.

**3.517 Еңбектің механикамен жаракталуы:** Машиналар мен тетіктердің баланстық құнының құрылыс-жинақтау жұмысымен шұғылданатын жұмысшылардың тізім бойынша орташа санына қатынасымен сипатталатын механикаландыру деңгейінің көрсеткіші.

**3.518 Лездік деформация:** Қысқа мерзімді жүктеме түсірілгенде материалдың, құралымның пішіні мен өлшемдерінің өзгеруі.

**3.519 Көп қабатты қабырғалар:** Құралымдық қабаттар арасында жүктеменің таралуын қамтамасыз ететін қатты немесе икемді байланыстармен өзара қосылған жеңілдетіп қаланған қабырғалар және қапталған қабырғалар. Көп қабатты қабырғалардың беріктігін есептеу кезінде екі жағдай бөліп көрсетіледі:

- қабаттардың қатты қосылуы. Қабаттардың түрлі беріктігін және серпімділік қасиеттерін, сондайақ олардың қабырғадағы бірлескен жұмысы кезіндегі беріктігінің толықтай пайдаланылмауын қима ауданын негізгі көтергіш қабаттың материалына келтіру жолымен есепке алу керек. Барлық күштердің эксцентриситеттері келтірілген қиманың осіне қатысты анықталуға тиіс;

- қабаттардың икемді қосылуы. Әрбір қабатты өздері қабылдайтын жүктемелерге жеке есептеу керек, жабындар мен аражабындардан түсірілетін жүктеме тек ішкі қабаттарға берілуге тиіс. Жылу ұстағыштың өз салмағынан түсетін жүктемені көтергіш қабаттарға олардың қимасына барабар етіп бөлу керек

3.520 **Икемді құрылыс:** Құрылыс өндірісінің элементтерін белгілі бір бағытта ауыстыруға, оларды құрылыс ауданында қуаттылықтар түрінде қажетті үйлесімде шоғырландыруға және қоғамдық еңбектің ең төмен шығындарымен нақты жағдайларда ұтымды жұмыс істеуге қабілетті бейімделгіш құрылыс жүйесі.

3.521 **Бейімделгіш:** Жұмыс орнын, қызметін жылдам өзгертуге қабілеттілік.

3.522 **Икемді инвентарлық қосалқы ғимараттар:** Жұмысшылар жылынуға арналған ғимараттар, мастердің және прорабтың кеңселері, асхана, душ қабылдайтын және киім ілетін бөлмелер, әжетхана, медициналық бекет, диспетчер бөлмесі.

3.523 **Икемді инвентарлық өндірістік ғимараттар:** Құрылыс жүргізу кезеңінде құрылыс алаңында орналастырылатын ғимараттар. Оларға құрал саймандар, жөндеу-механикалық шеберханалары, қазандықтар, сылақ және сырлау станциялары, лабораториялар, сорғы станциялары, трансформаторлық қосалқы станциялар жатады.

3.524 **Икемді инвентарлық қойма ғимараттар:** Материалдарды, бұйымдарды, аспаптарды, аппаратуралар мен жабдықтарды сақтауға арналған ғимарат-қоймалар.

3.525 **Ұйымдық-техникалық модель:** Құрылыстың түпкілікті нәтижесіне қол жеткізу - талап етілген сапамен объектіні белгіленген мерзімдерде іске қосуды қамтамасыз ету үшін іске асырылатын ұйымдастырушылық, техникалық және технологиялық іс-шараларды сипаттайтын ақпараттық модель.

3.526 **Ғимараттар мен имараттарды жаңарту:** Ғимараттың қолданыстағы габаритінің пайдаланылу көрсеткіштерін қазіргі заман талаптарына сәйкестендіруге бағытталған құрылыс-жинақтау жұмыстарының кешені; ғимараттардың, секциялар мен пәтерлердің жайғастыру құрылымын өзгерту; ғимараттарды инженерлік жабдықтың жеткіліксіз түрлерімен жарактандыру, объектінің қолайлылық және пайдаланылу технологиясы талаптарына сәйкес жүйелер мен жекелеген құралымдарды ауыстыру.

3.527 **Құрылыс конструкцияларының габариттік параметрлерін модулдеу:** Өлшемдердің горизонтал және вертикал бойынша 100 мм модул негізінде немесе 100 мм-ге тең ірілендірілген модулінің негізінде үдеуін көздейтін бірыңғай модул жүйесі.

3.528 **Модуль:** Сәулет пен құрылыста кешендер, имараттар мен олардың бөліктері өлшемдерінің еселік қатынастарын көрсету үшін қабылданған бастапқы өлшем. Модуль ретінде ғимарат элементтері бірінің ұзындық өлшемі, өлшемі немесе құрылыс бұйымының өлшемі алынады. Модульды қолдану жинақтарға, имараттарға және олардың бөліктеріне өлшемділік береді, құрылысты біркелкілендіру мен стандарттауды жеңілдетеді.

## ҚР ЕЖ 1.01-102-2014

3.529 **Модульдық жүйе:** Ғимараттар мен инженерлік имараттардың, олардың элементтерінің, бұйымдардың, жабдықтардың өлшемдерін осы өлшемдердің белгіленген бірлікке - модуль еселігі негізінде үйлестіру ережелерінің жиынтығы.

3.530 **Объектілер мониторингі:** Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі объектілерінің жай-күйі мен өзгерістерін байқау жүйесі.

3.531 **Монтаждау:** Дайын бөліктер (түйіндер) мен элементтерден имараттарды, конструкцияларды, технологиялық жабдықты, агрегаттарды, машиналарды, аппараттарды жинау және орнату.

3.532 **Топтық кондукторды қолданып қаңқаны монтаждау:** Төрт ұстындық топтық кондукторлардың немесе он алты ұстындық рамалық-топсалық индикаторлардың көмегімен жүргізілетін қаңқаны монтаждау, оның көмегімен ұстындарды уақытша бекіту және еріксіз амалдармен орнатудың берілген дәлдігі қамтамасыз етіледі.

3.533 **Шектеулі-еркін жинақтау:** Құрастырылатын құралымның еркін орын ауыстыруын ішінара шектейтін бағыттауыш тіректерге, бекітпелерге және басқа құрылғыларға орнату арқылы жинақтау.

3.534 **Еріксіз монтаждау:** Конструкциялардың кездейсоқ жылжу еркіндігін толық шектеп, оларды аспаппен бақылаусыз жобалық орынға бейімдеп, орнатуды қамтамасыз ететін арнаулы бекіткіш құрылғыларды қолданып конструкциялар мен жабдықты салыстырып тексерусіз монтаждау.

3.535 **Көлік құралдарынан монтаждау:** Негізгі конструкцияларды монтаждау орнына тікелей көлік құралдарымен сағаттың кесте бойынша әкеліп, монтаждау жұмыстарын ұйымдастыру.

3.536 **Еркін монтаждау:** Монтаждалатын элементті еркін жылжытып, қандай да бір шектеусіз жобалық орынға салып монтаждау.

3.537 **Монтаждық биіктік:** Конструкцияны орнату биіктігінен (белгісінен), жер деңгейінің немесе монтаждалатын элементтің тірек бетінің үстіндегі биітік запасынан, монтаждалатын конструкцияның биіктігінен (ұзындығынан немесе қалыңдығынан), ілмектің немесе жүк қармауыш құрылғылардың биіктігінен өкралатын биіктік.

3.538 **Монтаждау аймағы:** Элементтерді орнату және бекіту кезінде жүк құлауы мүмкін кеңістік. Бұл аймақ ықтимал қауіпті болып табылады, ол ғимарат биіктігі 20 м-ге дейін болғанда оның контуры плюс 7 м және ғимарат биіктігі 20 м-ден 100 м-ге дейін болғанда плюс 10-ға тең.

3.539 **Монтаждық масса:** Монтаждалатын конструкция мен онымен көтерілетін саймандардың массасы.

3.540 **Жинақтау технологиялылығы:** Басқа жүйелер тарапынан белгілі бір шектеулер болғанда құралымдарды жинақтаудың ішкі жүйесі технологиялылығының сипаттамасы.

3.541 **Монтаждау-төсеу процестері:** Құрылыс процестерінің материалдық элементтерінің пішінін қайта өңдеу, өзгерту немесе жаңа қасиеттер беру болып табылатын процестер. Бұл процестер құрылыс өндірісінің өнімін алуды қамтамасыз етеді.

3.542 **Монтаждық ілмектер:** Арматурадан жасалған және жималы темірбетон конструкция элементтерінің бір бөлігі болып табылатын, конструкцияны көтерген кезде және орнатқан кезде ілмектеуге арналған ілмектер.

3.543 **Монтаждық саймандар:** Жималы конструкцияларды монтаждаған кезде көтеру, орнату және уақытша бекіту, түйіс қосылыстарын салыстырып тексеру және бітеу үшін қолданылатын саймандар.

3.544 **Жинақтау түйістері:** Элементті тұтастай тасымалдау мүмкін болмағанда немесе прокат профильдердің ұзындығы жеткіліксіз болғанда құралымда көзделетін түйістер Жинақтау түйістері құралымды бастапқы элементтер немесе бастапқы маркалар деп аталатын жеке бөліктерге бөледі

3.545 **Жинақтау күштері:** Құралымның өз салмағынан, оны жобалық орнына орнатқанға дейін құралымды сақтау, тасымалдау және жинақтау кезінде туындайтын күштер

3.546 **Жинақтау бұрандамасы:** Ағаш элементтердің түйіспелі қосылу тораптарындағы ағашты түйреп бекіту кезінде тораптың бұзылуына кедергі келтіретін металл байланыс

3.547 **Монтаждау учаскесі:** Ғимараттың немесе имараттың шектерінде бір бригада толығымен кешенді күрделі құрылыс процесі – конструкцияларды монтаждау, инженерлік немесе технологиялық жабдықтауды орындайтын бөлігі.

3.548 **Қуат:** Жұмыстың оны орындауға кеткен уақыт интервалына қатынасына тең болатын энергетикалық шама.

3.549 **Шашырама:** Дайын бетті қорғау, оқшаулау немесе әрлеу үшін оған шашырату жолымен сұйық материалды (сыр, құрылыс ерітіндісі және т.с.с.) жағу тәсілі.

3.550 **Аспалы монтаж:** Монтаждалатын элементтерді горизонтал немесе көлбеу бағыттарда бұрын монтаждалған конструкцияларға оларды түпкілікті бекіткенге дейін ауада ұстап тұрып, ретімен қосу, элементтер арасындағы жіктерді құйып бекіту және уақытша немесе тұрақты тіректерді салмай құйып бекітетін бетонның (езіндінің) жобада көзделген беріктікке жетуі.

3.551 **Жылжыма:** Конструкциялардың горизонтал жылжуы арнайы салынған жолдың бойымен, кейде төменде жатқан конструкциялардың үстімен конструкциялардың жобалық орнының деңгейінде (немесе одан биігірек) горизонтал жұмыс істейтін домкраттардың, тартпа полипастардың немесе көпір крандарының көмегімен жүзеге асырылатын конструкцияларды монтаждау тәсілі.

3.552 **Құрылыстағы сенімділік:** Ұйымдастырушылық, технологиялық, экономикалық шешімдердің күрделі ықтимал жүйе ретінде құрылысқа тән кездейсоқ ауытқулар жағдайында құрылыс өндірісінің белгіленген нәтижелерге қол жеткізуін қамтамасыз ету мүмкіндігі. Жеке объектіні немесе объектілер кешенін салудың сенімділік көрсеткіші немесе деңгейі жобаланған шамалар шегінде белгілі бір мерзімділікпен, еңбек сыйымдылығымен, құндылығымен және басқа да көрсеткіштермен құрылыс-жинақтау жұмыстарының орындалу ықтималдығы арқылы аналитикалық жолмен көрсетіледі.

3.553 **Мемлекеттік қадағалау:** Объектінің құрылысына жобадан ауытқуды және оның бұзылуын анықтау мен болдырмау және нормативтік құжаттар мен стандарттар

## ҚР ЕЖ 1.01-102-2014

талаптарын сақтау мақсатында өзіне қарасты мәселелер және жұмыс түрлері бойынша тиісті мемлекеттік орган жүзеге асыратын қадағалау.

**3.554 Тапсырыс беруші жүргізетін техникалық қадағалау:** Құрылыс-жинақтау жұмыстарының аяқталған кезеңдеріне, олардың жобалық шешімдерге, құрылыс нормалары мен ережелеріне сәйкестігін, қолданылатын материалдардың, бұйымдар мен құралымдардың сапасына, сондай-ақ объекті құрылысына және оның шартта (келісім-шартта) белгіленген мерзімдерде және белгіленген тәртіппен іске қосылуына жүйелі бақылау жасауды және қабылдап алуды қамтамасыз ету мақсатында құрылыс объектісіне тапсырыс берушінің (құрылыс дирекциясының) өндірістік және өндірістік емес мақсаттағы ғимараттар мен имараттар құрылысын қадағалау жөніндегі арнайы уәкілдік берген адамы белгіленген тәртіппен жүзеге асыратын функциясы.

**3.555 Үстеме шығындар:** Құрылыс және жинақтау ұйымдарының құрылыс өндірісінің жалпы шарттарын жасауға, оны ұйымдастыруға, басқаруға және қызмет көрсетуге байланысты шығындарының орнын толтыруға арналған қаражат сомасы.

**3.556 Көлбеу горизонтал бұрғылау:** Ұңғымаларды арнаулы қондырғылардың көмегімен бұрғылау. Бірінші кезеңде жоспарланған трассада компьютерлік бақылау жүйесінің көмегімен жетекті қуыс қарнаққа монтаждалған бұрғы бастиегімен немесе кескірмен пилоттық ұңғыма бұрғыланады. Бұрғы бастиегі берілген нүктеде үстіңгі жаққа шыққан кезде оны алып шығып, жетекті қарнаққа кеңейткішті жалғайды, оған ұршықтың (сырғаның) көмегімен құбыр немесе кәбіл жалғайды. Қарнақты айналдырып тартқан кезде ұңғыманы кеңейтіп, сонымен бір уақытта кеңейтілген ұңғымаға коммуникацияны тарту жүргізіледі.

**3.557 Қиғаш диагональ аяқтар:** Еңісті шатырдың көлбеу итарқаларының еңістері қиылысатын жерлерге орнатылатын диагональ итарқа аяқтар.

**3.558 Тозандату:** Үстіңгі бетке ұнтақ полимерлерді жағу тәсілі, олар балқып, үстіңгі бетке жабысып қалады, ал салқындатқан кезде берік жабын үлдірін түзеді.

**3.559 Өсіру:** Төменде орналасқаннан бастап конструкция элементтерін бір-біріне кезек-кезек салу жолымен ретімен монтаждау. Соған орай ілмекті көтеру биіктігі монтаждалатын конструкцияның биіктігінен үлкен болып, жүктасымалдығы орнатылатын элементтердің ең ауырының массасынан үлкен болуы тиіс.

**3.560 Тілік (жіктерді тілу):** Бетон жабынның деформациялық жіктерінің қуыстарын бетонды алмас дискімен кесу жолымен жасаудың технологиялық шарасы.

**3.561 Сыртқы санитарлық-техникалық жұмыстар:** Елді мекендер мен кәсіпорындардың жылумен, газбен және сумен қамтитын сыртқы тораптары мен канализациясына арналған құбырларды жүргізу, сумен қамту жүйелері мен канализацияның бас имараттарын тұрғызу жұмыстары.

**3.562 Өрт қауіпсіздігі талаптарын бұзу:** Өрт қауіпсіздігі талаптарын орындамау немесе тиісінше орындамау.

**3.563 Наряд:** Бригадаға, звеноға немесе жеке жұмысшыға берілген нақты өндірістік тапсырманы анықтайтын бастапқы құжат, онда жұмыс көлемі, уақыт нормасы және қолданыстағы тарифтік еңбекке ақы төлеу жүйесіне сәйкес жұмысшылар біліктілігінің разряды көрсетіледі.

3.564 **Төсем:** Ғимарат аражабынының немесе жабынының көтеруші конструкциясына (қабырғалар, арқалықтар, беларқалар, сырғауылдар) орнатылатын және көпқабатты ғимараттарда едендер, өнеркәсіптік ғимараттарда жаппаларды немесе технологиялық жұмыс алаңдарын салуға арналған, сондай-ақ көпірдің жүріс бөлігі ретінде және басқа мақсаттарға қолданылатын элементі.

3.565 **Үйме топырақтар:** Орын ауыстыруы және төсеуі механикалық немесе жарылу тәсілімен жүргізілетін техногендік топырақтар.

3.566 **Ғылыми-техникалық ақпарат; ҒТА:** Құрылыстағы ғылымның, техниканың және технологияның озық жетістіктері туралы мәліметтерді жинау, анықтау мен өңдеу жүйесі және адамдар, адам мен автомат арасында, автоматтар арасында мәліметтермен алмасу.

3.567 **Габаритсіз жүк:** Жылжымалы құрам габаритінің шегінен шығып тұратын жүк.

3.568 **Топырақты толық алмау:** Қазбаны жерқазғыш машинамен қазғаннан кейін онда қалдырылатын (конструктивтік немесе технологиялық түсініктерге қарай нормаларда көзделген шектерде) және қазба түбінің жобалық өлшемдері мен белгілерін қамтамасыз етіп жойылуы тиіс топырақ қабаты.

3.569 **Аяқталмаған құрылыс:** Пайдалануға беру үшін тапсырысшы белгіленген тәртіппен қабылдамаған және мақсатына қарай (тұру, қызмет көрсету, өнім шығару, пайда алу және пайдаланудың басқа да түрлері) пайдаланылмайтын құрылыс объектісі.

3.570 **Салмақ түсірілмейтін панель:** Ғимараттың құралымдарын (терезе және есік блоктарынан және жеңіл терезе аралық қосымшаларынан басқа) тіреуге арналмаған панель.

3.571 **Үзіліссіздік:** Басқарушылық жұмыс барысында кез келген технологиялық үзілісті азайтуды қажет ететін ұйымдастыру қағидасы.

3.572 **Үзіліссіз процесс:** Барлық сатылары бір мезгілде, бірақ қондырғының түрлі бөліктерінде немесе бір технологиялық операцияны орындайтын түрлі қондырғыларда жүріп жататын процесс.

3.573 **Көтергіш панель:** Ғимараттың құралымдарын тіреуге арналған панель.

3.574 **Көтергіш жүйе:** Тұтастай алғанда ғимараттың беріктігін, қатаңдығын, орнықтылығын және кеңістікте өзгермеуін қамтамасыз ететін, сырықты, жазықты немесе көлемдік элементтерден тұратын кеңістік құралым, ғимараттың негізі.

3.575 **Нивелирлеу:** Жер бетіндегі, құрылыстардың түрлі деңгейлеріндегі нүктелердің бастапқы нүкте – «биіктіктер нөлдігіне» қатысты немесе теңіз деңгейінің үстінен геодезиялық өлшеу процесі.

3.576 **Материалдар номенклатурасы:** Құрылыста пайдаланылатын материалдардың, құралымдар мен бөлшектердің жүйеленген тізбесі, онда әрбір атауға шартты түрде сандық-әріптік немесе әріптік-сандық белгі берілген, ол номенклатуралық нөмір (өндіріс ішілік бухгалтерлік есептегі материалдың шартты нөмірі) деп аталады.

3.577 **Көлденең қиманың номиналь ауданы:** Көлденең қиманың ауданы, ол осындай номиналь диаметрлі дөңгелек тегіс сырықтың көлденең қимасының ауданына тең келеді.



## ҚР ЕЖ 1.01-102-2014

3.578 **Норма:** Құрылысты жобалаудың жекелеген бөлімдері бойынша бірыңғай сандық және сапалық көрсеткіштерін белгілейтін талаптар немесе сметалық құнының анықтамасы.

3.579 **Уақыт нормасы:** Еңбек және өндіріс дұрыс ұйымдастырылған жағдайда жұмысты орындайтын, тиісті мамандығы және біліктілігі бар жұмысшының сапалы өнім бірлігін өндіруге қажетті жұмыс уақытының мөлшері.

3.580 **Өндіру нормасы:** Еңбек және өндіріс дұрыс ұйымдастырылған жағдайда жұмыс істейтін тиісті мамандығы және біліктілігі бар жұмысшының қолдағы еңбек құралдарымен уақыт бірлігі ішінде өндіруге тиіс сапалы өнім мөлшері.

3.581 **Нормативтік құжат:** Қызметтің белгілі бір түріне немесе олардың нәтижелеріне қатысты ережелерді, жалпы қағидаларды немесе сипаттамаларды белгілейтін және тұтынушылардың кең қауымына қол жетімді құжат. Құрылыстағы «нормативтік құжат» термині құрылыс нормалары мен ережелері, ережелер жинағы, аумақтық құрылыс нормалары, стандарт деген ұғымдарды қамтиды.

3.582 **Материалдық ресурстар шығынының нормасы:** Өнім бірлігін өндіруге немесе жұмыстың белгілі бір көлемін орындауға қажет материалдық ресурстар шығынының ғылыми негізделген шамасы. Ол өндіріс процесіндегі шикізатты, материалдарды, құралымды және басқа өнімді пайдалану өлшемін сипаттайды.

3.583 **Технологиялық нормаль:** Бір алымда дайын өнім алу үшін кешенге кіретін құрылыс процесінің құрамын, осы процестердің жіктелу дәрежесін, алымда оларды орындау реттілігін, жекелеген процестерді біріктіру мүмкіндігін, қажет болатын технологиялық үзілістерді, олардың орны мен ұзақтығын, сондай-ақ әрбір жеке процестің ұзақтығын қамтитын құрылыстағы жобалық құжат.

3.584 **Машинаның уақыт нормасы:** Машина ұтымды пайдаланылған, сондай-ақ еңбек және өндіріс дұрыс ұйымдастырылған жағдайда сапалы машиналық өнім бірлігін жасауға жұмсалатын машинаның жұмыс уақытының мөлшері.

3.585 **Құрылыстың ұзақтылық нормасы:** Объекті құрылысының мемлекеттік органдар белгілеген ұзақтылығы.

3.586 **Қалыпты пайдалану:** Жобалауға берілген нормаларда және тапсырмаларда көзделген технологиялық немесе тұрмыстық шарттарға сәйкес (ешқандай шектеусіз) пайдалану.

3.587 **Нормалау:** Аналитикалық жолмен анықталған және ғылыми зерттеулермен және озық тәжірибемен техникалық негізделген нормалар негізінде, сондай-ақ ғимаратты, имаратты, құралымды жобалауға қойылатын бірқатар техникалық талаптардың анықтамалары негізінде өнім бірлігін өндіруге немесе жұмыс көлемін орындауға жұмсалатын шығындардың өлшемін белгілеу жөніндегі іс-шара.

3.588 **Норможинақ:** Құрылыс және жинақтау жұмыстарының белгілі бір түрін жүргізу үшін пайдаланылатын механикаландыру құралдарының, құралдардың, құрал-жабдықтардың, құрылғылардың, бақылау-өлшеу аспаптарының оңтайлы жинағы.

3.589 **Нормобақылау:** Нормативтік құжаттарда белгіленген құжаттың конструктивтік сабақтастығын және редакциялық-графикалық безендірілу принциптерін ұтымды пайдаланудың нормалары мен талаптарының сақталуын тексеру процесі.

3.590 **Өрт қауіпсіздігіне қарсы нормалар:** Қала құрылысы, көлемдік-жайғастыру және құрылымдық міндеттерді шешу кезінде өрт қауіпсіздігін қамтамасыз етудің жалпы қағидалары көрсетілетін нормативтік құжат, ғимараттар, имараттар мен олардың элементтерінің отқа төзімділігі және өрт қауіптілігі бойынша жіктелуі, өрттен қорғау құралдары, эвакуациялау жолдары және қауіпсіздік аймақтары, құрылыс құралымдарының материалдары мен бұйымдарының өрт-техникалық көрсеткіштері.

3.591 **Санитарлық-техникалық нормалар:** Қоршаған ортаның сандық көрсеткіштері, оларды сақтау халықтың денсаулық жағдайы мен өмір сүруінің гигиеналық жағдайларына қауіпсіз деңгейде әсер етуін қамтамасыз етеді.

3.592 **Құрылыстық жобалау нормалары:** Құрылыс объектілерін, құралымдарын және олардың элементтерін жобалау кезінде міндетті түрде қолдану үшін белгіленген регламенттелген талаптар.

3.593 **Технологиялық жобалау нормалары:** Өнеркәсіптік кәсіпорындар мен имараттардың технологиялық процестерін жобалау жөніндегі нормативтік құжаттар.

3.594 **Нөлдік цикл:** «Нөл» ретінде алынатын шартты белгіден төмен орналасқан ғимарат бөліктері мен имараттарды салу жөніндегі құрылыс-жинақтау жұмыстарының кешені.

3.595 **Қаптама:** Жерасты имаратының қаптамасы, жерасты имаратының қазбасын бекітетін және соңғысына қалыпты пайдалануға қажетті кескін беретін құралым. Тау жыныстарының уақытша бекітпелеріне қарағанда, қаптаманың тұрақты атқаратын қызметі болады, қаптаманың пішіні мен өлшемдері жерасты имараттарының шекті көлемімен, жату тереңдігімен және қолданылу мақсатымен (тоннельдер, жерасты ГЭС, гараждар, қоймалар, шарап сақтау қоймалары және т.с.с), сондайақ қабылдайтын жүктемелердің сипатымен (тау жыныстарының қысымы, гидростатикалық қысым, жылжымалы жүктемелер және т.с.с.) анықталады. Қаптама материалы ретінде тұтас құйма бетон және темірбетон, құрастырмалы темірбетон, және металл (шойын, өте сирек жағдайда болат) пайдаланылады. Тоннельдердің қаптамасы әр түрлілігімен ерекшеленеді.

3.596 **Жеңілдетілген жүкбау:** Екі ұшына ілмектер, тұзақтар бекітілген, немесе сынабекітпелерде карабиндермен бекітілген болат арқанның кесіндісі түріндегі жүкбау. Көтерілетін элементтердің түрлері мен массаларына қарай жүкбауларды бір, екі, төрт және одан көп тарамдармен дайындайды.

3.597 **Қаптама:** Беттерді судың, мұздың әсерінен қорғау үшін және көзбен көру әсерін жақсарту мақсатында бетон және топырақ құрылыстарының бүйір беттеріне тас, бетон және басқа блоктарды бекітудің технологиялық процесі.

3.598 **Беттерді «сайтингпен» қаптау:** Сайтинг - екі жағынан мырыш жалатылған және пластизол, полиэфир және акрилден пластикалық иілімді қабат жағылған болат табақ. Табақтар шегемен бекітіледі.

3.599 **«Полиформ» қаптамалық әшекейлі панельдер:** Панельдер негізге ағаш рейкалар бойымен шегемен және бұрама шегемен бекітіледі.

3.600 **Қаптамалық ағаш-талшықты қатты тақталар:** Лактысырлы жабыны бар тақталар, олар ылғалдылығы жоғары бөлмелердің ішкі қабырғаларын қаптау үшін

## ҚР ЕЖ 1.01-102-2014

қолданылады. Қабырға бетіне тақталар гипс белгілері (маяктары) бойынша бекіту бұрама шегемен, шегемен, өздігінен кескішпен, желіммен және мастикамен бекітіледі.

3.601 **Қағаз қабатты пластиктен жасалған қаптама табақтар:** Вертикал беттерге кумарон-найрит маситкалармен желімделген немесе ағаш қаңқаға бұрама шегелі немесе шегелі бастырмалардың көмегімен бекітілетін табақтар.

3.602 **Сүректің бағалы түрлерінен жасалған кілтекпен жабылған қаптама панельдер:** Панельдерді бұдан бұрын орнатылған және дәлдеп тексерілген ағаш қаңқаға шегемен және бұрама шегемен бекітеді, шегелер панельдің екі жағынан таңдап алынған ойықтарға қағылады.

3.603 **«Полидекор» қаптамалық поливинилхлорид табақтар:** Табақтар негізге желім-88 типтес синтетикалық желімдер негізінде бекітіледі.

3.604 **Қаптамалық полипропилен табақтар:** Табақтарды негізге бутилметакрилатты желіммен немесе кумарон-каучукты мастикпен бекітеді.

3.605 **Винил жабынды қаптама гипсқатырма:** Гипсовинил бұдан бұрын орнатылған алюминий қаңқаға өздігінен кесетін жалғау профилінің көмегімен бекітіледі.

3.606 **Өлшеу:** Қолданыстағы ғимараттың немесе имараттың барлық жлементтерін дәл өлшеу, кейін олардың өлшемдерін сызбаларға салады.

3.607 **Белгі қоршау:** Құрылыс алаңында ғимараттардың остерін шығарған кезде және оларды бекіткен кезде қолданылатын арнаулы сайман.

3.608 **Тұсқағаз жұмыстары:** Қабырғалар мен арақабырғалардың беттерін тұсқағаздармен, линкруспен немесе синтетикалық үлдір материалдармен әрлеу.

3.609 **Беттерді өңдеу:** Жабынның қызмет мерзімін жоғарылатын және дөңгелектің жабынмен ұстасуын жақсартатын қорғаныш қабатты жасау үшін жол төсемесінің бетіне тұтқыр затты (битум немесе битумды эмульсия) және бір өлшемді қиыршықтас (ұсақ фракциялы) қабатын біртіндеп жағудың технологиялық процесі.

3.610 **Кері үю:** Конструкцияларды тұрғызып болғаннан кейін немесе коммуникацияларды жүргізіп болғаннан кейін қазаншұңқырлардағы немесе орлардағы шұңқырлар мен қуыстарды топырақпен үйіп жабу.

3.611 **Бүрку:** Қолмен немесе механикаландырылған жолмен иілімді ерітіндіден жағылатын сылақ жабынының бірінші қабаты. Бүрку әдетте тегістеледі.

3.612 **Жалпы алаңдағы дайындық жұмыстары:** Бүкіл өндірістік кешеннің немесе тұрғын үй ауданы құрылысының негізгі кезеңіндегі жұмыстардың басталуына қажет дайындық кезеңіндегі жұмыстардың бір бөлігі (құрылыс барысында пайданылмайтын нысандарды бұзу, жыраларды көму, алаңды қоршау, алаңды тігінен жайғастыру, алаңды инженерлік жабдықтау жөніндегі жұмыстар кешені, беткі суларды бұрып әкету, геодезиялық жұмыстар жүргізу).

3.613 **Жалпы құрылыстық жұмыстар:** Ғимараттар мен имараттарды салу кезіндегі құрылыс жұмыстарының түрлері. Оларға жер қазу, бетондау, тас қалау жұмыстары, құрастырмалы көтергіш және қоршау құралымдарын жинақтау, әрлеу, төбе жабындысын жабу және гидрооқшаулау жұмыстары, еден орнату, ағаш шеберлігі және шынылау жұмыстары және басқа да жұмыстар жатады. Оларды әдетте бас мердігерлік құрылыс ұйымдары орындайды.

3.614 **Басқарудың жалпы әдістері:** Өндіріс барысында, адамдар мен техниканы басқарудың объекті экономикалық заңдарына, жаратылыстану-техникалық заңдарға негізделген әдістер.

3.615 **Жергілікті маңызы бар объект:** Қаржыландыру көздеріне қарамастан, жоспарлануы, жобалануы және құрылысы аталған облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) міндеттерін орындаумен байланысты және стратегиялық немесе өзге де маңызды жалпы мемлекеттік міндеттерді шешу мақсаты жоқ объект.

3.616 **Республикалық маңызы бар объект:** Жоспарлануы, жобалануы және салынуы қаржыландыру көздеріне қарамастан, облысаралық, жалпы республикалық, мемлекетаралық (халықаралық) маңызы бар және екі және одан көп облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) мүдделерін немесе Қазақстан Республикасының және басқа да мемлекеттердің мүдделерін қозғайтын, стратегиялық немесе өзге де маңызды жалпы мемлекеттік міндеттерді шешумен байланысты объект.

3.617 **Құрылыс объектісі:** Өзіне тиеселі барлық жабдығы, құрал-саймандары, аспаптары, галереясы, эстакадасы, ішкі инженерлік желілері мен коммуникалары болатын жеке ғимарат немесе имарат, сондай-ақ жеке жұмыс түрлері (тігінен жайғастыру, сыртқы инженерлік желілер, кіреберіс және цехаралық жолдар, құрылыс алаңын абаттандыру және басқалар).

3.618 **Айрықша реттеу және қала құрылысын регламенттеу объектілері:** Аумақтарды, елді мекеннің, жылжымайтын мүліктің жекелеген объектісінің аумағын пайдаланудың арнаулы ережелері (тәртібі) енгізілмей, жалпыға бірдей қабылданған ережелерге (тәртіпке) ерекшеліктер белгіленбей не оларға толықтырулар енгізілмей жүзеге асырылуы қиындаған немесе мүмкін болмайтын сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметінің объектілері.

3.619 **Құрылыс-жинақтау жұмыстарының көлемі:** Құрылыс ұйымының құрылыс объектісін салу бойынша орындайтын түрлі операцияларының мөлшері.

3.620 **Топырақты жібітудің оттық тәсілі:** Тоң топыраққа орнатылатын бірқатар металл қораптар конструкциясында отын жанған кезде бөлінетін жылу энергиясын пайдалауға негізделген тәсіл.

3.621 **Балқытылатын материалдардан жаппа салудың оттық тәсілі:** Сұйық отынмен немесе электрэнергиямен жұмыс істейтін агрегаттарды пайдаланып мастикалық қабатты балқыту болып табылатын тәсіл.

3.622 **Оттан қорғау:** Арнайы өңдеу арқылы материалдар мен құралымдардың өрт қауіптілігін төмендету.

3.623 **Қорғаныш қоршау:** Қауіпті өндірістік факторлар әсер ететін аймаққа адамдардың байқаусызда кіруін болдырмайтын құрылғы, сондай-ақ тиісті жұмыс орындарына бөгде адамдардың кіруінен оқшаулауға арналған құрылғы.

3.624 **Қазаншұңқырдың қоршауы:** Іргетасты, жераслы және тереңдетілген имараттарды салу кезінде топырақтың опырылып құлаудан ұстап тұратын құралым. Қазаншұңқырлардың уақытша және тұрақты қоршаулары болып бөлінеді. Қазаншұңқырлар қабырғалары құралымдарының қоршауы темірбетон қағылмалы және бұрғы толтырмалы қададан; «топырақтағы қабырға» әдісімен немесе «қиысушы» бұрғы

## ҚР ЕЖ 1.01-102-2014

қадалар әдісімен орындалған тұтас темірбетон қабырғадан орнатылады. Сонымен қатар темірбетон немесе металл шпунттан, прокат профильдерден жасалады.

3.625 **Астарлау:** Тазартылып, майсыздандырылған бетті оның кеуектілігін тегістеу және азайту, сырланатын қабатпен ілінісуды жақсартып, сырлағыштың жалып шығынын азайту мақсатында алдын ала сырлы құрамдарды жағу жолымен сырлауға дайындау процесі.

3.626 **Жеке арматуралау:** Майыстырылатын темірбетон элементті арматуралау кезінде жұмыс арматурасы созылатын аймақта ғана орнатылады.

3.627 **Лакты-сырлы құрамдармен сырлау:** Металл конструкциялар мен бөлшектерді коррозиядан қорғауға арналған сырлау. Май сырларды, лактарды, синтетикалық карамай негізіндегі эмалдарды, битум мастикалары мен ерітінділерді қолданады. Қорғаныш жабын астар мен жабын қабаттарынан тұрады, олардың мөлшері жабынның мақсатына, қорғалатын материалдың қасиеттеріне, жабынды жағу және пайдалану процесінің технологиялық шарттарына байланысты болады.

3.628 **Майлы сырлау:** Пигменттер мен әліпмайдың қоспасынан тұратын құрамдармен сырлау; дайындалған бетке қолмен жаққыштармен, біліктермен немесе механизацияланған түрде сыратқыштардың көмегімен жағылады.

3.629 **Органикалық ерітінділер негізіндегі сырлы құрамдар:** Сыртқы әрлеу жұмыстарында қолданылатын сырлы құрама.

3.630 **Қоршаған орта:** Атмосфералық ауаны, Жердің озон қабатын, жер беті мен жер асты суларын, жерді, жер қойнауын, жануарлар мен өсімдіктер дүниесін, сондай-ақ олардың өзара әрекетіндегі климатты қоса алғанда, табиғи және жасанды объектілер жиынтығы.

3.631 **Қалып:** Бетон және темірбетон құралымдарды салу кезінде бетон қоспасы және арматура салынатын пішін; ол ағаштан, металдан, темірбетоннан, пластмассадан жасалады.

3.632 **Сыртқы контур қалыбы:** Ұстындар, сатылы іргетастар, ростверктер және т.б. типтес тұйық және бөлек тұрған тұтасқұйма конструкцияларды бетондау үшін қолданылатын блоктық қалып.

3.633 **Ішкі контур қалыбы:** Жабық ұяшықтардың (мысалы, пәтерлердің, бөлмелердің, лифт шахталарының) ішкі бетінің блоктық қалыбы.

3.634 **Алынбайтын ішкі (сыртқы) контур қалыбы:** Сыртқы және ішкі контурдың алынбайтын блоктары бар блоктық қалыбы.

3.635 **Қайта бапталатын ішкі (сыртқы) контур қалыбы:** Конструкциясы өлшемдерін жоспарда және биіктігі бойынша өзгертуге ол берілетін сыртқы және ішкі контурдың блоктық қалыбы.

3.636 **Алынбалы ішкі (сыртқы) контур қалыбы:** Сыртқы және ішкі контурдың алынбалы блоктары бар блоктық қалыбы.

3.637 **Бетон сақиналарын өндіруге арналған қалып:** ГОСТ 8020-90 бойынша жүргізіледі.

3.638 **Ірі қалқанды қалып:** Массасы 50 кг-нан астам ұстап тұратын, жалғайтын және жинақтайтын элементтердің ірі габаритті қалқандарынан тұратын қалып.

3.639 **Кіші қалқанды қалып:** Қалыпты қолмен монтаждауға жол берілетін, салмағы 50 кг-ге дейінгі кіші габаритті қалқандардан, сүйеуші, біріктіргіш және монтаждық элементтерден тұратын қалып.

3.640 **Модульдік қалып:** Қалқаннан және (немесе) белгілі бір модульге еселенген өлшемдері өзгермейтін басқа элементтерден тұратын ірі қалқанды (кіші қалқанды) қалып.

3.641 **Көлемді-ауыстырмалы қалып:** Жұмыс орнына орнатқан кезде қабырғалар мен аражабындарды бір уақытта бетондау үшін көлденең қимасында П пішінді қалыпты құрайтын секциялардан тұратын қалып.

3.642 **Бөлшектелетін қалып:** Алынатын палубадан жән көтергіш элементтер жинағынан тұратын ірі қалқанды (кіші қалқанды) қалып, олардан түсірілетін жүктемеге, қажетті ұстап тұратын, жалғайтын және жинақтайтын элементтерге байланысты кейіннен палубаға бекіте отырып әр түрлі үйлестіру арқылы қалқандардың, панельдердің, блоктардың, үстелдің қаңқасы жиналады.

3.643 **Қабырғалардың қалыбы:** Өлшемдері мен конфигурациясы белгіленген қалыптық панельдерге жиналатын модульдық қалқандардан тұратын қалып.

3.644 **Тостаған типті сатылы іргетстардың қалқан қалыбы:** Бір-біріне салынатын бөлек қораптардан тұратын ұстын астына салынатын қалып. Өз кезегінде қораптарды өзара бұрандалы тұтастырғылармен жалғастырылған екі жұп «салма» және «жаппа» қалқандардан жинап салады.

3.645 **Қалыптың айналымдылығы:** Қалыптың бірнеше қайтара пайдаланылуы.

3.646 **Қалыптың ұстап тұратын элементтері:** Сүйемелер, бағандар, жақтаулар, кергіштер, тіреуіштер, ағаштар, аражабын арқалықтары және қалыпты жобалық орнына бекітетін және бетондау кезінде жүктемені қабылдайтын басқа элементтер.

3.647 **Қалыптың бекіту элементтері:** Қалыптың түйісетін қалқандарын өзара жалғау мен мықтап бекітуге арналған құлыптан тұратын элементтер, қалыптағы қарама-қарсы тұрған қалқанды жалғайтын тартпалар және қалып элементтерін біртұтас өзгермейтін құралымға біріктерін басқа тетіктер.

3.648 **Қалыптық панель:** Арнайы түйіндер және бекітпелер көмегімен өзара жалғанатын бірнеше қалқаннан жиналатын және берілген өлшемдегі қажетті беттерді түзуге арналған қалыптың беті жазық немесе қисық сызықты ірі өлшемді элементі.

3.649 **Қалыптық жүйе:** Қалыптан және оның қаттылығы мен төзімділігін қамтамасыз ететін - бекіту элементтері, ағаштар, көтеріп тұратын төсеме тақталар сияқты элементтерден тұратын жүйе.

3.650 **Қалыптау жұмыстары:** Қалыпты дайындау, орнату және шешу жұмыстары. Қалыпты дайындау механикаландырылған болуы тиіс. қалыпты орнатар алдында ұстындар мен темірбетон не бетон конструкциялардың басқа элементтерінің осьтерін аспаппен бөлшектеу және бекіту жүргізіледі. Қалып элементтерін шешу әр конструкция үшін белгіленген мерзімнен бұрын жүргізілмейді.

3.651 **Қауіпті аймақ:** Адамға қауіпті және (немесе) зиянды өндірістік фактордың әсер етуі мүмкін кеңістік.

## ҚР ЕЖ 1.01-102-2014

3.652 **Жолдардың қауіпті аймақтары:** Қауіпсіздік техникасының нормаларына сәйкес орнатылатын аймақтар, олар жинақтау жұмыстары кезінде жүкті тасымалдау аймақтарының шегіне кіреді.

3.653 **Жедел жоспарлау:** Құрылыс өндірісін біртұтас жоспарлау жүйесінің құрамдас бөлігі, жылдық жоспарлау сияқты түпкілікті мақсаты айқындалады. Жедел жоспарлау құжаттары айлық жедел жоспарларға, тәулікке бөлінген онкүндік және апталық кестелер (жоспарларға) болып жіктеледі.

3.654 **Операция:** Кез келген процестің дербес, көбіне қарапайым іс-әрекеті.

3.655 **Терең орнатылған тірек:** Қазаншұңқыр салмай салынатын іргетас. Машинажасауда, гидротехникалық имаратта, үлкен шоғырландырылған жүктемелері бар өнеркәсіптік имараттарды салғанда қолданады. Терең жататын тіреулерді қадалы іргетастар сияқты топыраққа үстіңгі бетте алдын ала дайындалған конструкцияларды батырып немесе топырақта қазылған ұңғыманы толтырып салады.

3.656 **Құралымды оңтайлы жобалау:** Бағасы, салмағы, сенімділігі тұрғысынан алғанда технологиялық, конструкторлық, эстетикалық, экологиялық талаптары есепке алынған, адамдардың денсаулығын қорғау және ыңғайлылығын қамтамасыз ету тұрғысынан алынған имараттың құралымдауы.

3.657 **Жоспарлаудың оңтайлылығы:** Осындай жағдайда құрылыс өндірісінің барлық факторларын барынша толық есепке алуын көздейтін жоспарлау қасиеті.

3.658 **Ұйымдық нормалау:** Ұйымдық-тұрақтандыра әсер ету нысаны, ол шикізатты, материалды, еңбекті пайдаланудың тиісінше нормативтерін белгілеу, сондай-ақ өндірістік процестердің параметрлерін, түрлі стандарттарды, ұйымдық-техникалық нормативтерді нақтылау қажеттілігінен туындайды.

3.659 **Ұйымдық басшылық ету:** Басқару қызметі барысындағы барлық әсер ету нысандарын нақтылау, экономикалық жүйенің негізгі, қосалқы және қызмет көрсететін бөлімшелеріне жарлықтың уақтылы берілуі, басқарушылық жүйедегі барлық орындаушыларға нақты міндеттер қойылуы жөніндегі басқару әдісі.

3.660 **Ұйымдастырушылық реттеу:** Ұзақ уақыт бойы орындауға міндетті болып табылатын ұйымдастыру ережелерінің, қаулылардың, нұсқаулар мен ережелердің, әкімшілік актілердің көмегімен ұжымдар мен жеке жұмыскерлердің қызметіне ұйымдастырушылық әсер ету нысаны.

3.661 **Ұйымдық-технологиялық құрылым:** Құрылыс процестерінде ұйымдық-технологиялық белгілері бойынша төзімді байланыстардан тұратын құрылым.

3.662 **Құрылыс өндірісін ұйымдастыру:** Құрылыс объектілерін, оларды салуға қажет ресурстарды (уақытша, еңбек, материалдық, ақша), сондай-ақ объектіні салубелгіленген нәтижеге қол жеткізу үшін шектеулер мен ресурстардың өзара әрекет ету ережелерін (бірізділік, бағыттылық, үйлестіру, ұзықтығы, қарқындылығы, сенімділігі) қамтитын функционалдық жүйе.

3.663 **Еңбекті ұйымдастыру:** Құрылыстың жоғары тиімділігіне қол жеткізу үшін еңбек процестерінің материалдық-техникалық ресурстармен ұтымды үйлестіруге бағытталған іс-шаралар кешені.

3.664 **Ұйымдастыру техникасы:** Басқару жұмыстарын және инженерлік-техникалық жұмыстарды механикаландыру мен автоматтандыруға арналған техникалық құралдар кешені.

3.665 **Ғимаратты бағыттау:** Ғимаратты жарықтың түсу бағытына қатысты орналастыру; ғимарат ішіндегі адамға табиғи-климаттық факторлардың әсерін күшейтуге және әлсіретуге мүмкіндік беретін маңызды сәулет-жоспарлау құралы.

3.666 **Шөкпе жік:** Бір-бірінен биіктігі немесе жүктемелерімен не тұрғызылатын топырағының физикалық-механикалық қасиеттері бойынша ерекшеленетін ғимараттар мен имараттар бөліктерінің арасындағы жік. Әдетте шөкпе жік температуралық–шөктіргіш функциясын да, ал сейсмикалық аудандарда антисейсмикалық функциясын да атқарады. Шөкпе жік бөлетін құрылыс бөліктерінің вертикал бойынша өзара еркін жылжуын қамтамасыз ету үшін, шөкпе жік имараттың өзін де, оның іргетастың да бөліп тұруы тиіс.

3.667 **Бөлгіш осьтер:** Салынып жатқан ғимараттар мен имараттардың жеке элементтері мен бөліктерінің натурадағы орнын анықтайтын, берілген координаттары бар, жергілікті жерде бекітілген геодезиялық белгілермен немесе жобада жобалық орынға белгіленген көтеруші конструкциялардағы тұрақты бекітілген бағдарлармен белгіленетін сызықтар (бағыттар).

3.668 **Құралым астындағы негіз:** Көтергіш құралым, оған оның элементі болып табылмайтын аспалы фасад жүйелерінің астыңғы құралымдары бекітіледі. Бұл орташа тығыздығы кемінде  $900 \text{ кг/м}^3$ , құралымдық материалдан жасалған көтергіш, өзінөзі көтергіш, аспалы қабырға, мысалы, толық денелі керамикалық кірпіштен, бетон және жеңіл бетон блоктардан, бетоннан, жеңіл бетоннан жасалған кірпіш қалауы болып табылады. Кейбір жағдайларда бұл фасадтың сәулеттік элементтерін жасауға арналған металл қаңқа болуы мүмкін.

3.669 **Құрылыстың негізгі кезеңі:** Құрылыс, арнайы жинақтау, қосалқы, көлік және басқа да жұмыстар қамтылатын ғимараттар мен имараттар салынатын кезең.

3.670 **Негізгі өндірістік емес қорлар:** Кәсіпорын қорларының өндіріс процесінде тікелей пайдаланылмайтын, бірақ кәсіпорында жұмыс істейтіндердің өндірістік қызметін жандандыру арқылы өндіріске әсер ететін бөлігі (ведомстволық тұрғын үй қоры, мәдени-тұрмыстық және медициналық мақсаттағы ғимараттар мен имараттар).

3.671 **Негізгі өндірістік қорлар:** Кәсіпорын қорларының өндіріс процесі барысында ұзақ уақыт (бір жылдан астам) жұмыс істейтін бөлігі; өзінің заттай нысанын сақтайды және өз құнын жаңадан жасалатын өнімге бөліктер бойынша, ғимараттың, имараттың, машиналар мен жабдықтардың тозуына қарай аударады.

3.672 **Жерді бөліп беру:** Жер учаскесін кәсіпорынның, ұйымның, мекеменің немесе жеке тұлғаның пайдалануына оны пайдалану мақсаттары мен негізгі шарттарын көрсете отырып бөліп беру. Жерді бөліп беру қолданыстағы заңнаманың ержелеріне сәйкес жүзеге асырылады.

3.673 **Әрлеу жұмыстары:** Ғимараттарды (имараттарды) сыртқы және ішкі әрлеуге байланысты жұмыстар.



## ҚР ЕЖ 1.01-102-2014

3.674 **Істен шығу:** Жүйе, элемент немесе бұйым толықтай немесе ішінара өзінің жұмыс қабілетін жоғалтатын оқиға.

3.675 **Қаданың тірелуі:** Қағылма қаданың 10 соққы санындағы балғаның бір соққысынан топыраққа батуының орташа шамасы, ал қадаларды дірілмен батыру кезінде дірілмен батырушының бір минуттағы жұмысынан қаданы топыраққа батыру шамасы.

3.676 **Қаданың нақты батырылуы:** Қаданың айналасындағы топырақтың түрі мен жағдайына байланысты белгілі бір уақыт аралығында қада «демалғаннан» кейін (қада маңайындағы топырақ жағдайы тұрақталғанда) оған динамикалық жүктеме түсіру арқылы сынау нәтижелері бойынша анықталатын қаданың топыраққа батуы.

3.677 **Жол берілмейтін ауытқулар:** Конструкцияның қалыпты пайдалануына кедергі келтіретін немесе есебі конструкцияны күшейтуді талап ететіндей есептік сұлбаға өзгерістер енгізетін ауытқулар.

3.678 **Жаңалық:** Таным деңгейіне түбегейлі өзгеріс енгізетін материалдық дүниенің бұдан бұрын белгілі болмаған объективті заңдылықтарын, қасиеттері мен құбылыстарын анықтау.

3.679 **Ашық сутөкпе:** Топырақтағы шұңқырдан суды тікелей тартып шығару. Бұл әдіс су өткізгіштігі жоғары топырақтарда, құрғатылатын шұңқырдың түбінен төмен арынды сулы горизонттар болмағанда тиімді.

3.680 **Ашық қойма:** Объектіде жинақтау краны әрекет ететін аймақта орналасатын материалдарды сақтау алаңы.

3.681 **Салыстырмалы эксцентриситет:** Іргетас табанының геометриялық ауырлық орталығынан тең әсерлі күш түсетін нүктеге дейінгі арақашықтығы, ол іргетасқа әсер ететін моменттер қосындысының іргетас табаны деңгейіндегі жиынтық тік жүктемеге қатынасымен анықталады.

3.682 **Топырақты үю:** Топырақты автосамосвалдар мен скреперлерден біркелкі (алаң бойынша) түсіріп алудың технологиялық шарасы.

3.683 **Топырақты жылуэлектржылытқыштармен жібіту:** Тоң топырақты арнаулы тоқ өткізгіш материалдан жасалған электрматтар шығаратын жылу энергиясының көмегімен үстіңгі қабатын жібіту тәсілі. 4-тен 8 м<sup>2</sup>-ге дейінгі өлшемді тікбұрышты маттарды жібітілетін учаскеге төсеп, электр көздеріне қосады.

3.684 **Тоң топырақты бу немесе су инелермен жібіту:** Топырақты жібіту үшін топырақтың тоң қабатына алдын ала бұрғыланған қазаншұңқырларға салынған қуыс металл құбырларға (инелерге) берілетін будың немесе ыстық судың жылу энергиясын пайдалануға негізделген тәсіл.

3.685 **Құрылысты қаржыландыруды ресімдеу:** Қаржыландырушы құрылыс банкінің жалпы ұйымдық-техникалық дайындық кезеңінде белгілі бір құжаттарды ұсыну арқылы орындалған құрылыс-жинақтау жұмыстарына, сатып алынған жабдыққа, материалдарға төлем жүргізу үшін тапсырыс беруші мен мердігердің бірлескен іс-шарасы.

3.686 **Негіздіктер топырақтарын суыту:** Топырақтағы қатпаған судың көлемін азайтып, оның илемді (немесе еріген) күйден қатты тоң күйіне ауысуымен жүретін топырақтар температурасын бағытты төмендету.

3.687 **Қоршаған ортаны қорғау:** Адамды қоршаған табиғи ортаны (ауаны, суды, топырақты, өсімдіктер және жануарлар дүниесін) қорғауға және молайтуға бағытталған заңнамалық актілер және іс-шаралар жүйесі.

3.688 **Еңбекті қорғау:** Еңбек процесінде адамның денсаулығын және еңбекке қабілеттілігін сақтауды, қауіпсіздігін қамтамасыз ететін жағдайлар туғызу жөніндегі заңнамалық, әлеуметтік-экономикалық, ұйымдастырушылық, техникалық, санитарлық-гигиеналық ісшаралар жүйесі.

3.689 **Сәйкестігін бағалау:** Орындалған жұмыстардың, құралымдардың, инженерлік жүйелердің, салынған объектілердің жобалық құжаттамада, қолданыстағы заңнамада, құрылыс нормаларында, ережелері мен стандарттарда белгіленген міндетті талаптарға сәйкестігін тексеру рәсімі (құжаттық, көзбен шолу, аспаптық).

3.690 **Құрылыстың кезегі:** Құрылыс объектісінің ғимараттар, имараттар мен құрылғылар тобынан тұратын бөлігі, оларды іске қосу жобалада көзделген өнімнің шығарылуын немесе қызметтердің көрсетілуін қамтамасыз етеді.

3.691 **Пакетті-контейнерлік тасымалдар:** Жүк жөнелтушіден алушыға дейін пакеттердің бастапқы қалпын өзгертпестен, топтарға (пакеттерге) топтастырылған жүктерді (оның ішінде ыдыстағы-бөлшек) арнайы контейнерде тасымалдаудың заман талабына сай, барынша үнемді түрі, ол механикаландыруды тиімді пайдалануға, қол еңбегінің шығынын азайтуға, көліктің тұрып қалуын азайтуға мүмкіндік береді, жүктердің барынша сақталуын қамтамасыз етеді.

3.692 **Қалқанның палубасы:** Қалып қалқанының бетонмен тікелей жанасатын беті.

3.693 **Параллельділік:** Аппарат қызметкерлерінің жекелеген құрылыс жұмыстарының циклдік ұзақтығын қысқарту мақсатында басқару функцияларын біріктіре болмаса қатарластыра орындауын білдіретін ұйымдастыру қағидасы.

3.694 **Параллельді-ағынды әдіс:** Жұмыстар легін игеру кезектілігі өзгерген кезде ағынға қосымша бірдей бригадаларды енгізу жолымен ұйымдастырылатын ағынды әдіс.

3.695 **Паркет жұмыстары:** Паркеттен еден жабынын орналастыру жұмыстары.

3.696 **Патент:** Техникалық шешімнің өнертабыс ретінде мемлекет деңгейінде мойындалғанын куәландыратын және берілген адамға өнертабысқа айрықша құқық берілгенін көрсететін құжат.

3.697 **Патент қабілеттілігі:** Техникалық шешімнің өнертабыс ретінде мойындалуы үшін жеткілікті және қажетті болып табылатын белгілер жиынтығы.

3.698 **Кірпішті тасымалдаудың пакетті тәсілі:** Пісіріп дәнекерленген ілмектері бар болат бұрыштықтармен жиектелген тақтайлардан жасалған табандық-қалқанға салынған кірпішті тасымалдау тәсілі.

3.699 **Ғимараттың паспорты:** Ғимараттың негізгі құрылымдық элементтерінің және техникалық жабдықтың жеке аса күрделі түрлерінің сипаттамасы берілген құжат. Ол инженерлік жабдықтың, оның техникалық жай-күйінің сипаттамаларын және жөндеу өткізілген уақытты қамтиды.

3.700 **Дайындық қоры:** Жұмыстарды уақтылы бастауға мүмкіндік беретін материалдар мен бұйымдар қоры.

## ҚР ЕЖ 1.01-102-2014

3.701 **Жүкті ауыстырып тиейтін қойма:** Құрылыс объектілеріне теміржол жолдары тартылмаған жағдайда теміржол станцияларында немесе айлағында құрылатын қойма және осы қоймадан жүктер автомобиль көлігімен жеткізіледі.

3.702 **Ғимараттарды жылжыту:** Іргетастарды жаңа жерге салуды оельс жолдарын дайындауды, ғимараттарды ургетастар бөлуді, ғимараттардың қабырғалары мен ұстындарының астына қатты металл конструкцияны алып келуді, ғимараттағы адамдар үшін қалыпты жағдайларды қамтамасыз ететін саймандарды салуды, электр шығырлардың өкмегімен ғимаратты рельс жолының бойымен көшіруді қамтитын құрылыс жұмыстарының кешені.

3.703 **Қиылыспалы-қабырғалы құрылымдық жүйе:** Көлденең және бойлық ішкі қабырғалары көтергіш, сыртқы қабырғалы көтергіш немесе көтермейтін (аспалы), ал аражабын тақталары контуры бойынша немесе үш жағынан сүйелген болып келетін құрылымдық жүйе.

3.704 **Ауыспалы параметрлер:** Құрылыс объектілерін есептеу кезінде қолданылатын, пайдаланудың есепті мерзімі ішінде мәндері өзгеретін немесе кездейсоқ табиғатқа ие нақты шамалар (ықпалдар, материалдар мен топырақтардың сипаттамалары).

3.705 **Қалыпты қайта тіреу:** Демонтаждар алдында көтеруші имарат немесе басқа конструкцияларға қалыпты тіреу. Мысалы, көтергіш жабдықты демонтаждар алдында сырғыма қалыпты қабырғаларға қайта тіреу.

3.706 **Өтпелі есептік ахуал:** Құралымдарды есептеу кезінде қаралатын, құрылыс объектісінің қызмет ету мерзімімен салыстырғанда ұзаққа созылмайтын ахуал (мысалы, ғимаратты көтеру, күрделі жөндеу, қайта құрылымдау).

3.707 **Перспективті жоспар:** Құрылыс жүргізуге уақтылы дайындалу, техникалық құжаттаманы әзірлеу, құрылыстың өндірістік базасын құру немесе дамыту, жабдықтарды, құралымдар мен материалдарды жеткізушілермен байланыс орнату үшін тапсырмапарды жылдар бойынша бөлу арқылы құрылыс ұйымының экономикалық және әлеуметтік дамуын жоспарлаудың негізгі нысаны.

3.708 **Құм ағынды өңдеу:** Ғимараттардың қасбеттерін, металл беттерді сырлар алдында құм ағынды аппараттардың көмегімен өңдеу, тазарту жұмыстары, олардың жұмыстары қысылған ауаның ағынын оларға салынған құм түйіршіктерімен бірге өңделетін бетке беруге негізделген.

3.709 **Жалату:** Металл бұйымдарды (табақтарды, тақталарды, құбырларды, сымдарды) коррозиядан олардың бетіне басқа металдың немесе термиялық механикалық тәсілмен қорытпаның жұқа қабатын жағу жолымен қорғау.

3.710 **Жоспарлау:** Басқару принциптерімен тығыз байланысты принциптер жүйесімен сипатталатын басқару функциясы. Осы принциптердің маңыздылары: жоспарлардың негізділігі, міндеттілігі, оңтайлылығы, жоспарлау бірлігі, оның кешенділігі.

3.711 **Жайғастыру:** Жер төсемінің немесе жол жабынының қабатын белгілер бойынша немесе қабаттың берілген қалыңдығы бойынша тегістеудің технологиялық процесі.

3.712 **Жоспарлы қорлану:** Өндірісті дамыту, өндірістік емес салада қорлар құру үшін кәсіпорын (ұйым) кірісінің бір бөлігін саналы түрде және нысаналы пайдалану.

3.713 **Жоспарлы көрсеткіштер:** Нақты нәтижелерге қол жеткізілгенін немесе тапсырманың нақты орындалуының жоспардан ауытқу дәрежесін анықтайтын құрылыс ұйымы қызметінің нәтижелерін сипаттайтын және цифрлармен немесе символдармен берілген абсолютті немесе салыстырмалы шамалар.

3.714 **Тақталау жұмыстары:** Ғимараттардың қабырғалары мен едендерінің ішкі және сыртқы беттерін зерленген немесе басқа тақталармен сәндік және санитарлық-гигиеналық мақсатта қаптау.

3.715 **Балташылық жұмыстар:** Сүректі өңдеудің аз мұқияттылығымен сипатталатын (ағаш шеберінің жұмыстарына қарағанда) аған конструкциялары мен бөлшектерін дайындау және орнату бойынша құрылыс жұмыстары.

3.716 **Алаң, міну құралдары:** Тікелей жұмыстар жүргізілетін аймақта жұмыс орнын жасауға арналған аспалы конструкция.

3.717 **Аққыштық алаңы:** Кернеудің тұрақты шамасы кезінде пластакалық деформациялардың дамуын көрсететін, материал деформациялануының диаграммасындағы көлбеу учаске.

3.718 **Үстіңгі оттан қорғау:** Бұйымның, материалдың, конструкцияның үстіңгі оттан қорғау.

3.719 **Ғимарат элементінің зақымдануы:** Ғимарат элементінің немесе оның құрамдас бөліктерінің сыртқы әсерлерден (оқиғалардан) туындаған ақауы.

3.720 **Тас қалаудың көтергіш қабілетін арттыру:** Тас қалауды метал немесе темірбетон құрсамалардың көмегімен күшейту тәсілі, олар қалаудың көлденеңінен кеңеюін азайтып, қалаудың бойлық күш әсеріне қарсылығын арттырады.

3.721 **Қаданы дірілдетіп батыру:** Қадаға динамикалық әсерлер беретін, қааның бүйір беттерінің қажалуына қарсылықты, қада ұшының астында пайда болатын топырақтың алдыңғы қарсылығын басуға және қаданы жобалық белгілге батыруға мүмкіндік беретін діріл механизмдерін пайдаланып қаданы батыру тәсілі.

3.722 **Қадаларды басып батыру:** Қысқа қадаларды (3-тен 5 м-ге дейін) базалық машинадан (трактор, экскаватор) келетін басу күшімен батыру тәсілі, басу күші қадаға блоктоар мен қада басына орнатылатын бастиектің полипастарының жүйесі арқылы беріледі.

3.723 **Топырақты шайып қаданы батыру:** Қаданы топыраққа өз салмағының және оған орнатылған балғаның салмағының күшімен батыру тәсілі. Бұл үшін қаданың бойына металл құбырларды бекітіп, оларға 0,5 Мпа-ден кем болмайтын қысыммен су айдайды.

3.724 **Қаданы электросмосты пайдаланып батыру:** Қаданы суға қаныққан тығыз топырақтарға батырудың электросмос құбылысын пайдалануға негізделген тәсілі.

3.725 **Су астында бетондау:** Бетон қоспасы қалыпқа су астынан вертикал болат құбырлардың бойымен шпунт қадалардан қалыптың бетон қоспасымен толу шамасына қарай қоспаны бірте-бірте алып берілетін бетон жұмыстарын жүгізу тәсілі.

3.726 **Дайындық запасы:** Жұмыстарды уақытылы бастау мүмкіндігін жасайтын материалдар мен бұйымдардың қосымша қоры.

## ҚР ЕЖ 1.01-102-2014

3.727 **Құрылыс өндірісін дайындау:** Құрылысты жоспарлы жүргізуді және техника-экономикалық көрсеткіштері және жұмыс сапасы жоғары орындалған өндірістік қуаттылықтарды белгіленген мерзімдерде іске қосуды қамтамасыз ететін ұйымдастырушылық, техникалық, жоспарлау-экономикалық және әлеуметтік сипаттағы жұмыстар мен өзара байланысқан іс-шаралар кешені.

3.728 **Құрылыс аумағын дайындау:** Құрылыс салынатын аумақты бұру және игеруға байланысты жұмыстар мен шығындар.

3.729 **Қазаншұңқырлар қабырғаларын сүйеп бекіту:** Қазаншұңқыр қабырғасына тіктағандармен, ағытылған сүйемелермен төменгі ұшы тіреліп қысылып, жымқырылған қалқандардан немесе тақтайлардан тұратын бекітпе.

3.730 **Қосымша жағу:** Өңделетін беттердегі бұдырларды тегістегіш құрамдармен толтыру.

3.731 **Мінбелер:** Жоғарыда құрылыс жұмыстарын (қабырғаларды қалау, жайларды өңдеу және т.б.) орындауға арналған, тіректерге салынған ағаш төсем түріндегі қосалқы құрылғы, әдетте аралықтарда салынады.

3.732 **Аунақ мінбелер:** Демонтаждау кезінде туннель қалыптарын немесе аражабындар қалыбын аунатуға арналған мінбелер.

3.733 **Монтаждау мінбелері:** Түрлі шараларды орындайтын жұмысшыларға арналған жұмыс мінбелері.

3.734 **Аспалы мінбелер:** Қабырғаларды бетондаған кезде қалдырылған тесіктерге бекітілген кронштейндердің көмегімен қасбеттер жағынан қабырғаларға ілінетін арнаулы мінбелер.

3.735 **Панельді төсемсатылар:** Биіктігі 1,0 м болатын металл фермалардан жасалған кеңістік құралым түріндегі төсемсатылар. Жоғарғы белдеуіне бұрандамен ағаш төсем бекітілген, ал төменгі бөлігіне биіктігі 1,0 м болатын қайырмалы тіректер топсамен бекітілген, олар төсемсатыларды биіктету үшін қолданылады.

3.736 **Жинаушы мінбелер:** Монтаждау барысында конструкцияларға арналған уақытша ұстағыш тіректер.

3.737 **Тағанды мінбелер:** 1,2; 2,4; 2,7; 3,2 м биіктікте орнатылатын жылжымалы түтікті тағандардан, ағаш сырғауылдардан және қалқандардан тұратын, тас қалауды жүргізуге арналған мінбелер.

3.738 **Топсалы-панелді мінбелер:** Ағаш білеулер мен төсемдер бекітілген үшбұрышты қималы екі тіреу фермадан тұратын мінбелер. Тіректі орталықтан ажыратып, мінбелерді кранмен көтерген кезде серпілетін тіректер өз салмағынан түзеліп, жұмыс төсемінде салмалы құрсаулармен бекітіледі. Осылайша мінбелердің биіктігін 205 см-ге арттырады.

3.739 **Монтаждаған кезде өсіру:** Конструкцияның жоғарғы элементін негіздік деңгейінде орнатуды, осы элементті келесі элементтің биіктігінен бірнеше есе асатын биіктікке көтеруді, элементтерді орнатуды, бір блокқа біріктіруді, блокты келесі ярус биіктігіне көтеруді әне осы циклдерді конструкцияның келесі элементтерінің барлығымен қайталауды көздейтін монтаждау әдісі.

3.740 **Мердігерлік құрылыс:** Құрылыс-жинақтау ұйымдары тапсырыс беруші-ұйымдармен жасалған мердігерлік шарты бойынша жүзеге асыратын құрылыс.

3.741 **Мердігер (мердігерлік ұйым):** Құрылыс және жинақтау жұмыстарын мердігерлік шарт бойынша орындайтын жеке немесе заңды тұлға.

3.742 **Еденнің төсеме қабаты:** Негіздікке жүктемені біркелкі беруге арналған қабат; ол қождан, қиыршықтастан, шақпатастан, бетоннан және асфальтбетоннан тұрады.

3.743 **Жүкті көтеру (түсіру):** Жүкті вертикал жылжыту.

3.744 **Жебені көтеру (түсіру):** Тік жазықтықтағы жебенің бұрыштық қозғалысы.

3.745 **Аражабындарды көтеру:** Жер деңгейінде аражабын тақталарының дестесін оларды вертикал конструкциялар бойымен арнаулы көтергіш жабдықтың көмегімен ретімен көтеріп, жобалық орынға бекітіп бетондау болып табылатын ғимараттарды тұрғызу әдісі.

3.746 **Кеңістікте күрделі жылжытып көтеру:** Конструкцияны жобалық орынға кранмен кейде бұрып немесе көтеріліп тұрғанда жиектеп көтеруден, горизонтал жылжытудан және түсіруден тұратын әдіс.

3.747 **Қабаттарды көтеру:** Аражабындар тақталары дестесінің жоғарғы (шатырлық) тақтасына жаппа аражабынын салып, одан кейін тақтаны көтеріп, жобалық орынға бекітуді көздейтін әдіс. Жерде салған жағдайда босаған тақтаға қабырға конструкциялары – аракабырғаларды, сантехкабиналарды, коммуникацияларды монтаждайды. Содан кейін бұл қабатты жобалық белгіге көтеріп, бекітеді. Цикл қайталанайды.

3.748 **Құрылыстық көтеру:** Аркалықты немесе аркалы құралымдарда рұқсат етілген, оларды жасау немесе жинақтау кезінде түзілетін, пайдаланылу жүктемелері әсер еткенде жобаға сәйкес берілген пішінді қамтамасыз ететін имек.

3.749 **Құрылыстық көтергіш:** Ғимараттар мен имараттарды тұрғызған кезде құрылыс материалдарын көтеруге арналған құрылғы. Құрылыстық көтергіш ғимараттың немесе имараттың салынып қойған бөлігіне бекітілген керегелі діңгектен, діңгек бойымен арқанда жылжитын платформадан және оны қозғалысқа елтіретін электр шығырдан тұрады.

3.750 **Көтерілулер және шөгулер:** Топырақ ылғалдылығының өзгеруінен семуі, тоңдануы, еруі, механикалық немесе химиялық суффозия, карстық құбылыстар және жерасты қазындыларын өңдеу кезінде ісінуі, аяздық домбығуы, семуі нәтижесінде негіздің деформацияларына байланысты іргетастың тігінен жылжуы.

3.751 **Өрт:** Зиян келтіретін, бақылау мүмкін болмайтын жану.

3.752 **Өрт сөндіру баспалдағы:** Ғимараттың шатырына өрт және өрт-техникалық құралдарды көтеруге арналған баспалдақ.

3.753 **Өрттің алдын алу:** Адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, өртті болдырмауға, оның таралуын шектеуге, сондай-ақ өртті сәтті сөндіруге жағдайлар жасауға бағытталған ұйымдастырушылық және техникалық іс-шаралардың кешені.

3.754 **Өрт сөндіру гидранты:** Сыртқы су торабынан өрт сөндіру қажеттеріне су алуға арналған тұрақты құрылғы.

## ҚР ЕЖ 1.01-102-2014

3.755 **Еден жабыны:** Еденнің пайдалану әсерлеріне ұшырайтын жоғарғы элементі. Жабын ретінде сүректі, пласмасса және қыш тақталарды, синтетикалық түкті жабындарды және басқаларын пайдаланады.

3.756 **Полиспаст:** Иілгіш арқанмен айналдыра құрсалған жылжымалы және жылжымайтын блоктар (роликтер) жүйесінен тұратын қарапайым жүк көтеретін құрылғы. Полиспаст шығырлармен бірге дербес тетік ретінде және күрделі жүк көтеретін машиналардың (кранның) элементі ретінде қолданылады. Полиспасталарды күшпен (өте сирек жылдамдықпен) өткізілетін ұтыстарда пайдаланады.

3.757 **Қауіпсіздік жолағы:** Автокөлік құралдары жүретін жолақ және тротуар немесе бүйірлік жол (жаяу жүргіншілер, велосипедке арналған) арасындағы жолақ.

3.758 **Қозғалыс жолағы:** Автомобиль жолының жүріс бөлігінің жолағы, оның ені ететін көлік құралының габариттерін және қауіпсіздік саңылауын қоса алғанда, көлік құралының ең үлкен рұқсат етілген ені бойынша белгіленеді.

3.759 **Қараудағы жолақ:** Теміржол құрылысына бөлінген жер учаскесі және келешекте жолды кеңейтуге арналған.

3.760 **Топырақ жаймасы:** Үйінді, ойпаң, жартылай үйінді, жартылай ойпаң түріндегі, теміржол жолдарының жоғарғы құрылымы немесе автомобиль жолының жол төсемесі үшін негіз болатын инженерлік топырақтан жасалған имарат. Топырақ жаймасына онымен байланысты имараттың су бұратын, бекемдеуші және қорғаныш құрылғылары (кюветтер, науа, бермалар, тіреуіш қабырғалар және өзгелер) жатады.

3.761 **Жартылай автоматты ілмектер:** Ілмектеуді жылдам әрі сенімді жүргізуге мүмкіндік беретін монтаждық жарақ. Одан басқа арнаулы сайман монтажникті ілмектеу орнына көтермей-ақ ілмектерді босатуға мүмкіндік береді.

3.762 **Жартылай жабық қойма:** Ауа температурасының және ылғалдылығының өзгеруінен өз қасиеттерін өзгертпейтін, бірақ күннің тікелей әсерінен және атмосфералық жауын-шашыннан қорғауды қажет ететін материалдар үшін салынатын қойма.

3.763 **Синтетикалық жабынды жіксіз едендер:** Құрамында байланыстырғыш заттар, шаңдақ толтырғыш және пигменті бар мастикалардан салынатын едендер.

3.764 **Поливинилхлоридті және кумаронды тақталардан жасалған едендер:** Дайындалған негізге КН-2 сұйық мастикасымен тақталарды жапсыру арқылы төселетін едендер.

3.765 **Резеңкелі линолеумді (релинді) едендер:** Негіз дайындалғаннан және қажетті өлшемдегі кесінделер кесілгеннен кейін негізге КН-2 и КН-3 мастиктерімен жапсыру арқылы төселетін релиннен жасалған едендер.

3.766 **Қалқанды паркеттен жасалған едендер:** Паркет қалқандардан салынатын еден. Паркет қалқандардың астындағы негіздікті жіңішке ағаш тақтайшалардан немесе сүректі-жоңқалы тақтадан жасалған рамалар түрінде орындайды.

3.767 **Киіз (жылу және дыбыс оқшаулағыш) негізді линолеум едендер:** Екі тәсілмен салынатын едендер:

– бірінші тәсілде берілген өлшемдер бойынша тақталар кесіліп, тегістелген бетке құрғақтай салынады да шеттері ағаш галтелдермен қысылады;

– екінші тәсілде жекелеген тақталарды олар түзелгеннен кейін негіздікке бистилат типті желіммен жапсырады.

**3.768 Тұтасқұйма бетон едендер:** Маяқтық жіңішке тақтайшалармен шектелген, ені 3,5 м-ге дейінгі жолақтармен бетондалатын едендер. Бетон қоспасын нығыздауды дірілді жіңішке тақтайшалармен немесе алаңдық дірілдеткіштермен жүзеге асырып, кейіннен металл тегістегіштермен тегістейді.

**3.769 Пайдаланушы-іске қосушы:** Басқару субъектісі, оның негізгі функциясы құрылыс объектісін, оның өндірістік қуаттылықтарымен бірге пайдалану және іске қосу болып табылады.

**3.770 Арқалықтардың төмендетіліп түйіндесуі:** Күрделі арқалық клеткаларында арқалықтардың түйіндесуі, бұл ретте қосалқы арқалықтар бас арқалыққа оның жоғарғы белдеуінің деңгейінен төмен жалғасады, оларға қабат сайын бас арқалықтың үстінде орналасатын төсем арқалықтары төселеді.

**3.771 Драглайн типті экскаватор жұмысының көлденең-қайықты сұлбасы:** Топырақты алу автомобильдің әрбір бүйір жағынан кезек-кезек жүргізілетін сұлба.

**3.772 Қатарлағыш:** Қалау қатарлары белгіленген, сондай-ақ қуыстардың төменгі және жоғары бөлігінің, маңдайшаларды, аражабын тақталарын қалау белгілері бар ағаш немесе металл рейка.

**3.773 Құрылыс жұмыстарын ұйымдастырудың бірізді әдісі:** Әрбір уақыт сәтінде бір жұмыс қана орындалатын әдіс.

**3.774 Топырақты бульдозермен қабаттап кесу тәсілі:** Бульдозермен пышақтың көмегімен ойықты бір өткелдегі алынатын жаңқаның қалыңдығына ойықтың бүкіл алаңы бойынша ретпен қазатын тәсіл.

**3.775 Объектіні кейіннен кәдеге жарату:** Күрделі құрылыстың (үйдің, ғимараттың, кешеннің) пайдаланылуы (пайдалану, қолдану) тоқтатылғаннан кейін кәдеге асатын элементтерін (конструкцияларды, материалдарды, жабдықтарды) бір мезгілде қалпына келтіріп және қайталап пайдаланып, сондай-ақ кәдеге аспайтын элементтер мен қалдықтарды өңдей отырып, бөлшектеп алу және бұзу жөніндегі жұмыстар кешені.

**3.776 Қаупі ықтимал құрылыс объектілері:** Функционалдық мақсаты, технологиялық өндірістік процестері, пайдалану сипаттамалары бойынша адам өмірі мен денсаулығына зиян, орны толмас нұқсан келтіретін, басқа да объектілердің тұрақты жұмыс істеуін бұзатын техногендік және (немесе) экологиялық зілзалалар (авариялар) қатері бар объектілер.

**3.777 Жергілікті орнықтылықты жоғалту:** Металл құралымдардың жекелеген элементтерінің сығушы қалыпты немесе жанама кернеудің әсерінен жергілікті бүгілуі

**3.778 Арқалықтың орнықтылығын жоғалтуы:** Арқалықтың сығылған аймағында ең үлкен шамадан асатын кернеуге (немесе оған сәйкес келетін жүктемеге) қол жеткізілгенде туындайтын болат арқалықтағы шекті күйі. Арқалықтың жалпы орнықтылығын жоғалтуы сығылған бөліктің жергілікті орнықтылығын жоғалтуы, қабырғаның жергілікті орнықтылығын жоғалтуы деп бөлінеді.



## ҚР ЕЖ 1.01-102-2014

3.779 **Кешенді ағын:** Өнеркәсіптік кәсіпорынның, тұрғын үй ауданының және басқалардың құрамына кіретін жекелеген ғимараттар мен имараттарды салумен айналысатын объектілік ағындардан тұратын ағын.

3.780 **Объектілік ағын:** Мамандандырылған ағындарды біріктіретін ағын, олардың құрамы тиісті құрылыс объектісін салу жөніндегі бүкіл жұмыстар кешенін орындауды қамтамасыз етеді.

3.781 **Мамандандырылған ағын:** Ағынның бірыңғай параметрлер жүйесімен және сұлбасымен біріктірілген бірқатар жеке ағындардан тұратын ағын.

3.782 **Жеке лек:** Бір ұжым (бригада, звено) орындайтын бір немесе бірнеше процес болып табылатын қарапайым құрылыс легі.

3.783 **«Акмигран», «Акминит», «Армстронг» сәндік тақталарынан жасалған аспалы төбелер:** Тақталары металл немесе ағаш қаңқаға бекітілетін, ол өз кезегінде жабынды тақталар арасындағы жіктерге немесе оларда жасалатын қосымша саңылаулардағы салмалы бөлшектерге бекітілетін төбелер.

3.784 **Ағынды өндіріс:** Технологиялық процесті арнайы жабдықталған орындарда (постыларда) кезекпен орындалатын жекелеген операцияларға бөлумен сипатталатын өндірісті ұйымдастыру әдісі.

3.785 **Қалаудың лекті-сақиналы әдісі:** Тас қалауды үздіксіз лекпен орындауды көздейтін әдіс, соған орай әрбір звено қалаудың бір қатарын ретімен қалайды. Жоспарда қарапайым конфигурациялық ғимараттарды тұрғызғанда тиімді.

3.786 **Ағынды-операциялық тәсіл:** Жекелеген звеноларда қолданылатын тәсіл. Бұл жағдайда өндірістік процесс жұмысшылар арасында операциялар бойынша бөлінеді, мысалы, үштік звеноның кірпіш қалауы, онда әрбір тас қалаушы кірпіш қалау процесінде белгілі бір операцияны орындайды.

3.787 **Ағынды бөлінген әдіс:** Құрылыс процесін толығымен қарапайым жұмыс процестеріне, ал кейбір жағдайларда - құрылыс операцияларына бөлетін ағындық әдіс. Қарапайым процесс операцияларға бөлінбей және бөлініп ұйымдастырылуы мүмкін. Процесс бөлініп жүргізілген жағдайда бригаданың әрбір мүшесі белгілі бір операцияны орындауға маманданады.

3.788 **Тас қалауды ұйымдастырудың ағымдық-бөлшектік әдісі:** Жұмыс бөлігін (жұмыс аймағының бөлігі) звеноларға бекітілген бөліктерге бөлетін әдіс.

3.789 **Құрылыстың ағынды әдісі:** Жұмыстардың үзіліссіз жүргізілуіне, жұмысшылар мен құрылыс машиналарының тұрақты жүктемесі болуына, құрылыс процестерінің уақыт бойынша үйлестірілуіне негізделген құрылыс өндірісін ұйымдастыру әдісі. Құрылыстың ағынды әдісі кезінде объектілер алымдарға (секциялар, аралық өтпелер, қабаттар, ғимараттар мен имараттар бөліктері) бөлінеді. Құрылыс-жинақтау жұмыстарының кешені циклдарға бөлінеді.

3.790 **Көлденең арматуралау:** Арматураның сырықтарын элементтің бойлық осіне перпендикуляр немесе көлбеу орнатуды көздейтін арматуралау. Есептеу бойынша көлденең күшті бетон ғана қабылдай алмайтын темірбетон элементтерде көлденең арматура өзінің жұмысқа қосылуын қамтамасыз ететін шамада белгіленеді. Арқалықта көлденең қиманың қадамы элемент қимасының жұмыс биктігінің жартысынан аспайтын

және 300 мм-ден аспайтындай етіп алынады. Есептік сығылған бойлық арматурасы бар темірбетон элементтерде (ұстындар, пилондар, диафрагмалар) көлденең арматурада көлденең сығылған арматура бүгілуден (орнықтылықты жоғалту) орнықтылығын қамтамасыз ететін шамадан кем болмайтын қадаммен белгіленеді. Бұл ретте көлденең арматураның қадамын сығылған бойлық арматураның он бес диаметрінен кем болмайтындай және 500 мм-ден аспайтындай етіп қабылдау керек

**3.791 Қатаңдық белдеуі:** Ғимараттың жерүсті бөлігінің қатаңдығын ұлғайтуға және оның негіздің біркелкі емес деформациялануына сезімталдығын төмендетуге арналған арматураланған тұтас құйма темірбетон арқалық. Әдетте кірпіш қабырғалы ғимараттарда көзделеді және іргетастың үстіне, қабатаралық аражабындар деңгейінде, терезе ойықтарының астында және т.б.жерлерде орналастырылады.

**3.792 Тас қалауды кесудің екінші ережесі:** Қалаудағы бойлық және көлденең вертикал жіктер конструкция биіктігі бойынша өтпелі болмауы тиіс болып табылатын ереже.

**3.793 Тас қалауды кесудің бірінші ережесі:** Қалауды әрекеттегі күшке перпендикуляр жазық қатарлармен орындау болып табылатын ереже.

**3.794 Тас қалауды кесудің үшінші ережесі:** Көрші қатарлар қалаудың вертикал кесу жазықтығы жіктерді байластыру үшін жылжытылуы тиіс болып табылатын ереже.

**3.795 Топырақты алдын ала қопсыту:** Төмен температуралар түскенге дейін трактор соқаларымен 20 см-ге дейін тереңдікке жыртып, топырақты тоңданудан қорғау.

**3.796 Аққыштық шегі:** Материалдардың кернеуін білдіретін механикалық сипаттамасы, бұл кезде деформациялар жүктеме артпастан ұлғая бастайды.

**3.797 Отқа төзімділігі бойынша шекті күйлері:** Көтергіш және қоршау құралымдарының отқа төзімділік шегіне жеткенде пайдалану талаптарын қанағаттандырмауы:

- құралымдардың және түйіндердің көтергіш қабілетін жоғалтуы бойынша (құралымның типіне байланысты опырылып құлау немесе иілу);

- жылу оқшаулау қабілеті бойынша құралымның қызбайтын бетіндегі температураның орта есеппен 160°C астам жоғарылауы немесе құралымның қызғанға дейінгі температурасымен салыстырғанда осы беттің кез келген нүктесінде 190°C астам жоғарылауы немесе құралымның оттың әсеріне дейінгі температурасына тәуелсіз құралымның 220°C дейін қызуы;

- тұтастылығы бойынша құралымда жану өнімдері немесе жалын енетін өтпелі сызаттардың немесе өтпелі саңылаулардың түзілуі.

Көтергіш құралымдар үшін (арқалықтар, жүгіртпелер, беларқалар, ұстындар) отқа төзімділік бойынша шекті күй құралымның көтергіш қабілетін жоғалтуы болып табылады.

**3.798 Құрылыс объектісінің шекті күйлері:** Құрылыс құралымының немесе ғимараттың (имараттың) пайдаланылу талаптарын қанағаттандырмауы. Бұл ретте:

- апаттық әсерлер және жағдайлар кезінде катастрофалық салдармен ғимараттың және имараттың бұзылуына сәйкес келетін апаттық шекті күй;

- шекті күйдің бірінші тобы құрылыс объектілерінің көтергіш қабілетінің жоғалуына алып келетін күйі;

## ҚР ЕЖ 1.01-102-2014

- шекті күйлердің екінші тобы осы күйі іске асыруда құрылыс объектілерін қалыпты пайдалану бұзылады немесе олардың ұзақ мерзімге жарамдылығы жойылады;

- объектіні қалыпты пайдалануды қиындататын, нормаларда немесе жобалауға берілген тапсырмаларда белгіленген басқа да шекті күйлер болып бөлінеді.

3.799 **Нұсқама:** Салынатын объектінің ысырабына, беріктігінің, төзімділігінің немесе пайдалану сенімділігінің төмендеуіне әкеп соққан ақаулардың орын алуына және нормалар мен стандарттар талаптарынан ауытқуға жол берген ұйымға мемлекеттік сәулет-құрылыс қадағалау органдары беретін ресми өкім. Нұсқамада ақаулар мен бұзушылықтарды жою үшін қажетті іс-қимыл мен оның мерзімі белгіленеді, ал қажет болған жағдайларда жұмыс жүргізу, өнім өткізу тоқтатыла тұрады.

3.800 **Жобалау алдындағы құжаттама:** Қала құрылысы, сәулет жобаларын, құрылыс жобасын әзірлеу алдында жасалатын және бағдарламаларды, есеп берулерді, құрылыстың техникалық-экономикалық негіздемелерін, техникалық-экономикалық есептерді, ғылыми зерттеулер мен инженерлік ізденістер нәтижелерін, технологиялық және конструкциялық есептерді, нобайларды, макеттерді, өлшемдер мен объектілерді зерттеу, нәтижелерін, сондай-ақ жобалау құжаттамасын әзірлеу және жобаларды кейіннен іске асыру туралы шешімдер қабылдауға қажетті өзге де бастапқы деректер мен материалдарды қамтитын құжаттама.

3.801 **Келтірілген шығындар:** Ағымдағы және біржолғы шығындарды бір өлшемге келтіру арқылы экономикалық параметрлер бойынша ең жақсы нұсқаны таңдап алу мақсатында өзара алмастырылатын техникалық, өндірістік-шаруашылық шешімдерді салыстыру үшін пайдаланылатын көрсеткіш.

3.802 **Конструкция элементтерін шақтау:** Қосылыс тығыздығын қамтамасыз ету үшін конструкциялар элементтерінің түйісетін беттерін нормаларда берілген параметрлерге дейін өңдеу.

3.803 **Объектіні қабылдап алу:** Аяқталған құрылыс объектісін орындаушыдан (бас мердігер) қабылдап алу тәртібі. Қабылдап алуды тапсырыс беруші немесе басқа уәкілетті тұлға жүргізеді. Қабылдап алу тапсырыс беруші жүргізген зерттеулер, тексерулер, бақылау сынақтары мен өлшемдері, қабылданатын объектінің нормалар мен жобаға сәйкестігін растайтын орындаушының құжаттары, сондай-ақ қадағалаушы органдар құжаттарының нәтижелері негізінде жүргізіледі.

3.804 **Жұмыстарды қабылдап алу:** Орындалған аралық құрылыс жұмыстарының жобаның талаптарына, құрылыс нормалары мен ережелеріне және техникалық шарттарға дәл сәйкестігін жүйелі түрде тексеру. Құрылысы аяқталған ғимараттар, құрылыстар мен кәсіпорындарды пайдалануға қабылдау үшін мемлекеттік қабылдау комиссиясы құрылады.

3.805 **Қабылдау комиссиясы:** Объектінің (кешеннің) дайындығына кешенді тексеру, технологиялық жабдықтар мен инженерлік жүйелерге бақылаушылық сынақ жүргізетін және салынған объектіні пайдалануға қабылдайтын уақытша алқалы орган.

3.806 **Қалыптың қолданушылығы:** Тұтасқұйма конструкцияларды тұрғызу үшін қалыпты қолдану (пайдалану) саласы немесе ерекшелігі.

3.807 **Еріксіз шектеу:** Жүк көтергіш крандарды берілген шектерде апаттық ажыратуды жүргізетін датчиктер мен ұштық ажыратқыштарды орнатып жүзеге асырылатын шектеулер. Кран машинисінің әрекетіне байланысты емес.

3.808 **Болжау:** Қандай да бір процестер мен құбылыстардың даму үрдістерін зерттеу негізінде олардың келешектегі сапалық және көлемдік өзгерістерін болжау.

3.809 **Бетонды жылыту:** Теріс температураларда бетонды жылылап жауып, ондағы температураны бумен немесе электрмен жылыту жолымен күті тәсілі.

3.810 **Түйісті қосылыстарды индукциялық тәсілмен қыздыру:** Қысқы уақытта қолданылатын және арматураны индуктордың көмегімен (тоқ өткізгіш сымдарды қалыпқа толтыру) электромагниттік индукциямен берілетін электр тоғының жылу әрекетінің салдарынан қыздыруға арналған айнымалы электромагниттік өрістің магнитті құрауышын пайдалануға негізделген тәсіл.

3.811 **Түйісті қосылыстарды инфрақызыл жылытқыштармен қыздыру:** Қысқы уақытта қолданылатын және бетон қоспасын бетондалған түйістің ашық учаскелеріне берілетін инфрақызыл сәулелермен қыздыруға негізделген тәсіл.

3.812 **Түйісті қосылыстарды кондуктивтік тәсілмен қыздыру:** Қысқы уақытта пайдаланылатын және түйісетін элементтерді қыздыру үшін екі сағаттан сегіз сағатқа дейін электр желісіне плюс 15°C-ден плюс 20°C-ге дейін қосып қойып, содан кейін түйіс қуысына бетон қоспасын салып, қыздыруды жалғастыра беретін жылытушы қалыпты қолдануға негізделген тәсіл.

3.813 **Жаныштау:** Диаметрі 300 мм-ден жоғары құбырды топырақ қабаты арқылы орсыз еріксіз жүргізу, топырақты құбыр қуысынан алып, домкрат қондырғысымен жүзеге асырылады.

3.814 **Драглайын типті экскаватордың бойлық-қайықты жұмыс сұлбасы:** Топырақты алу шанақтың артқы қабырғасының алдынан жүргізілетін сұлба.

3.815 **Бойлық арматуралау:** Арматуралық сырықтар элементтің бойлық осіне параллель орналастырылатын арматуралау. Бойлық жұмыс арматурасының сырықтары арасындағы арақашықтықты темірбетон элементтің типін (ұстын, арқалық, тақта, қабырға), элемент қимасының ені мен биіктігін есепке ала отырып және бетонның жұмысқа тиімді тартылуын, элемент қимасының ені бойынша кернеудің және деформацияның біркелкі таралуын, арматураның сырықтары арасындағы сызаттың ашылу енін шектеуді қамтамасыз ететін шамадан аспайтындай етіп алу керек. Бұл орайда бойлық жұмыс арматурасының сырықтары арасындағы арақашықтық элемент қимасының екі еселенген биіктігінен кем болмайтындай және 400 мм-ден аспайтындай, ал сызықтық центрден тыс сығылған элементтерде майысу жазықтығының бағытында 500 ммден аспайтындай етіп алынады.

3.816 **Қуыс құрауыштар:** Тұтас құйылған құралымдарда терезе, есік ойықтарын және басқа да ойықтарды қалыптастыруға арналған арнайы қалып.

3.817 **Жұмыстарды ұйымдастыру жобасы:** Неғұрлым жоғары техникалық-экономикалық көрсеткіштерімен объектілерді уақтылы пайдалануға беру үшін құрылыстың барлық объектілерін мерзімдері бойынша ұштастыратын және материалдық-

## ҚР ЕЖ 1.01-102-2014

техникалық әрі еңбек ресурстарымен қамтамасыз ететін, құрылыс ұйымының бір жылдық (екі жылдық) бағдарламасына жұмыстарды ұйымдастыру жөніндегі жобалық құжаттама.

3.818 **Жөндеуді ұйымдастыру жобасы; ЖҰЖ:** Нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкес жөндеу-құрылыс жұмыстарының ұтымды ұйымдастырылуын қамтамасыз ету мақсатында әзірленетін құжаттама.

3.819 **Құрылыс жобасы (құрылыстық жоба):** Көлемдік жоспарлық, конструкциялық, технологиялық, инженерлік, табиғат қорғау, экономикалық және өзге де шешімдерді қамтитын жобалау (жобалау-смета) құжаттамасы, сондай-ақ құрылысты ұйымдастыру мен жүргізуге, аумақты инженерлік жағынан дайындауға, абаттандыруға арналған сметалық есептеулерді қамтиды. Құрылыс жобаларына аяқталмаған объектілер құрылысын консервациялау және өз ресурсын тауысқан объектілерді кейіннен кәдеге жарату жобалары да жатады.

### 3.820 **Жобалау құжаттамасы:**

- аумақты көгалдандыру жобаларын, оны сыртқы безендіруді, монументтік немесе әшекей өнер туындыларын орналастыруды және орнатуды (тұрғызуды);

- қала құрылысының жобаларын;

- құрылыс жобасын (құрылыстық жобаны);

- сәулеттік түпкі ойы бар сәулет жобасын қамтиды.

3.821 **Монтаждық ойық:** Монтаждау орнына немесе демонтаждаған кезде ірігабаритті жабдықты немесе ірілендірілген түйіндерді кедегісіз жылжытуды қамтамасыз ету үшін жобада көзделген, қабырғадағы немесе аражабындағы тесік.

3.822 **Сәулет (қала құрылысы) туындысы:** Қандай да бір сәулет объектісін жасауға немесе қала құрылысы кеңістігін қалыптастыруға бағытталған, жобалау құжаттамасы, жекелеген сызба, макет немесе нобай нысанында белгіленген авторлық ойды қоса алғанда, жеке тұлғалардың кәсіби қызметіндегі шығармашылық процестің нәтижесі болып табылатын авторлық құқық және автордың (авторлардың) зияткерлік меншік объектісі, сондай-ақ нақты іске асырылған жоба (жобаның бөлігі).

3.823 **Еңбек өнімділігі:** Өндіріс процесіндегі еңбек тиімділігінің көрсеткіші. Өнім бірлігін өндіруге жұмсалған уақыт мөлшерімен немесе белгілі бір уақыт бірлігінде өндірілген өнім мөлшерімен өлшенеді.

3.824 **Өндірістік құрылым:** Өндірістік бөлімшелердің құрамы мен қуаты, олардың арақатынасы және құрылыс өндірісін ұйымдастырудың әр сатысындағы өзара байланыс нысандары.

3.825 **Өндірістік-технологиялық жиынтықтау:** Жұмыстарды жүргізу кестесіне сәйкес салынып жатқан объектілерге тікелей құрамдас материалдардың, бұйымдар мен қосымша материалдардың орталықтандырылған түрде толығымен жеткізілуін қамтамасыз ету жүйесі.

3.826 **Монтаждауды жүргізу процесі:** Жеке процестерді өзара баластыратын процесс, олардың әрекеті нәтижесінде бастапқы материалдар мен шалафабрикалар дайын өнімге айналады. Еңбек құралдары ретінде көтергіш көлік машиналары мен механизмдер, аспап пен монтаждық жарақ, ал еңбек заттары ретінде жекелеген конструктивтік элементтер мен материалдар қызмен атқарады.

3.827 **Тесу:** Конус ұштығы бар құбырды басқан кезде топырақта оны радиалдық нығыздау есебінен тесіктер жасау әдісі.

3.828 **Өнеркәсіп қауіпсіздігі:** Ғимараттың құралымдары мен бұйымдарының жинағын өндіру, тасымалдау, сақтау, толымдау, жинақтау және кәдеге жарату шарттары, бұл кезде адамдардың өмірі мен денсаулығына зақым келтіру және мүлікке зиян келтіру қаупі болмайды.

3.829 **Өнеркәсіптік құрылыс:** Өнеркәсіптің негізгі қорларын құрайтын құрылыс саласы.

3.830 **Сіндіру:** Тас материалдардан (шақпатастан) жасалған қабатты өңдеудің технологиялық процесі, ол шақпата бетінен тұтқыр қабатты ол қабат тесіктеріне кіріп, түйіршіктерді жабыстыру мақсатында құю жолымен орындалады.

3.831 **Пропорционалдық:** Басқару аппаратының әртүрлі звенолары арасында белгілі бір пропорцияны сақтауды көздейтін ұйымдастыру принципі.

3.832 **Еденнің қабатаралығы:** Жаынды еденнің немесе аражабынның төменгі жағында жатқан элементтерімен байланыстыратын аралық қабат. Цементті-құмды езінділерден, битум мастикалардан, синтетикалық желімдер мен басқа материалдардан орындалады.

3.833 **Өрттен сақтандыратын тосқауылдар:** Өрт ошағы орналасқан бөлмеден немесе өрт бөлігінен өрттің және жану өнімдерінің басқа бөлмелерге таралуын болдырмайтын тосқауылдар (қабырғалар, арақабырғалар, аражабындар).

3.834 **Кәсіп:** Негізгі жұмысы, еңбек қызметі.

3.835 **Горизонтал ұңғымаларды микроқалқандардың көмегімен ұңғылау:** Ұңғылаудың жоғарғы дәлдігін қамтамасыз ететін лазерлік көздеу жүйесімен жарақталған микроқалқанның көмегімен ұңғыларды ұңғылау. Забойға бетонит езіндісін беру үшін және ұңғымадан қоймалжынды алу үшін микроқалқан жер бетінде тұратын жабдықпен жабдықталады.

3.836 **Қазу қалқаны:** Салынатын туннельдің басында тұратын және забойдағы кенді немесе топырақты қауіпсіз өндіруді, оларды туннель ішіндегі көлікке тиеуді және бекітпе (қаптама) орнатуды қамтамасыз ететін жылжымалы құралым. Қазу қапқаны механикаландырылған және механикаландырылмаған болады.

3.837 **Жетекші процесс:** Ғимаратты немесе имаратты салудың қорытынды мерзімдерін айқындайтын процесс.

3.838 **Механикаландырылған процесс:** Механизмдер көмегімен орындалатын процесс.

3.839 **Негізгі процесс:** Оны орындау кезінде ғимараттың немесе имараттың элементтері мен бөліктері жасалатын процесс. Бұл процестер құрылыс өндірісінің өнімдерін алуды қамтамасыз етеді және құрылыс процестерінің материалдық элементтерін өңдеп, пішінін өзгертіп және оларға жаңа сапа беру болып табылады.

3.840 **Үзілісті процесс:** Келесі процестерді орындау алдында міндетті технологиялық үзілістерді талап ететін процесс.

## ҚР ЕЖ 1.01-102-2014

3.841 **Қарапайым процесс:** Орындалу нәтижесінде ғимараттың жобалық конструкциясының конструктивтік элементтері жасалатын немесе қалыптасатын бірнеше шаралардан тұратын процесс.

3.842 **Қолмен жасалатын процесс:** Механикаландырылған немесе механикаландырылмаған аспаптың көмегімен жүзеге асырылатын процесс.

3.843 **Біріктірілген процесс:** Тек жетекші процеспен параллель орындалатын процесс.

3.844 **Көлік процесі:** Қажетті материалдық ресурстар мен жүктерді құрылыс алаңына жеткізу процесі.

3.845 **Жаншылуға беріктік:** Жаншу кезінде темірбетон элементтер қабылдайтын шекті күш. Ол бетон және жаншылу аймағында орналасқан көлденең арматура қабылдайтын шекті күштердің қосындысы ретінде анықталады.

3.846 **Туралық:** Ақпараттың, құжаттаманың пайда болған орнынан оны пайдаланатын орынға дейін ең қысқа жолмен жеткізілуін көздейтін ұйымдастыру принципі.

3.847 **Басқарудың психологиялық әдістері:** Ұжымда оңтайлы психологиялық ахуал қалыптастыру жолымен адамдар арасындағы өзара қарым-қатынастарды реттеуге бағытталған нақты әдістер мен тәсілдер.

3.848 **Іске қосу кешені:** Негізгі өндірістік және қосалқы мақсаттағы бірнеше объектінің (немесе олардың бөліктерінің), энергетикалық, көліктік және қойма шаруашылығы, байланыс, алаңшiлік инженерлік коммуникациялардың және абаттандыру объектілерінің, құрылыс бөлігінің немесе оның кезегінің бөліктері болып табылатын басқа да объектілер жиынтығы, оларды пайдалануға беру жобада көзделген өнімдері өндіруді немесе қызметтер көрсетуді және қолданысқағы нормаларға сәйкес қызмет көртуші персоналдың қалыпты еңбек ету жағдайын қамтамасыз етеді.

3.849 **Эвакуация жолдары:** Әртүрлі үй-жайлар, дәліздер, баспалдақ-лифтілік тораптар, галереялар, балкондар арқылы адамдарды ғимараттар мен имараттардан эвакуациялауды қамтамасыз ететін өткелдер.

3.850 **Жол:** Желілік кестедегі жұмыстардың үзіліссіз жүруі.

3.851 **Жұмыс:** Салынып жатқан объектінің жұмысшылардың белгілі бір санын оларға берілген еңбек құралдарымен (механизмдер, саймандар, материалдар) бірге орналастыруға қажетті бір бөлігі.

3.852 **Қысқы жұмыстар:** Қысқы жұмыстар: Ауа теріс температурада болатын жыл мезгілінде орындалатын, әртүрлі аудандарда тиісті температуралық аймақтарға сәйкес нормаланатын төменгі температурадан қорғау жөніндегі арнаулы іс-шаралар жүргізуді талап ететін құрылыс жұмыстары.

3.853 **Жабық жұмыстар:** Құрылыс объектісін пайдалануға берер кезде қабылдау комиссиясының көзбен бағалауы шектеулі және кейінгі жұмыстармен және конструкциялармен жасырынып тұрған жұмыстардың жекелеген түрлері (іргетастарды салу, гидроокшаулау, арматура мен салма бұйымдарды темірбетон конструкцияларға орнату және т.с.с.)

3.854 **Жұмыс аймағы:** Тұрып жұмыс істегенде еденнің немесе жұмыс алаңының деңгейінің үстіндегі биіктігі 2,0 м немесе жұмысты отырып істегенде 1,5 м болатын кеңістік.

3.855 **Жұмыс аймағы:** Құрылыс-жинақтау жұмыстары жүргізілетін және осыған қажетті материалдар, дайын құралымдар мен бұйымдар, машиналар, тетіктер мен құрылғылар орналасатын кеңістік.

3.856 **Тас қалаушының жұмыс аймағы:** Тұрғызылатын қабырға мен материалдар арасындағы кеңістік.

3.857 **Жұмыс комиссиясы:** Жұмыс комиссиясы: Нәтижелерін мемлекеттік қабылдау комиссиясына ұсыну үшін объектінің дайындығына кешенді тексеру жүргізетін уақытша алқалы орган.

3.858 **Жұмыс шаралары:** Құрылыс процесінің технологиялық тұрғыдан біртекті және ұйымдастыру жағынан бөлінбейтін элементі. Әр шара өзара тығыз байланысты жұмыс амалдарынан, ал олар өз кезегінде жеке қимылдардан тұрады.

3.859 **Жұмыс платформасы:** Төрт телескопиялық толық жетекті шығарғыш тіректермен жабдықталған, биіктікте жұмыс жүргізетін жұмысшыларды орналастыруға арналған өздігінен жүретін агрегат.

3.860 **Тас қалаушының жұмыс орны:** Тұрғызылатын конструкция учаскесін, материалдың, аспаптың және жабдықтардың орналасу орнын қамтитын кеңістік. Жұмыс орны жерде, қабатаралық аражабындарда, жұмыс мінбелері мен ағашсатыларда болуы мүмкін.

3.861 **Жұмыс жарығы:** Үй-жайларда және ғимараттардан тыс жұмыс жүргізілетін жерлерде нормаланатын жарықтандыру шарттарын (жарықтандыру, жарықтандыру сапасы) қамтамасыз ететін жарық.

3.862 **Қалыптың жұмыс орны:** Бетон қоспасын төсеуге арналып дайындалған қалыптың жобалық орны.

3.863 **Жұмыс амалдары:** Белгілі бір мақсатпен орындалатын және тұрақты ретімен сипатталатын ұтымды жұмыс қимылдарының жиынтығы.

3.864 **Жұмыс процесі:** Құрылыс процесін жүзеге асыруға қажет және орындаушылардың тұрақты құрамы (жұмысшылар бригадасы, звеносы) орындайтын, аяқталған өнімнің белгілі бір мөлшерін алу мақсатында біріктірілген еңбек операцияларымен (машиналық немесе басқа да кез келген) технологиялық байланысты операциялар кешені.

3.865 **Жұмыс жігі:** Қатқан және жаңа төселген жаңа бетон арасындағы, бетон қоспасының келесі қабаттарын толық қатып қалған қааттарға төсегенде бетондаудағы үзілістен пайда болған жік жазықтық.

3.866 **Бөлгіш жұмыстар:** Құрылыс объектісінің геометриялық параметрлерінің жобаға сәйкестігін қамтамасыз ететін және геодезиялық өлгіш негізді жасауды, салу барысында бөлгіш жұмыстарды жүргізуді, геодезиялық бақылауды қамтитын өлшемдер мен түзілімдер.

3.867 **Салмақты тарататын құралымдар:** Уақытша шығыңқы тіректер немесе басқа да арнайы құрылғылар, олар арқылы қолданыстағы және қайта құрылымдалатын



## ҚР ЕЖ 1.01-102-2014

ғимараттар мен имараттардың негіздерін және іргетастарын нығайту жұмыстарын жүргізу кезінде көтергіш қабырғалардың, ұстындардың, аражабындардың жүктемелері негізге беріледі.

3.868 **Дайындау өлшемі:** Бұйымның жанамаларды немесе түйістерді орындаған кезде өңдеуге артық алынатын өлшемдері.

3.869 **Координациялық өлшем:** Саңылаудың немесе жіктің жарты енін есепке алғандағы құралымдық элементтің шартты шекаралары арасындағы арақашықты анықтаушы немесе сызбадағы ғимараттың координациялық осьтері арасындағы арақашықтығы.

3.870 **Қалыпты шешу:** Бетон, бетондалған конструкция қалыпты шешуге жол берілетін беріктікке жеткеннен кейін жүргізілетін қалыптың демонтажы.

3.871 **Топырақты, тау жынысын қазу:** Топырақ пен тау жынысын эквкватор шөмішімен қазудың, көшірудің және тиеудің (түсірудің) технологиялық процесі.

3.872 **Керме:** Тек қысуға жұмыс істейтін, өзінің төзімділігі жоқ монтаждық қатты жабдық. Екі элементті ішке қарай жылжудан ұстап тұруға арналған.

3.873 **Орлардың қабырғаларын керіп бекіту:** Вертикал бағандардан, горизонтал қалқандар мен қалқандарды ор қабырғаларына қысып тұратын кермелерден тұратын тар орларды бекіту.

3.874 **Біржолғы бағалар:** Біржолғы бағалар: Тиісті сметалық немесе өндірістік нормалар негізінде конструктивтік элементтің немесе жұмыс түрінің қабылданған өлшем бірлігімен жұмысшылардың негізгі жалақысының, материалдардың, бұйымдар мен конструкциялардың, құрылыс машиналары мен механизмдерді пайдаланудың нормативтік құны белгіленетін сметалық құжат.

3.875 **Сметалық есептеу:** Сметалық есеп: Құрылысы жеке жобалар бойынша жүзеге асырылатын ғимараттар мен құрылыстардың құнын, сондай-ақ преискуранттар, ірілендірілген сметалық нормалар мен жұмыс сызбалары болмаған кезде жекелеген жұмыс түрлерінің құнын айқындайтын сметалық құжат.

3.876 **Қабырғаның есептік биіктігі:** Болат арқалықтың есептеулерінде алынған биіктігі, ол: пісірілген арқалықтарда қабырғаның толық биіктігіне; беріктігі жоғары бұраңдамамен белдемелі қосылған арқалықтарда арқалық осіне жақын белдеулі бұрыштардың қырлары арасындағы арақашықтыққа; прокат профильдерден құралған арқалықтарда ішкі жұмырлану басталатын жерлер арасындағы арақашықтығына; бүгілген арқалықтарда жұмырлану қырларының арасындағы арақашықтыққа тең болады.

3.877 **Құрылыс объектілерінің есептік модельдері:** Қарастырылып отырған есептік жағдайларға сәйкес келетін объектілердің шынайы, барынша маңызды шарттарын көрсетеді. Бұл орайда олардың құралымдық ерекшеліктері, қарастырылып отырған шекті күйлерге дейінгі жай-күйі, сондай-ақ әсер ететін жүктемелер мен әсерлер, оның ішінде сыртқы ортаның әсері есепке алынады. Есептік сұлба жүктемелер мен әсерлердің есептік модельдерін; құралым және негіз элементтерінің көрнелген-деформацияланған күйін сипаттайтын есептік модельдерін; кедергінің есептік моделін қамтиды.

3.878 **Жіктерді әшекейлеу:** Арнайы құралдың - әшекейлегіштің көмегімен ерітінділік жіктеріне әртүрлі нысандар беру.

3.879 **Кәсіпорынды кеңейту:** Кәсіпорынды кеңейту: Қосымша немесе жаңа өндірістік қуаттылықтар жасау мақсатында қолданыстағы кәсіпорындардың аумақтары мен оған іргелес алаңдарда негізгі, қосалқы және көмекші мақсаттағы өндіріс цехтары мен объектілерінің жаңаларын салу және қолданыстағыларын кеңейту.

3.880 **Ұтымды ұсыныс:** Ұсынылып отырған кәсіпорын, ұйым немесе мекеме үшін жаңа әрі пайдалы болатын және бұйымдардың конструкциясын, өндіріс технологиясын, қолданылатын техниканы немесе материал құрамын өзгертуді көздейтін техникалық шешім.

3.881 **Ұтымдылық:** Үйлестірілетін жүйенің элементтері арасында ойластырылған байланыс орнатуды көздейтін құрылыстағы басқару функцияларын жүзеге асыру принципі.

3.882 **Қатаңдық қабырғалары:** Металл арқалықтар қабырғасын жекелеген бөліктерге бөлетін пластиналар, оларда жергілікті сығымдау кернеуінен қабырғалардың орнықтылығы бірбіріне қатыссыз жоғалады. Қатаңдық қабырғалары: тірек, көлденең (тік), бойлық (көлбеу), қысқа көлденең, еніс болып бөлінеді.

3.883 **Реттеу:** Кез-келген процестің немесе жүйенің реттілігін сақтауға және қалыпты жағдайда ұстауға, басқарылатын объектінің жұмыс істеу процесінде жоспарлы тапсырмалардан ықтимал ауытқуларды жоюға бағытталған іс-қимылдар.

3.884 **Қайта құрылымдау:** Ғимараттың, құрылыстың жұмысын жақсарту үшін оны қайта құру немесе қолданыстағы кәсіпорындарда (стансаларда) өндіріс көлемін арттыруды қарастыратын шаралар кешені.

3.885 **Қолданыстағы кәсіпорындарды реконструкциялау:** Жаңа өнім алу, шығарылатын өнімнің сапасын арттыру немесе техникалық-экономикалық көрсеткіштерін, ереже бойынша, бар ғимараттар мен имараттарды кеңейтпей арттыру мақсатында негізгі, қосалқы және қызмет көрсетуші объектілерді қайта құру.

3.886 **Тұрғын ғимараттарды реконструкциялау:** Тұрғын ғимараттарды негізгі техникалық-экономикалық көрсеткіштерін (пәтерлердің саны мен ауданын, құрылыс көлемін, жалпы ауданын) өзгертіп қайта жайғастыру.

3.887 **Ғимаратты қайта құрылымдау:** Өмір сүру жағдайларын, қызмет көрсету сапасын жақсарту, көрсетілетін қызметтер көлемін ұлғайту мақсатында техника-экономикалық көрсеткіштерді өзгертуге байланысты құрылыс жұмыстары мен ұйымдастыру-құрылыс іс-шараларының кешені.

3.888 **Аумақты рекультивациялау:** Құрылыс жүргізілген кезде бүлінген аумақты ауыл шаруашылығына немесе орман шаруашылығына пайдалану үшін қалпына келтіру жөніндегі іс-шаралар кешені.

3.889 **Жөндеу:** Құрылыстың техникалық және пайдалану деңгейін қалпына келтіруге арналған жұмыстар кешені.

3.890 **Жеңіл-желпі жөндеу:** Объектінің бастапқы функциялары мен сыртқы кейпін сақтап, әрлеу материалдарын қалпына келтіру немесе ауыстыру.

3.891 **Ағымдағы жөндеу:** Жүйелерді жолға қою, қорғаныш жабындыларын қалпына келтіру және шағын ақауларды жою жолымен ғимараттар мен имараттардың пайдалану сапасын қалыпты жағдайда ұстау жөніндегі жөндеу-құрылыс жұмыстарының

## ҚР ЕЖ 1.01-102-2014

кешені. Ағымдағы жөндеу ғимараттың жекелеген элементтерінің жұмыс істеу қабілетін қалпына келтіреді. Жоспарлы (профилактикалық) және күтпеген (шұғыл жою, шұғыл тәртіппен) ағымдағы жөндеу болады.

3.892 **Жөндеуге жарамдылығы:** Бұйымның істен шығуының алдын алу, анықтау және жою нәтижесінде оның ақауын қалпына келтіруге және тиісті техникалық сипаттамасын сақтауға бейімділігін көрсететін қасиеті.

3.893 **Реновация:** Негізгі қорлардың физикалық және моральдық тозуы салдарынан жаңаларымен ауыстырылуының экономикалық процесі, қарапайым ұдайы өндіріс құралы.

3.894 **Рентгендефектоскопия:** Пісірме жіктерді рентген сәулелерін жікке бағыттап, ал теріс жағынан фотографиялық үлдірді қойып шағылдырып ішкі ақауларын анықтау тәсілі. Үлдірде шығарғаннан кейін пісірме қосылыстар ақауларының нобайлары көрінеді.

3.895 **Қайта ұйымдастыру:** Басқару жүйесі алдына қойылған мақсаттардың және жұмыс істеу жағдайларының өзгеруіне байланысты мекемені, ұйымды қайта құру, қайта өзгерту, құрылымы мен функцияларын өзгерту.

3.896 **Ғимараттар мен имараттарды жаңғырту:** Сенімді сипаттамалар мен графикалық (фотография) материалдар негізінде толық немесе ішінара бұзылған (бүлінген) объектілерді, олардың бөліктерін немесе бөлшектерін бастапқы түрінде қалпына келтіруге байланысты арнайы жұмыстар кешені.

3.897 **Техникалық ресурс:** Техникалық құрылғыны (машинаны, жүйені) ол шекті күйге жеткенге дейін жұмыс істетуге, шекті күйде тиімділігінің төмендеуінен немесе адам үшін қауіптілігі артуы себебінен оны бұдан әрі пайдалану мүмкін емес немесе тиімді емес болады.

3.898 **Ресурстық байланыс:** Алдыңғы жұмысты орындау аяқталғаннан кейін келесі жұмысты бастауға болатынын көрсететін бір түрдегі сабақтас жұмыстардың арасындағы тәуелділік.

3.899 **Ресурс үнемдеу:** Өндірістік циклдың барлық кезеңінде заттар мен энергияны барынша үнемдеп және адам мен табиғи жүйеге әсерін азайта отырып түпкілікті өнім өндіру және өткізу. Құрылысқа қатысты алғанда, бұл - құрылыс жүргізуге пайдалану, қайта құрылымдау немесе тарату шығындарының ең төменгі мөлшерін қамтамасыз ететін ғимараттар мен имараттардың, коммуникациялардың, жоспарлау және кешенді салу жобаларын әзірлеу; құрылыс материалдарының, бұйымдарының ресурс үнемдейтін түрлерін және тиісінше олардың өндірістік технологияларын жасау; құрылыс құралымдары мен технологияларының жаңа ресурс үнемдейтін әдістерін, ғимараттар мен құрылыстарды үнемді пайдалану әдістерін әзірлеу.

3.900 **Ырғақтылық:** Бүкіл еңбек процесін белгілі бір жоспарлы режимге бағындыру арқылы жұмысты бірқалыпты орындауды білдіретін ұйымдастыру принципі.

3.901 **Рихтовка (түзету):** 1. Орнатылған құрылыс конструкцияларын немесе жабдықтарды олардың жобалық орналасуын берілген дәлдікте қамтамасыз ету мақсатында салыстырып тексеру және аздап жылжыту. 2. Жайылманы, сымды қисаюын және бұжырлануын түзету мақсатында суық күйде иілімді деформациялау жолымен түзеу.

3.902 **Жел өрнегі:** Осы ауданда негізгі румбалар бойынша ай сайынғы, маусымдағы, жыл бойындағы желдің әртүрлі бағыттарда қайталануын көрсететін кесте.

3.903 **Ростверк:** Қадаларды біртұтас етіп біріктіретін, бетон немесе темірбетон тақтасы немесе арқалық түріндегі қадалы іргетастың жоғарғы бөлігінің құралымы; қадаларға жүктемелердің біркелкі түсуі үшін қызмет етеді.

3.904 **Роторлық бұрғылау:** Диаметрі 300-ден 400 мм-ге дейінгі және тереңдігі 1500 м-ге дейінгі ұңғымаларды салуға арналған бұрғылау. Роторлық бұрғылау қондырғысы айналдырғыш ротордан, жималы мұнарадан және ұңғыманы шаюға арналған жабдықтан тұрады.

3.905 **Қабырғаларды шабу:** Ағаш ғимараттардың қабырғаларын бөрендерден немесе білеулерден тұрғызу процесі.

3.906 **Жетекшілік ету:** Басқарылатын объектінің қызметін бағыттау функциясы.

3.907 **Құрылыстағы басшылық құжаттары; БҚ:** Құрылыста, қала салуда, жобалау мен іздестіруде нормативтік құжаттарды әзірлеу және қолдану саласындағы қызметті жүзеге асыру жөніндегі міндетті және ұсынылатын ұйымдастырушылық-әдістемелік рәсімдерді белгілейтін құжаттар.

3.908 **Қопсыту:** Топырақтың беріктігін азайту немесе оны артық ылғалдақтаннан кейін кептіру мақсатында оның массивін бұзудың технологиялық процесі.

3.909 **Қопсытқыш:** Нығыздалған топырақтың құрылымын бұзуға арналған механизм.

3.910 **Қалау қатары:** Тас конструкцияда бір горизонтал жазықтықта төселген кірпіштер немесе тастар қатары; кірпіштерді бүйірлік ұзын қырымен қабырғаның беткі жағының бойымен қалау – бойлық қатар, бүйірлік қысқа қырымен қалау – бүйірлік қалау.

3.911 **Санитарлық-қорғаныш аймағы:** Арнаулы мақсаттағы аймақтарды, сондай-ақ өнеркәсіп орындары мен елді мекендегі басқа да өндірістік, коммуналдық және қоймалық объектілерді жақын маңдағы қоныстану аумақтарынан, тұрғын үй-азаматтық мақсаттағы үйлер мен ғимараттардан оларға қолайсыз факторлардың әсер етуін әлсірету мақсатында бөліп тұратын аумақ.

3.912 **Санитарлық-техникалық жұмыстар:** Ғимараттағы жылыту, желдету, газбен жабдықтау, жылы сумен жабдықтау, су құбыры және кәріз жүйелерін салумен байланысты жұмыстар.

3.913 **Санкциялар:** Шарттың, заңнама талаптарын, шаруашылық-қаржы қызметін жүргізудің белгіленген тәртібін бұзушыларға қолданылатын мәжбүрлеу сипатындағы шаралар (айыппұлдар, өсімақылар, тұрақсыздық айыбы және өзге шаралар).

3.914 **Ұштастыру:** Төте забой жүргізген кезде екі қарама-қарсы қазбаларды ұштастыру.

3.915 **Бекіте құрастыру:** Құрылыс алаңында жай доғалық пісіру арқылы металл және арматуралық құралымдарды қосу жөніндегі жұмыстар.

3.916 **Құрылыстағы жинақтылық:** Ғимараттар мен имараттардың зауытта жоғары дәрежеде дайындалған, құрылыстың ұзақтығын, еңбек шығынын қысқартып, құрылыстың сапасы мен оның тиімділігін арттыратық құрылыс алаңын монтаждау алаңына айналдыратын жималы элементтерін монтаждау.

3.917 **Бұрғылап толтырмалы қадалар:** Алдын ала бұрғыланған ұңғымада тікелей бетон құбыры арқылы берілетін бетон қоспасынан жасалған қадалар.

3.918 **Қағылмалы қадалар:** Топырақты қазып алмайақ оған немесе лидерлік ұңғыға балғаның, дірілді батырғыштармен, дірілді батырмалы, дірілді ұрғылайтын және батырмалы құрылғылар көмегімен батыратын темірбетон, ағаш және болат элементтер, сондайақ диаметрі 0,8 мге дейін, топырақты қазып алмай-ақ немесе топырақты ішінара қазып алып тастап дірілді батырғыштармен тереңге түсірілетін және бетон қоспа толтырылмайтын темірбетон қадақабықшалар. Арматуралау тәсілі бойынша (көлденең арматураланған қысымсыз ұзына бойына арматурасы бар және алдын ала қысымды), көлденең қимасының нысаны бойынша (текше, тікбұрышты, таврлы және екітаврлы қима, ішкі қуысы дөңгелек болатын текше, іші қуыс дөңгелек), ұзын бойына қимасының нысаны бойынша (призмалық, пирамидалық, трапециялық, ромба сияқты), құралымдық ерекшеліктері бойынша (тұтас немесе құрамалы), төменгі ұшының құралымы бойынша бөлінеді.

3.919 **Қада жұмыстары:** Имараттың қадалы іргетасын жасау мақсатында қадаларды топыраққа батыру жұмыстары.

3.920 **Арматураны үздіксіз балқыту әдісімен пісіру:** Электр желісіне қосылған пісірілетін шыбықтарлы бір-біріне жанасқанған дейін жақындатып, сонымен бір уақытта тоқ тізбегін тұйықтайтын пісіру.

3.921 **Ванналық пісіру:** Пісірілетін шыбықтардың жіктеріне балқытылған металл үшін мыстан жасалған инвентарлық ванна мен болат қапсырма төсемдер орнатып пісіру.

3.922 **Жоғарғы жиіліктегі пісіру:** Пісірілетін бөлшектердің жиектері жоғарғы жиіліктегі тоқтармен қыздырылып, кейіннен қысылатын пісіру.

3.923 **Жартылай автоматты пісіру:** Пісіру аймағына жартылай автомат көмегімен берілетін ұнтақ сымды пайдаланып пісіру.

3.924 **Пісірілген қосылыс:** Бұйым элементтерінің пісіру арқылы орындалған ажырамайтын қосылысы, оған пісіру тігісі (немесе қосылыс аймағы) және қыздыру немесе пластикалық деформация салдарынан өзгерген материал аймағы кіреді.

3.925 **Бұрамалы қада:** Топыраққа бұрау арқылы батырылатын зауытта дайындалған қада

3.926 **Топырақ қадалар:** Бұрғыланған ұңғыманы сусымалы топырақпен толтырып дайындалған құйма қада.

3.927 **Қағылма қада:** Топыраққа қағу, дірілдету, басу, шаю немесе аралас әдіспен батырылатын, зауытта дайындаған қада.

3.928 **Маяк қада:** Шпунттық немесе қадалық қатардың басқа қадаларын батырған кезде бағдар болып табатын қада.

3.929 **Құйма қадалар:** Топырақты сығымдау (қысып шығару) нәтижесінде пайда болған ұңғымаға бетон қоспа салу арқылы топыраққа орнатылатын бетон немесе темірбетон құралымдар.

3.930 **Шпунт қада:** Бүйірлік жалы немесе ойығы бар тақтайдан не білеуден немесе арнаулы жайма пішіннен жасалып, топырақта су өткізбейтін шпунт қабырға жасалуы үшін бойлық бүйір жақтарынан құлыптап қосылған қағылма қада.

3.931 **Үскілеп тесу:** Бетон элементтер мен имараттарда тесік жасау жөніндегі технологиялық операция.

3.932 **Ережелер жинағы; ЕЖ:** Құрылыс нормаларының, ережелерінің және жалпы техникалық стандарттардың міндетті талаптарын дамыту және қамтамасыз ету үшін тұжырымдалған ұсынылатын қағидаларды белгілейтін ережелер.

3.933 **Шығындарды жиынтықтау:** Құрылыстың жалпы сметалық құнын айқындайтын және өндірістік және өндірістік емес мақсаттағы объектілер құрылысының, кейбір жағдайларда құрылыс индустриясы базасын дамытудың жиынтық сметаларны біріктіретін сметалық құжат.

3.934 **Маусымдық қор:** Навигация кезеңдерінде объектіге әкелінетін материалдар қоры.

3.935 **Сейсмикалығы:** Бүкіл Жер бетінде немесе жекелеген облыстарда байқалатын жер сілкінісі.

3.936 **Сейсмикалық төзімділігі:** Ғимараттар мен имараттардың пайдалану қабілеттерінен жоғалтпастан сейсмикалық әсерге төзу қабілеті.

3.937 **Секция:** Ғимараттар мен имараттардың жоспарда шартты түрде шектелген және көлемдік-жайғастыру, техникалық немесе конструкциялық жағынан алғанда тұтас болып табылатын бөлігі.

3.938 **Тұрғын үй секциясы:** Үйдің ғимараттың бүкіл биіктігіне баспалдақпен жасалған, пәтерлері шығып тұратын көлемдік-жайғасымдық элементі.

3.939 **Қоныстану аумағы:** Тұрғын үй, қоғамдық (қоғамдық іскерлік) және рекреациялық аймақтарды, сондай-ақ инженерлік және көлік инфрақұрылымдарының жекелеген бөліктерін, басқа да объектілерді орналастыруға арналған, орналастырылуы мен қызметі арнаулы санитарлық-қорғаныш аймақтарын талап ететіндей әсер етпейтін елді мекен аумағының бір бөлігі.

3.940 **Ауылдық құрылыс:** Ауыл шаруашылығы өндірісіне қызмет көрсетуге және ауыл халқының мәдениет-тұрмыстық қажеттерін қанғаттандыруға арналған ғимараттар мен имараттар салуды қамтитын құрылыс саласы.

3.941 **Серия:** Түпкілікті сәулет-жоспарлау шешімдерімен және құралымдарымен біріктірілген типтік ғимараттар жобаларының тобы.

3.942 **Сертификат:** Дайындалған материалдардың, бұйымдар мен құралымдардың стандарттар мен техникалық шарттарға сәйкестігін растайтын шығарушы кәсіпорынның құжаты.

3.943 **Желілік кесте:** Желілік жоспарлау мен басқаруда пайдаланылатын, мақсатқа қол жеткізу процесінде әртүрлі жұмыстардың технологиялық байланысы мен дәйектілігін көрсететін сұлба. Кестеге жұмыстар (мысалы, сілтеме түрінде) және оқиғалар (дөңгелекшелер түрінде) түсірілген. Әрбір оқиға жұмыстың аяқталғанын немесе басталғанын көрсетеді; жұмыс алдыңғы оқиғадан кейінгі оқиғаға көшу үшін жасалатын іс-қимылды білдіреді.

3.944 **Ұстындар торы:** Жоспардағы бөлу осьтерінің жүйесі, олардың қиылысу нүктелеріне ғимарат қаңқасының ұстындары орнатылады.

3.945 **Топырақтарды силикаттау:** Ғимараттар мен имараттардың негіздіктерін күшейту үшін немесе сүзуге қарсы қалқандарды салған кезде топырақтарға сусіңірмеушілік қасиет беру үшін топырақтарды бекіту.

3.946 **Жүйе:** Өзінің жекелеген элементтерінде болмайтын елеулі қасиеттері болатын, өзара байланысты элементтердің ретке келтірілген жиынтығы.

3.947 **Құрылыстағы ауытқулар жүйесі:** Элементтерінің дәлдігі мен өзара ауысуына қойылатын талаптарға байланысты белгіленетін құрастырмалы құрылыс құралымдары өлшемдерінің рұқсат етілген ең үлкен ауытқулары.

3.948 **Жоспарлы-алдын ала жөндеу жүйесі; ЖАЖ:** Машиналар паркін жұмыс жағдайында ұстау үшін машиналарға техникалық қызмет көрсету және жөндеу жұмыстарын қамтитын жүйе.

3.949 **Шешім қабылдауды қолдау жүйесі:** Құрылыс объектілері бойынша оңтайлы шешім әзірлеу кезінде жобалаушыға көмек көрсетуге арналған деректер базасын, білім қорын, сарапшылық жүйелер мен жасанды интеллекттің әріптестік жүйесін, ақпараттық-іздістіру жүйесін, көп көрсеткішті оңтайландыру бағдарламасын және т.б. қамтитын бағдарламалық-әдістемелік кешен.

3.950 **Жүйелілік:** Құрылыс объектісінің өндірістік процесін күрделі иерархиялық құрылымды, бір-бірімен және сыртқы ортамен конструкциялық, технологиялық, ұйымдық және экономикалық байланыстар арқылы байланысқан көптеген элементтерден тұратын біртұтас құрылыс жүйесі ретінде қарастыруды көздейтін ұғым.

3.951 **Құрылысты ұйымдастырудың жүйелік техникасы:** Ұйымдастыру-технологиялық шешімдер алу әдістерінің негізділігін арттыруға мүмкіндік беретін құрылысты ұйымдастырудың жүйелік техникасының бағыты. Мұндай әдістерге:

- желілік модельдер және желілік жоспарлау мен желілік басқару әдістері;
- ағындық әдістер мен модельдер;
- баланстық әдістер мен модельдер;
- логикалық-мағыналық модельдеу;
- имитациялық модельдеу жатады.

3.952 **Сарапшылық жүйелердің жүйелік техникасы:** Құрылыстың тиімділігін арттыру үшін сарапшылық жүйелерді құру мені пайдаланудың ғылыми принциптерін, әдіснамалық ережелерін және практикалық негіздерін әзірлеуге мүмкіндік беретін құрылысты ұйымдастырудың жүйелік техникасының бағыты.

3.953 **Бағдарламалық-нысаналы басқару жүйесі:** Желілік-функционалдық құрылым шеңберіндегі көлбеу үйлестірудің ұйымдастыру тетіктері, олардың мәні желілік-функционалдық құрылым (жоба бойынша басқару, өнім бойынша басқару, жаңалықтар енгізу қызметі және тағы басқалар) жағдайында ерекше бағдарламаның көмегімен белгіленген мақсатқа қол жеткізудің кешенді және жүйелі жолдарына негізделуінде.

3.954 **Ахуалдық жоспар:** Жобаланатын имараттың немесе оның учаскесінің қаланың (кенттің) жеке объектілері мен элементтеріне байланысын көрсететін жоспар.

3.955 **Құрылыстың ахуалдық бас жоспары:** Құрылыс алаңы және едәуір алыста орналасқан инфрақұрылымдық объектілер көрсетілетін масштабы шағын жоспар.

3.956 **Жару:** Жанама кернеудің әсерінен материалдың бір бөлігінің екіншісіне қатысты жылжуы салдарынан бұзылуы.

3.957 **Объект жанындағы қойма:** Құрылысты ұйымдастыру жобасына сәйкес жинақтау крандары жұмыс істейтін аймақта орналастырылатын құрылыс материалдарын, бұйымдарын, құралымдары мен жабдықтарын сақтауға арналған қойма (имарат, үй-жай, алаң).

3.958 **Өндірістік кәсіпорындардың қоймалары:** Қажетті шикізаттар, қосымша материалдар мен шығарылатын дайын өнімдер сақталатын қоймалар.

3.959 **Қоймаға салу:** Құрылыс және пайдалану материалдарын қабылдап алу және қоймада орналастыру жөніндегі технологиялық операция.

3.960 **Қатпарлы жүйе:** Бұрышталып біріктірілген жазық тақталардан тұратын кеңістік жүйе.

3.961 **Сырғымал қалып:** Қалыпты бетон қоспасымен немесе басқа қоспамен толтыру шамасына қарай жоғары қарай жылжытылатын қалып.

3.962 **Бетонның қорғаныш қабаты:** Арматура мен конструкция бетонының сыртқы беттерінің арасындағы бетон қабатының қалыңдығы (10-нан 30 мм-ге дейін).

3.963 **Жапқыш сылақ қабаты:** Сылақтың қалыңдығы 2 мм-ден аспайтын бір рет жағылатын әрлеу қабаты.

3.964 **Смета:** Жобалық деректер негізінде объекті құрылысының құнын, оның ішінде құрылыс-жинақтау жұмыстарының жекелеген түрлерін орындауға және жабдықтар сатып алуға жұмсалатын шығындарды, сондай-ақ құрылысты жүзеге асырумен байланысты басқа да шығындарды айқындайтын құжат.

3.965 **Жергілікті смета:** Бастапқы сметалық құжат, оның негізінде объект сметасына кіретін жұмыстар мен шығындардың жекелеген түрлерінің құны айқындалады.

3.966 **Объект сметасы:** Жергілікті сметалар негізінде жекелеген ғимараттар мен имараттар құрылысының және құрылыстың жиынтық сметасына кіретін жұмыстар түрлерінің құнын анықтайтын және орындалған құрылыс-жинақтау жұмыстарымен есеп айырысу үшін негіз болатын сметалық құжат.

3.967 **Жиынтық смета:** Түрлі мақсаттағы кәсіпорындар, ғимараттар немесе имараттар құрылысын жүргізудің (кеңейтудің немесе қайта құрылымдаудың) жалпы құнын айқындайтын сметалық құжат, ол белгіленген тәртіпке сәйкес жасалады және күрделі құрылысты жоспарлау мен қаржыландыруға негіз болады.

3.968 **Сметалық нормативтік құжаттар:** Жеке жинақтарға біріктірілген сметалық нормативтік бағалаулар мен бағалардың кешені. Қажетті талаптар қамтылатын қағидалар және ережелермен бірге, сметалық нормативтік құжаттар ғимараттар мен имараттар құрылысының және оларды қайта құрылымдаудың, барлық салаларындағы кәсіпорындарды кеңейту мен техникалық қайта жаратандырудың сметалық құнын айқындау үшін қолданылады.

3.969 **Сметалық нормалар:** Құрылыстың сметалық құнын айқындау кезінде қолданылатын нормативтер жиынтығы.



## ҚР ЕЖ 1.01-102-2014

3.970 **Сметалық бағалар:** Құрылыстың сметалық құнын есептеу кезінде құрылыс және жинақтау материалдарына, бөлшектер мен құралымдарға, машиналар мен жабдықтар жұмысына, құрылыс жүктерін тасымалдауға қолданылатын бағалар.

3.971 **Қалаудың жаншылуы:** Қабырғаның немесе қабырға аралығының шектеулі учаскесіне (алаңына) түсірілген сыртқы жүктемеден болатын, жүгіртпе, аркалық, ферма ұшының және т.с.с. тірек бөлігінде туындайтын деформациялар. Қалауды жаншылуға есептеу кезінде оның есептік кедергісін ұлғайтады, өйткені қалауға берілетін қысымды тек жаншылу алаңы ғана емес, қиманың есептік ауданы шегінде орналасқан қалаудың көршілес учаскелері де қабылдайды.

3.972 **Ғимаратты бұзу:** Бірқатар себептерден және құрылыс объектінің физикалық және моральдық тозуынан туындаған құрылыс объектісін нысаналы, көбіне мәжбүрлі сипаттағы бұзуі қызметі.

3.973 **Оқиға:** Келесі жұмыстарды бастау үшін қажетті өрі жеткілікті негіз болатын, бір немесе бірнеше жұмыстың аяқталу фактісі.

3.974 **Арматура шыбықтарын бұрма муфталармен және сомындармен қосу:** Бұрма шығыңқы бұрамалары бар арматура шыбықтары үшін қолданылатын қосылыс.

3.975 **Вертикал арматура шыбықтарын кесік гилзамен және оны тартатын сынамен қосу:** Төменгі шыбыққа киілетін болат кесіп құрсамадан тұратын қосылыс. Шыбықтарды негізгі орнына келтіргеннен кейін құрсамаға тірелгенге дейін қағылатын тартқыш сына кигізіледі.

3.976 **Арматуралық сырықтардың жанастыра қосылысы:** Байланатын сыммен сырықтар бір күйде бекітіліп, түйістірілген кезде сырықтарды босату жүзеге асырылатын дәнекерленбейтін қосылыс.

3.977 **Имарат:** Табиғи немесе жасанды кеңістік шекаралары бар және өндірістік процестерді орындауға, материалдық құндылықтарды орналастыруға және сақтауға немесе адамдарды, жүктерді уақытша орналастыруға (орын ауысыруға), сондай-ақ жабдықтарды немесе коммуникацияларды орналастыруға (төсеуге, жүргізуге) арналған жасанды жасалған ауқымды, тегістікті немесе желілік объект (жер үсті, су беті және (немесе) жер асты, су асты). Ғимарат көркемдік-эстетикалық, әшекей-қолданбалы не мемориалдық мақсатта да болуы мүмкін

3.978 **Арқалықтарды бір деңгейде байланыстыру:** Арқалық алаңшаларында арқалықтарды орналастыру сұлбасы, бұл ретте төсем арқалықтарының және негізгі арқалықтардың жоғарғы сөрелері бір деңгейде орнатылады және оларға төсем тіреледі.

3.979 **Мамандану:** Басқару аппаратындағы еңбек бөлінісін және біртектес жұмыстардың белгілі бір бөлімшеде, нақты жұмыс орнында, нақты орындаушыда шоғырландыруды көздейтін ұйымдастыру принципі.

3.980 **Мамандандырылған бригада:** Бір түрдегі жұмыстарды орындайтын, мысалы бетоншылар, тас қалаушылар немесе ағаш шеберлері, бір мамандықты игерген жұмысшылардан тұратын бригада.

3.981 **Мамандық:** Белгілі бір жұмыс түрлері бойынша (биіктік монтажник, темірбетон құралымдарының монтажнигі) бейінді мамандану.

3.982 **Дірілмен сейсмикалық барлау тәсілі:** Жоғарғы рұқсатты қабілеті мен сезімталдығы бар тәсіл. Тәсіл дірілдеткішті ұңғу және корреляциялық өңдеу үшін үйлесімді кедергілерді басуға, Жерді зондтау үшін дірілдеткішті пайдалануға, сейсмикалық деректерді жинауға және коррелограммаларды түзуге мүмкіндік беретін фасондық каскадталған реттілік жұбын жасауды қамтиды.

3.983 **Қағылма қадаларды тұрғызу тәсілі:** Өртүрлі инженерлік-геологиялық жағдайларда топырақтарда қолданылатын тәсіл, қағылма қабықша қаданы тұрғызудың өзек пен таптағыш элементтің көмегімен топыраққа жобалық белгіге сақиналы ұштықты батыруды, таптағыш элементтің астына бетн қоспасын беріп, таптағыш элементпен өзекті алып шығу шамасына қарай қабықша қаданы қалыптастыруды және бетон қоспасын нығыздауды қамтитын тәсілінде қол жеткізіледі, қабықша қаданың топырақ өзегінің негіздігінде қабықша қаданың төменгі ұшын толығымен жауып тұратын көлденең қималы тұтас өкше қалыптастырады.

3.984 **Бетон бұйымдарды дайындау тәсілі:** Құрылыс алаңында сығылған ауаны қолданып бетон бұйымдарды өндіру және оны жүзеге асыру үшін шақпатасты, құмды және цементті қымталып жабылған бөлек бункерлерге оқтын-оқтын үйіп отыруды, кейіннен бір уақытта оларды араластырып, бункерлерден сығылған ауа ысымынан алып шығаратын келте құбырларға орналастыруды көздеп салу.

3.985 **Күл негізінде қыш бұйымдарды дайындау тәсілі:** Күл мен сазды тиісінше 3:1-ден 8:3-ке дейінгі көлемдік арақатынаста араластыру, өңдеу, жатқызу, қалыптау, кептіру және күйдіру жолымен жүзеге асыратын тәсіл.

3.986 Жартылай фабрикатты саз негізіндегі шихтадан илемді қалыптау, кептіру, 950-1000 °C температурада күйдіру жолымен анизотроптық қасиеттерімен қабырға қышын дайындау тәсілінде, серпімді илемді тұрқыр қасиеттерінің 800-1000 °C температурасында жартылай фабрикат бұйымына 0,45-0,50 Мпа шегінде бір жақты механикалық әсер етеді.

3.987 **Құрылыс конструкцияларының элементтерін алдын ала кернеу тәсілі:** Көрсетілген сығылған серпімді материалды периметрі бойынша қапсыратын рамкадан тұратын және ең болмағанда бір түйісі және кернелген арматурасы бар сығылған серпімді материалдан жасалған құрылыс элементінде рамка иілімді етіп орындалатын тәсіл, мысалы, ұзындығы құрылыс элементі ұзындығының 1/10-ына тең жапқыш ұшты түйісті шыныматадан орындалған, ал иілімді кернелген арматура көлемді етіп, мысалы, кемінде әрқайсысының бір түйісі бар жеке болат қамыттардан орындалған, рамка мен алдын ала сығылған онда алдын ала сығылған өзара перпендикуляр бағыттағы үш серпімді материалды, мысалы, көбікпластты тығыз қапсырады.

3.988 **Түрлендірілген асфальтбетон қоспаларды дайындау тәсілі:** Жол жабындарының түрлі конструктивтік қабаттарын салу және жөндеу үшін қолданылады. Тәсіл битумды, минерал ұнтақ пен түрлендіргіш қоспаны - 0,026-0,092 мас. % мөлшерінде алынған синтетикалық май қышқылдарының кубтық қалдықтарының марганец тұзын минерал материалдармен араластыруды қамтиды.

3.989 **Жылжытып монтаждау тәсілі:** Конструкцияны ірі кеңістік блогына жинап, содан кейін арнаулы домалату жолдарымен жобалық орнына жылжытуға негізделген тәсіл.

## **ҚР ЕЖ 1.01-102-2014**

3.990 **Өсіріп монтаждау тәсілі:** Конструкцияларды бұрын орнатылған конструкцияның үстінен монтаждау болып табылатын тәсіл.

3.991 **Конструкцияларды бұрып монтаждау тәсілі:** Конструкцияны жерде жинап, жобалық орнына жылжымайтын топсаны айнала порталдардың, шеврлердің, полипасты діңгектердің, өздігінен жүретін крандарды қолданатын шығырлардың көмегімен көтеру болып табылатын тәсіл.

3.992 **Конструкциялардың өсіріп монтаждау тәсілі:** Құрылысты жоғарғы қабаттан бастап біріншісімен аяқтап, ретпен тұрғызу болып табылатын тәсіл.

3.993 **Жылжытып жинақтау тәсілі:** Құралымды ірі кеңістік блок ретінде жинауға негізделген тәсіл, осыдан кейін оны арнайы сырғыту жолдары арқылы жобалық орнына жылжытып қояды.

3.994 **«Құлдилаған жебе» көмегімен айналдыру арқылы жинақтау тәсілі:** Жоғарғы бөлігі көтерілетін құралымның жоғарғы бөлігімен жалғанған баған мықтап бекітілген топсаны айналдыра көтерілетін жүкті бұруды көздейтін тәсіл. Жүйе бағанның қалпақшасына арқаны бекітілген шығырдың көмегімен топсаны айналдыра бұрылады. Құралым жобалық (тіктеп) орнына келгенде баған құлайды.

3.995 **Біріктіру:** Ағаш құралымдарын беттестіру, онда элементтер шеткі немесе тура жазықтықтармен бетпобет жанасады.

3.996 **Қызмет ету мерзімі:** Бұйымның пайдаланылуынан бастап техникалық құжаттамада көрсетілген шекті күйіне жеткенге немесе ол жарамсыз болғанға дейінгі уақыт кезеңі.

3.997 **Топырақтарды тұрақтандыру:** Құрылыстардағы топырақ материалдарынан жасалған негіздіктер топырақтарының топырақтарды шоғырландыру процесі аяқталғаннан кейінгі, яғни берілген кернеу күйінде максимал шөгуге жету күйі.

3.998 **Топырақтардың тұрақтануы:** Топырақтың нығыздалу процесі аяқталғаннан кейін, яғни топырақтың осындай кернелген күйде шөгуі тоқтағаннан кейін негіздің немесе топырақ материалдарынан жасалған имараттардағы топырақтың жай-күйі.

3.999 **Тоқырау:** Өндірістегі, саудадағы және басқа да салаларындағы тоқырау; өндіріс көлемінің, сауда айналымы көлемінің, экспорт-импорт көлемінің, құрылысжинақтау жұмыстары көлемінің ұзақ уақыт бойы өспеуімен сипатталады.

3.1000 **Стандарт:** Объектілерге, бұйымдарға, материалдарға қойылатын талаптар, нормалар, ережелер кешенін белгілейтін және белгіленген тәртіппен бекітілген нормативтік-техникалық құжат.

3.1001 **Стандарттау:** Нақты қойылып отырған және ықтимал міндеттерге қатысты көпшілікке ортақ, көп мәрте және ерікті пайдалану үшін ережелер белгілеу арқылы өнімге, көрсетілетін қызметке және процестерге қойылатын талаптарды ретке келтірудің оңтайлы деңгейіне қол жеткізуге бағытталған қызмет.

3.1002 **Тоңазыған топыраққа статикалық әсер ету:** Арнайы жұмыс құралы - «қайта лақтырушы күрек» гидравликалық экскаваторының қопсытқыш «тісімен» немесе қуатты трактордың аспалы жабдығының көмегімен тоңазыған топырақты үзіліссіз қазуға негізделген тоңазыған топырақты қопсыту тәсілі.

3.1003 **Тұрақты сөрелер:** Құралым элементтерін орналастыру мен оларды ірі құрастыру блоктарына жинақтауға арналған ірі құрастыру алаңдарындағы құрылғылар.

3.1004 **Шынылау жұмыстары:** Ғимараттар мен имараттардың жарық түсетін саңылауларына және қоршау құралымдарына шыны және шыны бұйымдарын салу жұмыстары.

3.1005 **Топырақтағы қабырға:** Тік тереңдетілген көтергіш құралымдар мен сүзгіге қарсы жамылғыларды орналастыруға арналған құрылыс жұмыстарының арнайы әдісі. Көтергіш құралымдарды орналастыру кезінде бұл әдіс қабырғаларының опырылуына кедергі жасайтын бетонитті балшықты ерітіндімен алдын ала толтырылған терең - фаншеяларға бетон қоспасын тесеуді көздейді. Сүзгіге қарсы жамылғылар орналастыру кезінде траншеядағы бентонитті балшықты ерітіндіні цементті-балшықты ерітіндімен, асфальтбетонды қоспамен немесе кесек балшықпен ауыстыру көзделеді.

3.1006 **Шпунт қабырға:** Топыраққа қағылған шпунт қадалардан (ағаш, темірбетон, болат) пайда болған, су сіңірмейтін тосқауыл қызметін атқаратын және қазагшұңқырлардың қабырғаларын, орларды және басқа ойықтарды қоршау үшін гидротехникалық имараттарды тұрғызғанда топырақтың опырылуынан сақтайтын тұтас қабырға.

3.1007 **Құрастыру дәрежесі:** Ғимараттар (имараттар) жобаларын техника-экономикалық бағалау және құрылыстың техникалық деңгейінің көрсеткіші, ол құрама құралымдар мен бөлшектердің, сондай-ақ құрылыс жинақтау жұмыстарының көлеміне кіргізілетін санитарлық-техникалық, электротехникалық және технологиялық жүйелер үшін алдын ала дайындалған тораптардың сметалық құнының барлық құрылыс материалдарының, құралымдары мен бөлшектерінің сметалық құнына қатынасымен (пайызбен) сипатталады.

3.1008 **Жабдықтың сметалық құны:** Құрылыс сметаларында көзделетін жабдықтың құны, ол лимиттік бағаны, қосалқы бөлшектердің белгіленген жинағының құнын, ыдысқа, орамдар мен реквизитке жұмсалатын шығындарды, жабдықты құрылыстың объект жанындағы, қоймаға дейін жеткізу шығындарын, дайындық қойма шығыстарын және жиынтықтау шығындарын қамтиды.

3.1009 **Құрылыстың сметалық құны:** Жобаға сәйкес құрылысты толық жүзеге асыру мен негізгі қорларды іске қосу үшін қажет шығындардың ақшалай көрінісі. Сметалық құн құрылыс-жинақтау жұмыстарының, жабдықтардың, құралдардың, мүліктің құнынан және құрылыс сметасына кіретін басқа да шығындардан құралады.

3.1010 **Ыдыстың, орауыштың және реквизиттің сметалық құны:** Сметада жеткізуші-зауыттың жабдықты, материалдарды, бұйымдар мен құралымдарды тасымалдау кезінде олардың сақтығын қамтамасыз ету және құрылыстың объект маңындағы қоймасында сақтау шығындарын өтеуге көзделген қаржылар.

3.1011 **Ағаш шеберлігі жұмыстары:** Ағашты мұқият өңдеу мен әрлеу арқылы бұйымдар (жиһаз, есік, терезе және т.с.с.) жасау. Ағаш шеберлігі жұмыстары кезінде ағаштың жұмсақ түрлерінен (шырша, қарағай) жасалған бұйымдар - ақ ағаш бұйымдары, ал қатты түрлерінен (емен, шәмшат) жасалған бұйымдар қызыл ағаш бұйымдары деп аталады.

## ҚР ЕЖ 1.01-102-2014

**3.1012 Стратегиялық жослар:** Құрылыс ұйымы қызметінің мақсаттары, оң нәтижеге қол жеткізу үшін ықтимал мүмкіндіктер арасында стратегиялық тепе-теңдікті қалыптастыру мен сақтауға арналған маркетингтік бағдарламасының негізгі бөлігі. Стратегиялық жоспарда құрылыс ұйымының әрбір бөлімшесінің нақты мақсаттарын айқындау және олардың іс-қимылдарын үйлестіру негізінде құрылыс өнімдерін өндіру мен өткізу, жұмыстарды ресурстармен қамтамасыз ету, баға, жарнама, объектілерді пайдалануға беру саласындағы және басқа қызметтің негізгі бағыттары белгіленеді. Стратегиялық жоспарлы қалыптастыру негізін жария етілген қызмет бағдарламасы, оның мақсаттары мен міндеттері, тапсырыс қоржыны және тәуекел стратегиясы құрайды.

**3.1013 Сақтандыру (кепілгерлік) қоры:** Өндірістік қордың басқа бөліктері толық пайдаланылған жағдайда өндіріс процесін үзіліссіз жүргізуге арналған бөлігі.

**3.1014 Құрылыс қызметі (құрылыс):** Жаңа объектілер салу және (немесе) бар объектілерді (үйлерді, ғимараттар мен олардың кешендерін, коммуникацияларды) өзгерту (кеңейту, жаңғырту, техникамен қайта жарақтандыру, қайта құрылымдау, қалпына келтіру, күрделі жөндеу), олармен байланысты технологиялық және инженерлік жабдықтарды монтаждау (бөлшектеу), құрылыс материалдарын, бұйымдар мен конструкцияларын дайындау (өндіру), сондай-ақ аяқталмаған объектілер құрылысын консервациялау мен өз ресурстарын тауысқан объектілерді кейіннен кәдеге жарату жұмыстарын жүзеге асыру жолымен өндірістік және өндірістік емес негізгі қорларды құру жөніндегі қызмет.

**3.1015 Құрылыс индустриясы:** Ғимараттар мен имараттардың құрылыс құралымдары ретінде қолдану үшін бұйымдарды өнеркәсіптік шығару.

**3.1016 Құрылыс алаңы:** Жоба бойынша белгілі бір объектіні немесе объектілер кешенін салуға бөлінген аумақ. Құрылыс алаңы құрылыс аяқталып, кәсіпорынның пайдалануына беруді реімдеген мезетке дейін құрылыс басшысы жетекші ететін ұйымдастырылып оқшауланған учаске болып табылады.

**3.1017 Құрылыс технологиясы:** Параметрлері мен сапасы берілген аяқталған құрылыс өнімдерін жасау мақсатында бастапқы табиғи және жасанды материалдарды өңдеуге, олардың сипаттамаларын, күйі мен кеңістіктегі орнын өзгертуге бағытталған іс-қимылдардың, тәсілдер мен құралдардың жиынтығы.

### **3.1018 Салу-монтаждау жұмыстары:**

- жер жұмыстары мен топырақтардағы арнаулы жұмыстарды;
- ғимараттар мен имараттардың көтеруші және (немесе) қоршағыш конструкцияларын (соның ішінде көпірлерді, көлік эстакадаарын, тоннелдер мен метрополитендерді, жолөткелдерді, өзге жасанды имараттарды) тұрғызуды;
- желілік имараттарды салу бойынша арнаулы салу және монтаждау жұмыстарын;
- сыртқы тораптар мен имараттарды, сондай-ақ ішкі инженерлік жүйелерді салуды;
- конструкциялар мен жабдықтарды қорғау және әрлеу жұмыстарын;
- автомобиль жолдары мен теміржолдарды салуды;
- технологиялық жабдықты монтаждау (демонтаждау), іске қосу-баптау жұмыстарын қамтитын құрылыс қызметі.

3.1019 **Құрылыс өндірісі:** Кез келген климаттық жағдайларда ғимараттар мен имараттардың барлық типтерін салу мен қайта құрылымдау, техникалық қайта жарактандыру, күрделі жөндеу кезінде дайындық және негізгі құрылыс-жинақтау жұмыстары кешенін орындау.

3.1020 **Құрылыс нормалары және ережелері; ҚНЖЕ:** Құрылыста қолданылатын негізгі нормативтік құжаттар жиынтығы.

3.1021 **Бас құрылыс жоспары:** Құрылыстың белгілі бір кезеңінде құрылыс алаңын ұйымдастыруды реттейтін құрылысты ұйымдастыру жобасының бір бөлігі.

3.1022 **Жеке ғимаратқа, имаратқа арналған бас құрылыс жоспары:** Құрылыс учаскесінің планы, онда салынатын ғимараттың немесе имараттың орналасуы көрсетіледі, жолдар мен желілердің, қойма ғимараттары мен алаңдарының, кранасты жолдарының, дайындық және негізгі кезеңдегі уақытша ғимараттар мен имараттардың орналасуы нақтыланады. Бас құрылыс жоспары дайындық кезеңіндегі жұмыстарды жүргізу жобасының және негізгі кезеңдегі жұмыстар кешенінің құрамында әзірленеді.

3.1023 **Құрылыс ауласы:** Құрылыс алаңында немесе оның жанында материалдарды алдын ала өңдеу, бөлшектер жасау, бетонды дайындау және т.с.с. үшін ұйымдастырылатын уақытша қосалқы өндірістер кешені.

3.1024 **Құрылыс кешені:** Мердігерлік құрылыс және жинақтау ұйымдары, оларға қызмет көрсететін ұйымдар, сондай-ақ құрылыс материалдарын, бөлшектері мен құралымдарын өндіру жөніндегі кәсіпорындар кешені.

3.1025 **Ғимараттың жер бетіндегі және жер асты бөліктерінің құрылыс көлемі:** Қоршау және басқа да құралымдар қамтылатын шектеуші беттер шегінде айқындалатын көлем.

3.1026 **Құрылыстың паспорты:** Тапсырыс беруші жобалау ұйымына жобалауға берілген тапсырмаға қосымша ретінде беретін құжат, онда жобалаудың жағдайлары, бөлінген учаске бойынша техникалық деректер, жер бөлу туралы шешім, қазіргі құрылыс туралы деректер, инженерлік желілерге қосудың техникалық шарттары, инженерлік геология бойынша техникалық қорытынды, оның ішінде топыраққа түсірілетін жүктеме туралы деректер қамтылады.

3.1027 **Тұрғын үйді күрделі жөндеуге арналған құрылыс паспорты:** Бас жобалау ұйымы әзірлейтін және тапсырыс беруші бекітетін құжат, онда жұмыстарды жүргізуге қажетті барлық материалдар қамтылады.

3.1028 **Құрылыс процесі:** Қатаң технологиялық реттілікпен орындалатын жалпы құрылыс жұмыстарының жиынтығы.

3.1029 **Өнім өндірілетін аумақтардағы құрылыс:** Тау-кен қазбалары өндірілетін тас көмірлі кен орындардың аумағындағы ғимараттар мен имараттардың құрылысы.

3.1030 **«Дайын күйдегі» құрылыс:** Толық дайын элементтерді салу және пайдалануға беру.

3.1031 **Толық құрастырмалы құрылыс:** Жоғары деңгейде зауыттық жағдайда дайындалған ірі элементтерден ғимараттар мен имараттар салу.

## ҚР ЕЖ 1.01-102-2014

3.1032 **Өтпелі құрылыс:** Аяқталмаған құрылыс, оны жоспарлы кезеңде бұдан бұрын бекітілген немесе белгіленген тәртіппен қайта бекітілетін жобалау-сметалық құжаттаманың негізінде жалғастыру көзделеді.

3.1033 **Ілмектеу:** Түрлі құралымдарды (бұйымдарды, жабдықты) көтеру, жинақтау немесе тасымалдау үшін оларды жүк көтеретін машинаның ілмегімен (ілгек, сақина және т.с.с.) уақытша қосу.

3.1034 **Ұстағыштар:** Табақ металды көтеру және орын ауыстыру кезінде қолданылатын бұрандалы қысқышы бар қапсырма шегелер.

3.1035 **Түйіс: 1.** Монтаждау барысында конструкцияның екі ұшы, екі шеткі бөлігі біріктірілетін, мысалы көпқабатты ғимараттарда ұстындардың жималы элементтері біріктірілетін орын. **2.** Қаңқаның екі элементін бір элементтен екіншіге жүктемені беру аймағы болып табылатын мүшелу болып табылады.

3.1036 **Көтергіш және салмақ көтермейтін құралымдардың дербес жұмысын қамтамасыз ететін түйіспелі қосылыстар:** Сейсмикалық әсерлер кезінде көтергіш және салмақ көтермейтін құралымдардың өзара жылжуына (нормаларда берілген шектерде) кедергі келтірмейтін қосылыстар.

3.1037 **Көтергіш және салмақ көтермейтін құралымдардың дербес жұмысын қамтамасыз етпейтін түйіспелі қосылыстар:** Сейсмикалық әсерлер кезінде көтергіш және салмақ көтермейтін құралымдардың өзара жылжуына кедергі болатын қосылыстар.

3.1038 **Еденді тұтастырғыш:** Егер төменгі қабаттары қатты емес немесе кеуекті материалдардан орындалса, жабын астынан қатты негіздікті дайындауға арналған қабат.

3.1039 **Құрылыстағы қосалқы мердігер:** Бас мердігерлермен - құрылыс ұйымдарымен қосымша мердігерлік шарты бойынша құрылыс-жинақтау жұмыстарының жекелеген түрлерін немесе кешенін орындайтын мамандандырылған немесе жинақтау ұйымы.

3.1040 **Құрғақ қалау:** Байланыстырғыш ерітіндіні қолданбай, бірақ төсе ме тастарды іріктеп, оларды шақпатастармен мұқият толтырып орындалатын тас қалау. Құрғақ қалау әдетте биіктігі үлкен емес тірек қабырғаларды салу үшін қолданылады.

3.1041 **Сұлба:** Құрылғы, қондырғы, сумен жабдықтау имараттары мен желілері, канализация, жылумен қамту, электрмен қамтамасыз ету, байланыс және басқа жүйелер жұмысының негізгі идеяларын, принциптері мен дәйектілігін түсіндіретін қабылданған шешімдердің сипаттамасы мен техникалық-экономикалық негіздемесі берілген графикалық кескін.

3.1042 **Құрылыстың материалдық-техникалық базасын дамыту және орналастыру сұлбасы:** Құрылысты ресурстармен теңдестіре қамтамасыз ету, сондай-ақ шаруашылықтар мен материалдық-техникалық база желісін ұтымды дамыту және орналастыру жөніндегі ұсыныстар әзірленетін жоспар алды құжаттары.

3.1043 **Желілік кестені біріктіру:** Бастапқы желілік кестелерді бірыңғай желіге графикалық жолмен біріктіру.

3.1044 **Тәлдер:** Қол жетекті немесе электр жетекті бұрамдық немесе тегерішті механизмі бар, тиеу-түсіру жұмыстарында, ванттарды тарту, жүкті аздаған

арақашықтықтарға (3-тен 12 м-ге дейін) және биіктікке көшіру үшін қолданылатын құрылғылар.

3.1045 **Тампонаж:** Арнаулы ерітінділерді тау жыныстарына айдау процесі. Шахта құрылысында немесе гидротехникалық имараттардың (бөгеттердің жәе т.б.) негіздіктерін ұңғымалар арқылы бекіткен кезде қолданылады.

3.1046 **Тарифтік тор:** Жұмыстардың (кәсіптердің, лауазымдардың) күрделілігі мен жұмыскерлердің біліктілік сипаттамаларына қарай тарифтік коэффициенттер көмегімен анықталған тарифтік разрядтары.

3.1047 **Тарифтік жүйе:** Еңбек шарттарына, оның күрделілігіне, саланың мәніне қарай жұмысшылар мен қызметкерлердің жалақысы сараланатын нормативтерді жиынтығы.

3.1048 **Тарифтік-біліктілік анықтағышы:** Мамандық бойынша негізгі құрылыс жұмыстарының сипаты, нақты құрамы, әр мамандыққа және әр бөлімге келтірілген жұмыстарды орындаудың көлемі мен тәртібі бар анықтағыш.

3.1049 **Тарифтік коэффициент:** Разрядтар арасындағы еңбекақының арақатынасын көрсететін коэффициент.

3.1050 **Ағымдағы қор:** Қоймадағы материалдар қорының деңгейі, ол екі жақын жеткізілім арасындағы кезеңде қандай да бір ресурсқа қажеттілікке тең болады.

3.1051 **Тендер:** Үміткерлер ұсыныстарының тендерлік құжаттамада көрсетілген критерийлерге сәйкестігі тұрғысынан жарысы болып табылатын мердігерлік саудасаттық өткізудің конкурстық нысаны.

3.1052 **Жылу оқшаулау жұмыстары:** Қажетті жылу техникалық сипаттамалар мен белгілі бір температуралық-ылғалдық режимді ұстап тұруды қамтамасыз ету үшін имараттар мен имараттардың, өнеркәсіптік жабдықтың, көлік құралдарының және басқалардың қоршау конструкцияларының жылу оқшаулағышын салу жұмыстары.

3.1053 **Үйінді жылу оқшаулағыш:** Ұнтақ талшықты немесе түйіршікті материалдардан (перлит құм, минерал және шыны мақта, кеуектас, қож, күл) жасалған жылу оқшаулағыш.

3.1054 **Құйылға жылу оқшаулағыш:** Көбікбетонды ұяшықты массадан жасалған жылу оқшаулағыш. Горизонтал беттерде қалыпқа 25 см-ге дейінгі биіктікке салып, нығыздайды, оқшаулағыштың сыртқы бетін мұқият жазып тегістейді.

3.1055 **Мастикалы жылуоқшаулағыш:** Асбест талшықтары, полимерлік материалдар, сұйық шыны және т.б. негізіндегі жылу оқшаулау. Көлбеу беттерге - қосымша бекітпесіз жолақ етіп, ал тік беттерге металл тордың бетіне жағылады.

3.1056 **Қаптам жылу оқшаулау:** Минерал киізден, алюминий фольгадан және басқа материалдардан жасалған жылу оқшаулау. Оқшаулағышты бүрлі шекегелердің көмегімен бекітеді, киіз оқшаулағышты бүрлі шегеге түйреп отырғызу жолымен орайды.

3.1057 **Еденді жылу оқшаулау:** Еденнің жылу өткізгіштігін азайтатын қождан немесе керамзитбетоннан жасалатын жылуды оқшаулағыш қабат.

3.1058 **Құрастырмалы-блокты жылуоқшаулағыш:** Зауытта дайындалған элементтерден (тақталар, тақтайшалар, қатпаршалар, сегменттер) тұратын жылу



## **ҚР ЕЖ 1.01-102-2014**

оқшаулағыш. Оларды көлбеу беттерге жіктерін бітеп, құрғақтай төсейді, ал тік беттерге оқшаулау жіктері цемент ерітіндімен байланған қалау түрінде орындалады.

**3.1059 Жылы үйшік:** Құрылыс жұмыстарын қысқы уақытта жүргізгенде сыртқы ауаның төменгі температураларының зиянды әсерінен қорғау үшін қолданылатын уақытша құрылыс.

**3.1060 Бұрғылаудың термиялық тәсілі:** Тау жыныстары жоғарғы температуралы жылу көздерінен (термиялық бұрғымен) бұзылатын бұрғылау тәсілі.

**3.1061 Қала құрылысын реттеу аумағы:** Шектерінде қандай да бір сәулет, қалақұрылысы және құрылыс қызметі жүзеге асырылатын аумақ.

**3.1062 Елді мекеннің аумағы:** Қалалық немесе селолық елді мекеннің белгіленген шекара (ішкі аумағы) шегіндегі кеңістік.

**3.1063 Қауіпсіздік техникасы:** Құрылыстағы еңбектің қауіпсіздігі мен зиянсыздығын қамтамасыз ететін ұйымдастырушылық және техникалық іс-шаралар.

**3.1064 Жобалау кезіндегі техника-экономикалық көрсеткіштер:** Құрылысты техника-экономикалық негіздеу және өндірістік және өндірістік емес объектілер жобаларының экономикалық бағалау үшін қолданылатын өлшемдер.

**3.1065 Құрылыс өндірісінің техникалық-экономикалық көрсеткіштері:** Құрылыстағы өндірістік ресурстар мен резервтердің тиімді пайдаланылуын сипаттайтын өлшемдер.

**3.1066 Техника-экономикалық есептеулер:** Техника-экономикалық негіздеме жасалмайтын кәсіпорындарды, ғимараттар мен имараттарды жобалаудың және құрылысын жүргізудің шаруашылық қажеттілігін және экономикалық тиімділігін негіздеу үшін әзірленетін есептеулер.

**3.1067 Техникалық-экономикалық негіздеме; ТЭН:** Жоспарлау және жобалау алдындағы құжат. ТЭН әзірлеу жаңа құрылысты, сондай-ақ жұмыс істеп тұрған объектіні кеңейту және қайта құрылымдауды негіздеу үшін жүзеге асырылады. ТЭН-де құрылыстың есептік құны және объектінің негізгі техникалық-экономикалық көрсеткіштері айқындалуға тиіс.

**3.1068 Техникалық құжаттама:** Құрылыс жүргізу, қайта құрылымдау, кеңейту, техникалық қайта жарактандыру және күрделі жөндеу кезінде, сондай-ақ ғимараттар мен имараттарды пайдалану процесінде пайдаланылатын графикалық, есептік және мәтіндік материалдар жүйесін қамтитын құжаттар жинағы.

**3.1069 Объектінің техникалық күрделілігі:** Объектінің функционалдық қызметіне, оның тірек және қоршау конструкцияларының ерекшеліктеріне, қабаттар (конструкциялық қатарлар) санына, сейсмикалық қауіптілігіне немесе салынатын жерінің (ауданының) өзге де айрықша геологиялық, гидрогеологиялық, геотехникалық жағдайларына қарай мемлекеттік және (немесе) мемлекетаралық (халықаралық) нормативтермен белгіленетін, табандары мен конструкцияларының сенімділігі мен беріктігіне қойылатын техникалық талаптардың дәрежесі бойынша құрылыс объектісінің жауапкершілік деңгейі, олар:

- жауапкершіліктің бірінші деңгейі - күшейтілген;
- жауапкершіліктің екінші деңгейі - қалыпты;

- жауапкершіліктің үшінші деңгейі - төмендетілген болып бөлінеді.

3.1070 **Техникалық шарттар:** Өнімдер, процесс немесе көрсетілетін қызмет қанағаттандыруы тиіс техникалық талаптарды белгілейтін құжат.

3.1071 **Техникалық қадағалау:** Орындалған жұмыстың сапасын, мерзімін, құнын, қабылдап алынуын және объектінің пайдалануға берілуін қоса алғанда, жобаны іске асырудың барлық сатысында құрылысты қадағалау.

3.1072 **Техникалық жоба:** Ғимараттың (имараттың) жобасын әзірлеудің аралық кезеңі, жұмыс сызбаларын орындау кезінде талап етілетін жобалық тапсырманың деректерін нақтылау үшін қажетті көлемде жасалады.

3.1073 **Техникалық тапсырма; ТТ:** Жаңа бұйымдар мен имараттарды зерттеуге және жобалауға арналған бастапқы құжат.

3.1074 **Техникалық нормалау:** Оңтайлы жағдайлар мен оларды пайдалану көрсеткіштерін айқындау мақсатында әртүрлі өндірістік ресурстар шығынын зерттеудің ғылыми жүйесі жүйесі.

3.1075 **Имараттарды техникалық зерттеу:** Ғимараттың немесе имараттың тұтастай алғанда, жекелеген құралымдардың нақты жай-күйі туралы дәйекті ақпарат алу мақсатында өткізілетін инженерлік ізденістер.

3.1076 **Техникалық қызмет көрсету:** Майлау, реттеу жұмыстарын уақтылы жүргізу, пайдалану кезінде ақауларды анықтау мен жою жолымен машиналардың тораптары мен бөлшектерінің мерзімінен бұрын тозуының алдын алуға мүмкіндік беретін іс-шаралар кешені.

3.1077 **Ғимараттар мен имараттарға техникалық қызмет көрсету:** Тұтастай алғанда ғимараттың және жекелеген элементтерінің техникалық жай-күйін бақылау, ғимараттар мен имараттардың жұмыс жағдайында немесе қалыпты күйде ұстау, ретке келтіру, реттеу, маусымдық пайдалануға дайындау, сондай-ақ оларда және олардың маңындағы аумақтарда экологиялық талаптарды сақтау жөніндегі жұмыстар кешені.

3.1078 **Ғимараттар мен имараттардың техникалық жайкүйі:** Белгілі бір уақыт аралығында имараттың немесе оның элементінің техникалық құжаттамасында көрсетілген белгілермен сипатталатын, осы имараттың немесе оның элементінің құрылыс, жөндеу немесе пайдалану процесінде өзгеріске ұшыраған қасиеттерінің жиынтығы

3.1079 **Техногендік зілзалалар:** Шаруашылық қызметпен байланысты және:

- өнеркәсіп, көлік аварияларын және басқа да аварияларды;
- өрт, жарылыстар немесе жарылыс қатерін;
- биологиялық, химиялық қауіпті немесе радиоактивті заттардың шығарылуын немесе шығарылу қатерін;
- үйлердің немесе ғимараттардың, коммуникациялардың кенеттен құлап түсуін;
- гидротехникалық немесе тазарту құрылыстарының опырылуын;
- электр энергетикасы және коммуникация жүйелеріндегі аварияларды туғызатын тұтқиыл факторлар.

3.1080 **Техногендік әсер ету:** Халыққа, елді мекендерге не қонысаралық аумақтарға, әдетте, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың пайда болу

## ҚР ЕЖ 1.01-102-2014

қатерін төндірмей немесе қатер төндіре отырып, адамның шаруашылық қызметі нәтижесінде туындаған жағымсыз немесе зиянды (қауіпті) әсер ету.

**3.1081 Технологиялық карта:** Құрылыстың технологиялық және ұйымдастыру ережелеін реттейтін құрылыс процесінің негізгі құжаты. Технологиялық карталарды жеке және кешенді процестерге арнап әзірлейді.

**3.1082 Технологиялық жиынтықтау:** Салынып жатқан құрылыс объектілерін құрастырылмалы құралымдармен, бөлшектермен, жартылай фабрикаттармен және материалдармен құрылыс-жинақтау жұмыстарының қарқынымен және технологиялық бірізділігімен қатаң үйлестірілетін жинақтармен уақтылы қамтамасыз ету процесі.

**3.1083 Технологиялық шаралар:** Технологиялық және құрылыс процестерінің біртекті ұйымдастыру жағынан бөлінбейтін элементі болып табылатын осы процестердің негізгі құрамдас бөлігі.

**3.1084 Технологиялық процесс:** Жаңа өнім алу мақсатында шикізатты, материалдарды, шала фабрикаттарды өңдеу және бөлек конструкцияларды қосу амалдары мен тәсілдерінің жиынтығы. Технологиялық процестер дайындық, жиынтық, көліктік және монтаждық-төсегіш процестер болып бөлінеді.

**3.1085 Технологиялық ярус:** Объектіні вертикал бойымен шартты бөлшектеу.

**3.1086 Құрылыстың технологиялығы:** Ғимаратты пайдаланудың кіші жүйесі тарабынан белгілі бір дәрежедегі шектеу кезінде құрылыс объектісінің құралымдарын дайындау, тасымалдау, тұрғызу сияқты үш кіші жүйесі технологиясының кешенді сипаттамасы.

**3.1087 Көп секциялы қадаларды батыру технологиясы:** Ғимараттың қолданыстағы іргетасының көтеруші қабілетін түтікті металл қадалар секциясының бірнеше жималы қысқа элементтерінің көмегімен арттыру технологиясы. Батырушы механизмді (домкратты) қолданыстағы іргетастың табанының астына, арнаулы арқалықтың астына салады, қадаларды батырғаннан кейін олардың қуыстарын бетон қоспасымен толтырады.

**3.1088 Реконструкциялау кезінде іргетас астына топырақ қадаларын жүргізудің екікомпонентті технологиясы:** Топырақты бір уақытта бекіткіш езіндімен шоғырландырылған сақиналы ауа ағынын беріп шаюды көздейтін екікомпонентті технология.

**3.1089 Реконструкциялау кезінде іргетас астына топырақ қадаларын жүргізудің біркомпонентті технологиясы:** Топырақты бекіткіш цемент-құм езіндісінің бір немесе екі қарама-қарсы бағытталған ағынымен шаюды көздейтін біркомпонентті технологиясы.

**3.1090 Реконструкциялау кезінде іргетас астына топырақ қадаларын жүргізудің үшкомпонентті технологиясы:** Топыраққа қаданы қалыптастыру процесін жеделдететін қоспаларды қосымша беруді көздейтін үшкомпонентті технология.

**3.1091 Құрылыс өндірісінің технологиясы:** Бұйымдар мен конструкцияларды дайындау және оларды құрылысты индустрияландыру деңгейін дамыту және арттыру негізінде дайын құрылыс өніміне айналдыру процестерінің жиынтығы.

3.1092 **Типтендіру:** Бұйымдардың, машиналардың, имараттардың әртүрлі типтерін белгілі бір өлшемдегі, нысандағы және сападағы типтік үлгілердің ең аз санына топтастыру процесі.

3.1093 **Типтік құжаттама:** Көлемдік-жайғастыру шешімдерін біріздендіру және типтендіру негізінде әзірленген және құрылыста бірнеше қайтара қолдану үшін ғимараттар мен имараттарды, құралымдарды, бұйымдар мен тораптарды жасау құжаттарының жинақтарына енгізілген құжаттар.

3.1094 **Типтік жобалау:** Құрылыста бірнеше рет пайдалануға арналған кәсіпорындардың, ғимараттар мен имараттардың типтік жобаларын әзірлеу.

3.1095 **Типтік жобалау шешімі:** Жобалауда белгілі бір сыныптағы міндеттер мен жүйелерді қолдану (толық қайталау немесе ұштастыру) мақсатында жобалаудың бұрынғы тәжірибесі мен жобалардың бірнеше рет енгізу нәтижесінде іріктеп алынған жобалық шешім.

3.1096 **Типтік бөлшектер:** Типтік жұмыс сызбаларының бекітілген альбомдарына кірген, жобалауда және құрылыста міндетті түрде қолдану үшін қабылданған құрылыс конструкцияларының, бұйымдар мен олардың жанасу түйіндерінің элементтері.

3.1097 **Типтік материалдар:** Құрылыстың нақты объектілерін жобалауды, типтік жобаларды байластыруды әдістемелік қамтамасыз етуге қажетті материалдар.

3.1098 **Ғимараттар типологиясы:** Өндіріс технологиясын жетілдіруге, тұрмыс пен мәдениеттің жаңа әлеуметтік нысандарының дамуына, халық демографиясының өзгеруіне, халықтың әл-ауқатының артуына және қазіргі заманғы құрылыс техникасының жетістіктеріне байланысты ғимарат типтерінің дамуы мен қалыптасуын зерттейтін ғылыми пән.

3.1099 **Тауарлық құрылыс өнімдері:** Құрылысы аяқталған және есепті кезеңде белгіленген тәртіппен пайдалануға берілген кәсіпорындардағы, іске қосу кешендеріндегі, өнім шығару және қызметтер көрсетуге дайын құрылыс кезектері мен объектілеріндегі орындалған құрылыс-жинақтау жұмыстары көлемінің құрылыстың сметалық құны бойынша көрсеткіші.

3.1100 **Торкреттеу:** Өңделетін бетке цемент атқыштың көмегімен қабаттап торкрет бетонды (толтырғыштың ірілігі 10 мм-ге дейін) немесе бетон шашырамасын (толтырғыш 25 мм-ге дейін) жағу.

3.1101 **Ылғал тәсілмен торкреттеу:** Шүмекке дайын бетон қоспасы немесе езінді берілетін торкреттеу тәсілі.

3.1102 **Құрғақ тәсілмен торкреттеу:** Соплоға құрғақ қоспа беруді, онда сумен араласуы көзделетін торкреттеу тәсілі.

3.1103 **Нүктелік пісіру:** Біріктірілетін, әдетте айқастыра салынған бөлшектер жеке нүктелерде пісірілетін контактілі пісіру түрі.

3.1104 **Траверстер:** Көтерілетін элементті бірнеше жерден асуды орындауға мүмкіндік беретін аспалы ілмектері бар металл арқалықтан немесе керегелі конструкциялар.

3.1105 **Таптау:** Құрылыс материалдарының топырағын вертикал соққы жүктемелерімен нығыздау.

**3.1106 Таспалы транспортерлер:** Науа типті жоғарғы жоғалақты тіректерді және төменгі жазық доғалақты тіректерді ұстап тұратын, тегіс немесе қырлы таспалары бар таспалы конвейерлер. Таспалы конвейерлер бетон қоспасын беруге арналған.

**3.1107 Көлік инфрақұрылымы:** Көпір, тоннель және өзге де көлік құрылыстарының, жол тарамдары мен жол өткізгіштерінің, реттеуші белгі беру құрылғыларының, байланыстың, көлік жұмысының инженерлік қамтамасыз ету, жүктерді, жолаушыларды тасымалдайтын көлік құралдарына қызмет көрсету, өндірістік және қызмет көрсетуші адамдардың функционалдық қызметін қамтамасыз ететін объектілердің, қойма үй-жайлары мен аумақтардың, санитарлық-қорғаныш және күзет алаңдарының, сондай-ақ көрсетілген бағыттағы жолдарға және жылжымайтын мүлік объектілерін қамтитын объектілерге заңдарда бекітілген жерлердің кешені бар жерүсті (автомобиль және (немесе) темір) жолдарының, су (теңіз және (немесе) өзен) жолдарының жиынтығы.

**3.1108 Көлік процестері:** Құрылыс процестерінің материалдық элементтері мен техникалық құралдарын құралымдар салынатын орынға жеткізу процестер. Көлік процестері құрылыс алаңынан тыс жерлерде - жалпы құрылыс көлігімен (шығарушы-кәсіпорыннан құрылыс алаңының қоймаларына дейін немесе тікелей төсеу орнына), ал құрылыс алаңының ішінде объектішілік көлік құралдарымен жүзеге асырылады.

**3.1109 Көлік жұмыстары:** Жүктерді өндірістік кәсіпорындарға, салу-монтаждау алаңдарына, құрылыс индустриясы зауыттарына (немесе олардан) жеткізген кезде, топырақтарды көшірген кезде және басқаларда орындалатын шаралар кешені.

**3.1110 Ор:** Топырақтағы трапеция қималы, ұзындығы енінен көп есе асатын ашық ойық, құбырларды, кәбілдерді және т.б. жүргізу үшін пайдаланылады.

**3.1111 Еңбек операциясы:** Еңбек процесін жүзеге асыру үшін қажетті бастапқы өнімнің белгілі бір мөлшерін алуға бағытталған бір-бірімен технологиялық байланысқан тәсілдер кешені. Еңбек затының бір түрін алу үшін бір жұмыс орнында, орындаушылардың тұрақты құрамымен және еңбек құралымен орындалады (мысалы, панель орнатылатын жерді тазарту, ерітінді төсеміне панельді орнату, панельді ілу, панельді уақытша бекіту және сол сияқтылар).

**3.1112 Еңбек ұжымы:** Мемлекеттік, жеке меншік, қоғамдық кәсіпорында (бірлестікте), мекемеде, ұйымда бірлескен еңбек қызметін жүзеге асыратын барлық қызметкерлердің бірлестігі.

**3.1113 Еңбек әлеуеті:** Ғылым мен техниканың қазіргі даму деңгейінде қоғамдағы (еңбек ұжымы) еңбектің ықтимал мөлшері мен сапасы.

**3.1114 Еңбек ресурстары:** Қамтылған немесе еңбек етуге қабілетті, бірақ белгілі бір себептермен жұмыс істемейтін халықтың бір бөлігі (үй шаруасындағы әйелдер, өндірістен қол үзіп оқитындар).

**3.1115 Процестің еңбек сыйымдылығы, адам-сағат, адамкүн:** Өнім бірлігін жасауға немесе белгілі бір жұмысты орындауға кететін жұмыс уақыты шығынын сипаттайтын экономикалық көрсеткіш. Еңбек сыйымдылығы неғұрлым аз болса, еңбек өнімділігі соғұрлым жоғары болады.

**3.1116 Өрт сөндіру:** Күштер мен құралдардың әсер ету процесі, сондай-ақ өртті сөндіру үшін әдістер мен тәсілдерді пайдалану.

3.1117 **Қалаудың ендік қатары:** Тасты қысқа жағымен қалаған кезде пайда болатын қалау қатары.

3.1118 **Топырақтың табиғи еңісінің бұрышы:** Топырақ шекті тепе-теңдік күйінде болатын горизонтал жазықтықтағы ойықтың немесе үйіндінің еңісімен құрылған бұрышы.

3.1119 **Соққылық-арқандық бұрғылау:** Вертикал ұңғыманы тау жыныстарын массасы 0,5-тен 3,0 т-ға дейінгі түсетін бұрғы снарядтарымен бұзу жолымен алу. Ұсақ тастарды барлау, сужинағы, жарғыш ұңғымаларды бұрғылау кезінде қолданылады.

3.1120 **Бұрғылаудың соққылық тәсілі:** Диаметрі 150-ден 300 мм-ге дейінгі 250 м-ге дейін тереңдікке ұңғыманы бұрғылай отырып, жынысты қазуды тұтас забоймен жүргізетін бұрғылау тәсілі.

3.1121 **Қаданы батырудың соққылық әдісі:** Соққы энергиясын (соққы жүктемесінің әсерін) пайдалануға негізделген тәсіл, оның әсерінен қада топыраққа кіреді.

3.1122 **Үлестік күрделі салымдар:** Іске қосылатын қуаттылықтар бірлігіне немесе объектінің өлшеміне, сондай-ақ өнімнің жылдық көлемі өсімінің бірлігіне сәйкес келетін күрделі салымдар көлемі.

3.1123 **Түйін:** Өртүрлі конструктивтік мақсаттағы бірнеше элементтерді, мысалығ ұстындар мен іргетасты, итарқа фермасы мен ұстынды жалғау.

3.1124 **Түйін құдықтары:** Желілер қосылатын орындарда салынатын құдықтар.

3.1125 **Кран көрсеткіші:** Кран машинисіне кранды дұрыс басқару үшін көзбен көрінетін немесе дыбыстық ақпарат беретін аспап.

3.1126 **Жұмыс параметрлерінің крандық көрсеткіші:** Кран амшинисіне жұмыс параметрлерінің шамасы туралы көрінімдік және (немесе) дыбыстық ақпаратты беретін аспап.

3.1127 **Таптау:** Топырақтар мен құрылыс материалдарын аунақтармен нығыздаудың технологиялық процесі.

3.1128 **Қоспаларды салу:** Құрылыс материалдарын бөлу және нығыздаудың (алдын ала немесе толық) технологиялық процесі.

3.1129 **Топырақты бекіту:** Ұзақ әрекетті қамтамасыз ете отырып, тұтқыр материал қоспаларын ендіру жолымен топырақтың құрылыстық қасиеттерін айтарлықтай арттырудың технологиялық процесі.

3.1130 **Топырақ бетін жылытқышпен жабу:** Топырақты тоңазудан оны жергілікті арзан материалдармен (сабан төсемдер, үгінділер және т.б.) жауып қорғау.

3.1131 **Әмбебап ілмектер:** Ұзындығы 10 м-ге дейін тұйықталған ілмек түріндегі, диаметрі 19,5 мм-ден 31,0 мм-ге дейін арқаннан жасалатын ілмектер. Арқанның ұшын силеткамен біріктіреді. Силетканың ұзындығы арқанның 40 диаметрінен кем болмауға тиіс. Әмбебап ілмектер ұстындарды, кранасты арқалықтарын және құбырларды ілмектеу үшін қолданылады.

3.1132 **Біріздендендіру:** Бірдей мақсаттағы бұйымдардың орынсыз әрқилылығын болдырмау және бұйымдардың өзара ауыстырмалығын қамтамасыз ету үшін ғимараттар мен имараттардың, сондай-ақ құралымдарды, бөлшектердің, жабдықтардың түрлі көлемдік-жайғастыру немесе құралымдық шешімдерін шектеулі типтік өлшемдерге келтіру.

## ҚР ЕЖ 1.01-102-2014

3.1133 **Бетонды нығыздау:** Бетон қоспасына ықтимал ең үлкен тығыздық беру. Бетонды нығыздау дірілмен, ортадан тебумен, вакуумдеумен және басқа тәсілдермен жүргізіледі.

3.1134 **Топырақтарды нығыздау:** Топырақтардың беріктігін арттырып, олардың сығылғыштығы мен сүзгіштік қабілетін азайту үшін топырақтардың қасиеттерін нығыздағыш машиналардың көмегімен олардың физикалық-химиялық күйін түбегейлі өзгертпей жасанды өзгерту.

3.1135 **Сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі уәкілетті орган:** Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметін мемлекеттік басқару саласындағы басшылықты жүзеге асыратын орталық мемлекеттік орган.

3.1136 **Басқару:** Белгілі бір ақпарат негізінде таңдап алынған және қолда бар бағдарламаға (алгоритмге) немесе жұмыс істеу мақсатына сәйкес объектіні қолдауға немесе оның жұмысын жақсартуға бағытталған іс-қимылдар жиынтығы.

3.1137 **Сапаны басқару:** Сапаны жүйелі бақылау және сапаға ықпал ететін жағдайлар мен факторларға нысаналы әсер ету жолымен жүзеге асырылатын өнімді әзірлеу, өндіру және пайдалану кезінде оның сапасының қажетті деңгейін белгілеу, қамтамасыз ету және қолдау процесі.

3.1138 **Басқару жүйесі:** Басқару объектісіне әсер ететін факторлар кешені.

3.1139 **Бекемдеу:** Материалды қақтау, қыздыру, тозу немесе химия-термикалық өңдеу жолымен оның беріктік сипаттамаларын (серпімділік, аққыштық, беріктік шектерін) жоғарылату.

3.1140 **Сапаның деңгейі:** Сапаны сипаттайтын көрсеткіштердің мәндерін тиісті базалық мәндермен салыстыруға негізделген өнім сапасының салыстырмалы сипаттамасы. Өнім сапасы көрсеткіштерінің нақты мәндерін базалық мәндермен салыстыру кезінде салыстырмалы шамалар қолданылады. Бұл ретте сапа деңгейі салыстырмалы мәндер жиынтығымен айқындалады.

3.1141 **Нығайту:** Құрылыс құралымдарының немесе тұтастай алғанда ғимараттың және имараттың нақты жағдайымен немесе жобалық көрсеткіштерімен салыстырғанда көтергіш қабілетін және пайдалану қасиеттерін жоғарылатуды қамтамасыз ететін ішаралар кешені.

3.1142 **Құрылыс конструкцияларын күшейту:** Конструкциялардың тұтастай немесе олардың жекелеген элементтерінің көтеруші қабілетін арттыруға бағытталған ішаралардың жиынтығы.

3.1143 **Патентке қабілеттілік шарттары:** Өнеркәсіптік меншік объектілеріне құқықтық қорғауды берудің Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген шарттары.

3.1144 **Еңбек жағдайлары:** Еңбек процесінде адамның денсаулығы мен еңбек ету қабілетіне әсер ететін өндірістік орта факторларының жиынтығы.

3.1145 **Шартты жұмыс беті:** Еденнен 0,8 м биіктікте орналасқан шартты түрде қабылданған горизонтал бет.

3.1146 **Қалыптасқан есептік жағдай:** Құрылыс объектісінің қызмет мерзімімен сәйкес келетін ұзақтыққа созылатын, құралымды есептеу кезінде қарастырылатын жағдай

(мысалы, екі күрделі жөндеу немесе технологиялық процестің өзгерістері арасында пайдадану).

3.1147 **Горизонтал ұңғымаларды топырақты жайғыш көмегімен салу:** Көлбеу немесе горионтал ұңғымаларды жынысқа бұрғыланатын және оны радиал бағытта нығыздап, алшақтататын жайғыш көмегімен жасау процесі.

3.1148 **Пневмотапталған қадаларды орнату:** Компрессордан берілетін ауаның жоғары қысымы (0,25 МПа-дан 0,30 МПа-ға дейін) кезінде кигізілетін құбырдың қуысына бетон қоспасын беруге негізделген пневмотапталған қадаларды орнату тәсілі. Бетон қоспасы пневмоайдау қондырғыларының принципі бойынша шлюз камерасы арқылы шағын порциялармен беріледі.

3.1149 **Тұтастырғыны салу:** Жаппаларды, едендерді және оқшаулау жабындарын салған кезде негіздік бетін тегістейтін материал қабатын жағу.

3.1150 **Құбыр бетонды қадалар орнату:** Төменгі бөлігіне бекітілген қатты металл табандығы болатын болат құбырды қолдануға негізделген қаданы жасау тәсілі. Құбыр бұрғыланған ұңғымаға салынады және бетон қоспасымен толтырылады.

3.1151 **Учаскелік қойма:** Жалпы құрылыс немесе мамандандырылған учаске қызмет көрсететін материалдар мен бұйымдар қоймасы.

3.1152 **Есепке алу:** Жоспардың немесе оны жүзеге асыру кезеңдерінің орындалу нәтижелері туралы сандық нысанда ақпарат алу және оны тіркеу.

3.1153 **Есепке алу құжаттамасы:** Құрылыстағы операциялар мен жұмысты түгелдей жазбаша түрде тіркеу үшін кәсіпорындар мен құрылыс жүргізуші-ұйымдарды, сондай-ақ мердігерлік құрылыс, жобалу және іздестіру ұйымдарын есепке алу құжаттарының жиынтығы

3.1154 **Қала құрылысы кадастрының есептеу бірліктері:** Тұтастай Қазақстан Республикасы, облыстар, аудандар, елді мекендер аумағының, ауқымды, жайпақ және желілік құрылыстардың барлық түрлерін қоса алғанда, жылжымайтын мүлік объектілерінің ұйымдастырылған және пайдаланылған элементтері.

3.1155 **Құрылыстың нақты құны:** Құрылыс жүргізушінің объектінің құрылысына жұмсаған нақты күрделі шығындары.

3.1156 **Қайырма:** Металл төбе жабындысының табақтарын қосатын жіктің түрі. Қосарланған тік қайырма барынша герметикалық және ылғал өткізбейтін болып табылады. Бұл жиектері қосарлана бүктелген, іргелес екі жабын беттері арасындағы төбе жабындысы жазықтығының үстінен шығып тұратын бойлық қосылыс.

3.1157 **Элементтерді бекіту:** Уақытша бекітіп, салыстырып тексеру шараларының жиынтығы, онда салыстырылып тексерілетін конструкцияны алдын ала берілген белгілі бір ереже бойынша бөлгіш осьтерге қатысты бағдарлайды.

3.1158 **Құрылысты қаржыландыру:** Құрылысты ақшалай қаражатпен қамтамасыз ету процесінде мемлекет, министрліктер, ведомстволар, кәсіпкерлік бірлестіктер, ұйымдар мен мекемелер арасында туындайтын экономикалық қатынастар жиынтығы.

3.1159 **Қаржы санкциялары:** Қаржы-шаруашылық қызметінде бұзушылыққа жол берген және осы арқылы залал келтірген ұйымдық-құқықтық нысанына, меншік нысанына



## ҚР ЕЖ 1.01-102-2014

қарамастан кәсіпорындарға (ұйымдарға), сондай-ақ жеке тұлғаларға қолданылатын мәжбүрлеп ықпал ету шаралары.

3.1160 **Фронт:** Бір уақытта бірнеше жұмыс процестері орындалатын орын, учаске.

3.1161 **Тиеу (түсіру) фронты:** Теміржолға немесе автомобиль жолына жанасатын және көлік құралдарына тиеу немесе олардан түсіру үшін пайдаланылатын жер учаскесі.

3.1162 **Жұмыстар фронты:** Салынып жатқан объектінің жұмысшылардың берлігі бір тобын оларға берілген еңбек құралдарымен (механизмдермен, саймандармен, материалдармен) бірге орналастыруға қажетті бөлігі.

3.1163 **Фронтал байланыс:** Бір жеке фронтта орындалатын әр түрлі екі сабақтас жұмыстың арасындағы байланыс.

3.1164 **Нығыздап жасалған қазаншұңқырлардағы іргетастар:** Кере отырып бетондау немесе бетондық элементтерді орнату арқылы нығыздап түсірумен түзілген қазаншұңқырларға орнатылатын іргетастар.

3.1165 **Басқару функциялары:** Басқару объектісіне нысаналы әсер ету үшін объективті қажетті басқару қызметінің белгілі бір түрі.

3.1166 **Функционалдық тозу:** Көлемдік-жайғастыру шешімдерінің, қолданылған құрылыс материалдарының, инженерлік жабдықтардың, құрылыс жұмыстары сапасының имараттың осындай типіне қойылатын қазіргі заманғы нарық стандарттарына сай келмеуінен ғимараттар мен имараттар құнының жоғалтуы төмендеуі.

3.1167 **Құрылыс өндірісін басқарудағы ұйымдастыру функциясы:** Құрылысты ұйымдастырудың қолданыстағы жүйесінің жоспарларда, басқарудың жаңа ұйымдық нысандарын қалыптастыруда және жетілдіруде көзделген жаңа міндеттерге сәйкестігіне қол жеткізуге бағытталған функция.

3.1168 **Реттеу функциясы:** Жұмыстардың қалыпты жүргізілу барысынан ауытқу себептерін жоюға бағытталған функция.

3.1169 **Есепке алу және бақылау функциясы:** Өндірістік-шаруашылық қызметтің нәтижелерінің бекітілген жоспарлы тапсырмаларға сәйкестігін бағалауға немесе осындай ауытқуды айқындауға мүмкіндік беретін функция.

3.1170 **Нысаналы басқару функциясы:** Тікелей басқарылатын органдардың іс-қимылын үйлестіруді, оларға қатысты басқарудың өзіндік ерекшелігі бар объект ретінде барлық сыртқы басқару функцияларын (жоспарлау, ұйымдастыру, реттеу, ынталандыру және бақылау) орындау, басқару шешімдерін қабылдау және олардың орындалуын тексеру, кадрларды тәрбиелеу және орналастыруды көздейтін функция.

3.1171 **Құрылыстың шаруашылық тәсілі:** Құрылыс өндірісін ұйымдастыру нысаны, бұл ретте құрылысты күрделі салымның ұстаушысы болып табылатын кәсіпорын (ұйым) өз мұқтаждары үшін жүргізеді.

3.1172 **Жылдың суық кезеңі:** Сыртқы ауаның орташа тәуліктік температурасы плюс 8°C төмен болатын жыл кезеңі.

3.1173 **Хронометраж:** Берілген операцияның тікелей орындалуына жұмсалатын уақыт шығынын оның циклды қайталанатын элементтерін (бөліктерін) бақылау және өлшеу жолымен зерделеу әдісі.

3.1174 **Цементтеу:** Топырақты қуыстарды, сызаттарды және жартасты жыныстардағы тесіктерді цемент езіндісімен қысыммен толтыру жолымен бекіту.

3.1175 **Центрифугирлеу:** Бетон қоспасын түтікше пішінді ұзын бұйымдарды дайындаған кезде қоспасы бар қалып жылдам айналғанда пайда болатын орталықтан тепкіш инерция күштерінің әсерінен нығыздау.

3.1176 **Қырнау:** Ағаш бетті (мысалы, паркет еденді) арнаулы аспаптардың немесе арнаулы механизмдердің көмегімен тегістеу.

3.1177 **Нөлдік цикл:** Ғимараттардың немесе имараттардың және инженерлік коммуникациялардың «нөл» ретінде қабылданатын жобалық шартты белгіден төмен орналасқан бөліктерін тұрғызу бойынша салу-монтаждау жұмыстарының кешені.

3.1178 **Циклограмма:** Құрылыс процестерінің уақыт пен кеңістікте даму кезеңділігін (циклдерін) көрсететін, кәсіпорын, ғимарат, имарат слаудың ұйымдық-технологиялық процесінің кестелік-талдамалық моделі.

3.1179 **Бульдозер жұмысының циклі:** Бульдозердің топырақты кесуге және жинауға, оны итеріп жылжытуға, кейін бульдозердің артқы жүріспен қайтып топырақты түсіруіне жұмсалатын уақыт.

3.1180 **Құрылыс циклі:** Нәтижесі ғимараттың (имараттың) дайын бөлігі болып табылатын құрылыс жұмыстарының өзара байланысты процестерінің жиынтығы.

3.1181 **Мырыштау:** Темір және болат бұйымдардың (жаппа темірі, суасты қадалары, сым бұйымдар және т.б.) бетін атмосфералық, суасты және жерасты коррозиясынан қорғау мақсатында мырыш қабатымен жабу.

3.1182 **Скрепер жұмысының айналмалы-көлбеу сұлбасы:** Экскаватор қай бағытта қозғалса да топырақ шұңқырдың осіне перпендикуляр алынатын сұлба.

3.1183 **Орындау сызбалары:** Жұмыстардың жүргізілуіне жауапты адамдар, орындалған жұмыстардың осы сызбаларға сәйкестігі, оның ішінде жұмыс сызбаларына енгізілген өзгерістер көрсетілген объектіні пайдалануға беру кезінде ұсынылатын жұмыс сызбалары.

3.1184 **Жұмыс сызбалар:** Құрылыс-жинақтау жұмыстарын орындауға немесе құрылыс құралымдары мен бұйымдарын жасауға арналған сызбалар.

3.1185 **Анықтық, шапшандық және ұйымшылдық:** Басқару функциясын жүзеге асыру принциптері, олар үйлестірілетін жүйедегі әрбір элементтің тікелей әрі кері байланыс сигналдарына анық, дәл, ұйымдасқан және жылдам жауап беруді көздейді.

3.1186 **Тас қалауды қатырудың таза тәсілі:** Қыс жағдайында тас қалау тәсілі, мұнда қалау төсеу кезіндегі температурасы плюс 20°C кем болмайтын жылытылған цемент ерітіндісімен жүргізіледі. Жобадағыдан бір немесе екі сынып жоғары маркадағы ерітінді пайдаланылады.

3.1187 **Қаданың қадамы:** Қатардағы көршілес қадалардың осьтері арасындағы арақашықтық. Қағылмалы және батырмалы аспалы қадалар үшін арақашықтық  $3d$  кем болмауға (мұнда  $d$  - қада оқпанының дөңгелек, немесе квадраттық не тірбұрышты көлденең қимасының диаметрі не қабырғасы немесе үлкен қабырғасы), ал тірекқадалар үшін кемінде  $1,5d$  болуға тиіс. Бұрғылы, құйма және бұрғы-бұралған қадалар және

## ҚР ЕЖ 1.01-102-2014

қабықшалы қадалар үшін, сондай-ақ баған-қадалар үшін қаданың қадамы қадалардың жарық түскендегі ең кіші арақашықтықпен 1 м тең етіп анықталады.

3.1188 **Келденең арматураның қадамы:** Құралымды арматуралаудың бір қатарындағы келденең арматураның осьтері арасындағы арақашықтығы.

